

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
Халықаралық Білім және
Ғылым Академиясы



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОРОД АСТАНА
Международная Академия
Образования и Науки

REPUBLIC OF QAZAQSTAN, ASTANA
International Academy of Education and Science

www.bilimacademy.kz

«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР»

IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

IV Международная научно-практическая конференция


«ИННОВАЦИИ В СФЕРАХ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ»

ЖИНАҚ СБОРНИК

2023 27 АҚПАН
ФЕВРАЛЬ
FEBRUARY
ASTANA

ӘОЖ (УДК) 001
ҚБЖ (ББК) 72

594



Редакциялық кеңес:

Батырбаева Надия Кадыровна (төраға)
Алибаев Е.А.

Конференция өткізуге жауаптылар:

Алибаев Ерлан Ақылжанович
Джуасбаев Болат Дуанбасвич

«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР» атты IV Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференцияның материалдары. «ИННОВАЦИИ В СФЕРАХ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ» Материалы IV международной научно-практической интернет конференции. АСТАНА : Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы, 2023.

Қазақ, орыс, ағылшын, тәжік тілдерінде.

ISBN 978-601-08-0577-4

Бұл ғылыми басылым 2023 жылдың ақпанында өткен «БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР» атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясының жинағы болып табылады.

Жинақ ұстаздар, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, ғылыми қызметкерлер, студенттер, магистранттар, PhD докторанттарының (аспиранттар) ғылыми тәжірибесі, зерттеулерінің нәтижесі болып табылады.

Жас ғалымдарға арналған.

ISBN 978-601-08-0577-4

ӘОЖ (УДК) 001
ҚБЖ (ББК) 72



«МЕДИЦИНАЛЫҚ ФИЗИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРГЕ ШОЛУ

**АБДРАСИЛОВА Венера Оналбаевна, БАЙДУЛЛАЕВА Гулжахан Елтаевна, АЛМАБАЕВА
Нургайша Махаметшариевна**

**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
Қазақстан, Алматы**

Cholpan_69@mail.ru, g.baydullaeva@mail.ru, anmnuri@mail.ru

Мақалада медициналық университетте оқытылатын «Медициналық физика және биофизика» пәнін оқытудың интерактивті әдістері мен білім беру технологияларын қолдануға шолу берілген. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру процесінде осы әдістерді қолданудың мүмкіндіктері мен практикалық маңызды мәселелері қаралды.

Түйін сөздер: оқу үдерісі, интербелсенді әдістер, инновациялық құралдар.

В статье представлены интерактивные методы и образовательные технологии преподавания предмета «Медицинская физика и биофизика», преподаваемого в медицинском университете. Рассмотрены возможности и практико-значимые вопросы применения данных методов в образовательном процессе системы высшего образования.

Ключевые слова: учебный процесс, интерактивные методы, инновационные средства.

Қазіргі білім берудегі негізгі тенденциялардың бірі оны ақпараттандыру және компьютерлендіру болып табылады, ол негізінен құрылымдау мен оңтайландыруға арналған білім беру үдерісіне ақпараттық құралдар мен әдістердің әртүрлі түрлерін енгізумен байланысты. Жалпы жоғары оқу орнының, атап айтқанда, медициналық университеттің қолданатын ақпараттық кеңістігі оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін оның барлық құрылымдарының тиімді өзара әрекеттесуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге арналған. Дегенмен, тек мультимедиялық оқу құралдарын енгізу арқылы тыңдаушылардың материалды меңгеруін, ынтасын арттыру, олардың өз бетінше әрекетін белсендіру және болашақ дәрігердің жан-жақты құзыреттерін дұрыс қалыптастыру мүмкін емес. Осыған байланысты студенттерге жеке және сараланған көзқарас негізінде оқытудың оңтайлы формаларын, әдістері мен тәсілдерін анықтау қажеттілігі туындайды. Оқытудың инновациялық әдістерінің бірі – интерактивті оқыту. Білім алушыға бағытталған, дамыта оқыту парадигмасы, оны ұйымдастырудың интерактивті әдістері мен формаларын белсенді түрде енгізу студенттің өнімді психикалық әрекеті мен оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың интерактивті әдістерін оқу үрдісінде қолданудың маңыздылығы – ең алдымен мамандарды даярлау сапасын арттыру. Бұл әдістемелердің мағынасы мынадай:

- оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін, оқу сабақтарына қызығушылығын арттыру;
- студент тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту;
- болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай жасау;
- кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға жағдай жасау және т.б.

Оқытудың интерактивті әдістері студенттерді белсенді оқу-танымдық іс-әрекетке тарту арқылы білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісінде студент атқаратын рөлдер мен оның қызметте алатын орны неғұрлым жан-жақты болса, болашақ маманның тұлғасы соғұрлым жан-жақты дамып, оның психикалық әрекеті жүйелі сипатқа ие болады, оқу-танымдық іс-әрекетке шығармашылық, қызығушылық танытатын көзқарас қалыптасады, ойлау мен іс-әрекет икемділігі дамиды.

Медициналық физиканы оқытудың кең тараған әдістеріне мыналар жатады:

1. Проблемалық дәріс. Оқытушы оқу материалын баяндау кезінде және басында проблемалық жағдаяттар туғызады және оларды талдауға студенттерді тартады. Проблемалық жағдаяттарға тән қарама-қайшылықтарды анықтау арқылы студенттер өз бетінше оқытушы жаңа білім ретінде есеп беруі керек деген қорытындыға келе алады. Проблемалық дәрістер болашақ мамандардың физиканың принциптері мен заңдылықтарын шығармашылықпен меңгеруін қамтамасыз етеді, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін, олардың өзіндік, аудиториялық және сабақтан тыс жұмыстарын белсендіреді, білімді меңгерту және оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады.

2. Жоспарланған қателіктермен дәріс. Дәріс тақырыбын жариялағаннан кейін оқытушы онда әр түрлі қателіктер жіберілетінін хабарлайды, дәріс соңында студенттер қателерді атауы керек. Дәрістің бұл түрі студенттердің кәсіби жағдайларды жедел талдау, сарапшылар, қарсыластар,



рецензенттер ретінде әрекет ету, дұрыс емес немесе нақты емес ақпаратты оқшаулау қабілеттерін дамытуға арналған. Жоспарланған қателіктері бар дәріс ынталандырушы сипатпен қатар студенттердің білімін бағалауға да мүмкіндік береді. Оқытушы студенттердің пән бойынша дайындық деңгейін бағалай алады, ал ол өз кезегінде материалды түсіну дәрежесін тексере алады. Қателер жүйесінің көмегімен оқытушы кемшіліктерді анықтай алады, оларды талдай отырып, студенттермен талқылау барысында оқу материалының құрылымы және оны игеру қиындықтары туралы түсінік алады. Биофизика курсы бойынша «Электрлік конденсатор моделі негізінде биологиялық мембрананың функциялары мен құрылымын зерттеудің биофизикалық әдістері» және «Тасымал құбылысы. Биологиялық мембрана арқылы зат тасымалы. Белсенді емес және белсенді тасымал» тақырыптарындағы дәрістер осы әдіс бойынша оқылады. Аталған тақырыптарда тірі ағзаның өмір сүруі биологиялық мембрананың құрылымындағы құраушы элементтердің атқаратын қызметіне және мембрана арқылы болатын зат тасымалына тікелей тәуелді болғандықтан, қарастырылатын мәселелер өте ауқымды. Мысалы, мембрананың липидтік қабатының фазалық күйінің өзгеруі мембрана арқылы дәрілік заттардың өтімділігіне әсерін тигізеді, сондықтан кішкене қателік мембрананың қызметін бұзады. Сондықтан студенттер мембрана арқылы болатын зат тасымалының түрлерін, ол тасымалды жүзеге асыратын құбылыстар мен физикалық күштерді, заңдылықтарды дұрыс түсіне білу қажет.

3. Дәріс-диалог студенттерді оқу үдерісіне белсенді тартудың ең кең таралған түрі. Бұл дәріс оқытушының аудиториямен тікелей байланысын қамтамасыз етеді. Дәріс-диалогтың артықшылығы- бұл студенттердің назарын тақырыптың маңызды мәселелеріне аударуға, студенттерге мамандық игеруге қажетті оқу материалын ұсынудың мазмұны мен қарқынын анықтауға мүмкіндік береді. Студенттердің материалды қабылдауға дайындық дәрежесін анықтау үшін тыңдаушылардың дәріс-әңгімеге қатысуын әртүрлі әдістермен қамтамасыз етуге болады, сұрақтар ақпараттық және проблемалық сипатта болуы мүмкін.

4. PBL (Problem Based Learning) және TBL (Team Based Learning) әдістері.

PBL әдісі студенттерді өз бетінше жұмыс істеуге ынталандырады. Мәселені шешу үшін студенттерге практикалық сабақтарға әдеттегі дайындыққа қарағанда әлдеқайда көп материал іздеп, жинақтау қажет.

Оқыту үдерісіне интерактивті формалар мен оқыту әдістері енгізілгенде оқуға деген ынта артып, оқушыға бағдарланған оқыту моделі жүзеге асады. Интерактивті оқыту коммуникативті дағдыларды дамытады, болашақ дәрігердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын ұжымдық жұмысты белсендіреді. Оқытудың интерактивті әдістерін, интерактивті форматты қолдану студенттердің белгіленген пәндер бойынша оқыту кезеңіне ұзартылған бірқатар ғылыми жобаларда студенттердің байланыс және өз бетінше оқу әрекеттерін біріктіруге мүмкіндік береді. Пән бойынша практикалық маңызы бар «Көру биофизикасы. Биологиялық объектілердің микроскопиясы және поляризациясының арнайы әдістері» және «Рефрактометриялық әдістер. Талшықты оптика және оның медициналық құрылғыларда қолданылуы. Интроскопия» тақырыптары жағдаяттық мәселерді тұғызу және оларды шешу әдісі бойынша өткізіледі.

5. Кейс әдісі – бұл студенттер мен оқытушылар мәселелер мен тапсырмаларды тікелей талқылауға қатысатын оқыту әдісі. «Биофизика» пәні үшін кейс әдісінің технологиясын студенттерге теориялық ұғымдарды қолданбалы қолдану мысалдары бойынша оқыту деп қарастыруға болады. Белгілі бір жағдайға тап бола отырып, студент ондағы мәселенің қиындық деңгейін, оның пайда болу себептерін және салдарын, берілген жағдайға деген көзқарасын анықтауы керек. Кейс технологияларына мыналар жатады: жағдаяттық талдау әдісі; жағдаяттық тапсырмалар мен жаттығулар; нақты жағдайларды талдау (case-study); оқиға әдісі; іскерлік іс-қағаздарды талдау әдісі; ситуациялық рөлдік ойындар әдісі.

6. Кіші топтарда жұмыс пен өзін-өзі және өзара бағалау әдісі. Кіші топтардағы зерттеу жұмысымен айналысу студенттерге топтық жұмыстың нәтижесі үшін жеке жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау - бұл бірлескен жұмыс, ұжымдық шығармашылық, командада жұмыс істей білу, мәселелерді бірлесіп шешу және ортақ шешімге келу мүмкіндігі және бағалау, ол эмоциялық күйде емес, анық критерийлерге негізделуі қажет. Осындай бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде студенттер бір-бірін тыңдау, сұрақтар қою, өз пікірін білдіру және өз болжамын дәлелдеу, келісу және бірлескен шешімге келу, басқа көзқарастардың бар екендігін және оны ескеру керек екендігіне үйренеді.



Практика жүзінде бұл әдіс «Жалпы медицина» мамандығының 1-курс студенттеріне «Медициналық физика» пәні бойынша «Электрокардиографияның физикалық негіздері. Электрлік диполь. Электрокардиограмманы тіркеу. Тау–моделі. Жас ерекшеліктері» тақырыбында қолданылады. Аталған әдісте студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығы сабаққа дайындалу кезеңінен басталады. Қарсылас топқа тапсырма құрастыру үшін студенттер бұл тақырыпты кеңінен зерттей бастайды және өзінің шығармашылығын көрсету үшін көптеген интерактивті ойын элементтерін пайдаланады. Топ ішіндегі жұмысқа өзінің қосқан үлесін, қарсылас топтың берген жауаптарын және олардың дайындап келген тапсырмаларын бағалау студенттердің жауапкершілігі мен адалдық қасиеттерін шыңдайды және арттырады.

Оқыту үдерісіне интерактивті әдістерді енгізу қазіргі ЖОО-да студенттерді даярлауды жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Жаңа заман оқытушысына өз білімінде құзыретті болу жеткіліксіз, сонымен қатар білім беру үдерісінде әдістемелік инновацияларды қолдану қажет. Интерактивті оқытуды қолдануда білім беру процесінің барлық қатысушылары бір-бірімен өзара әрекеттесу, ақпарат алмасу, мәселелерді бірлесіп шешу, жағдайларды модельдеу арқылы білім берудің тиімділігін арттыру және білім алушылардың жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуі болып табылады.

Қолданылған дереккөздер:

1. http://www.rusnauka.com/16_NPRT_2013/Pedagogica/5_138923.doc.htm Интерактивные методы обучения и их классификация [Электрондық дереккөз].
2. <https://www.baylor.edu/atl/index.php?id=965136>
3. file:///C:/Users/77014/Downloads/Measuring_actual_learning_versus_feeling_of_learn.pdf

ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА КАЗАХСТАНА В АМЕРИКАНСКОЙ ПРЕССЕ

АЖАГУЛОВА Самал Сериковна

Научный руководитель – PhD Аймагамбетова М.М.

КазНУ имени аль-Фараби

Казахстан, Алматы

samal1107@mail.ru

Аннотация

Мақалада танымал американдық басылымдардағы Қазақстанның лингвистикалық көрінісі қарастырылған. Тіл – адамның дүние туралы білімін қалыптастыратын және сақтайтын ең маңызды құрал. Ал бұқаралық ақпарат құралдары бізге динамикадағы бар және болып жатқан жайттар туралы ақпаратты тілдік құралдар арқылы жеткізіп қана қоймайды, сонымен бірге біздің бір нәрсеге деген көзқарасымыз бен түсінігімізді жанама түрде қалыптастырады.

Ағылшын тіліндегі «Қазақстан» ұғымының актуализаторларының лексика-семантикалық шекарасын анықтау үшін мәдениетаралық коммуникацияның белгілі бір теориясын жасауда «Қазақстанды» «бөтен» көзқараспен концептуалды түсіну тікелей маңызға ие болғанымен осы уақытқа дейін Қазақстанның шетелдік БАҚ-тағы тілдік көрінісі зерттеу нысанына айналған жоқ.

Мақалада сәйкестендіру, сипаттау және концептуалдық талдау әдістері қолданылады.

Annotation

The article deals with the linguistic representation of Kazakhstan in popular American publications. Language is the most important means by which human knowledge about the world is formed and maintained. And the mass media not only convey to us information about the existing and happening in dynamics through linguistic means, but also implicitly forms our attitude and understanding to something.

Until now, the linguistic representation of Kazakhstan in foreign media has not become the object of research. Although the conceptual understanding of "Kazakhstan" through the eyes of "foreign" is of direct importance in the development of a particular theory of intercultural communication to identify lexical-semantic boundaries of the actualizers of the concept of "Kazakhstan" in the English language.

The article uses methods of identification, descriptive and conceptual analysis.

Аннотация

В статье рассматривается языковая репрезентация Казахстана в популярных американских изданиях. Язык является наиболее важным средством, с помощью которого формируются и



поддерживаются знания человека о мире. И средства массовой информации не только передают нам информацию о существующем и происходящем в динамике через языковые средства, но и имплицитно формирует наше отношение и понимание к чему-либо.

До нынешнего времени языковая репрезентация Казахстана в зарубежных СМИ не становилось объектом исследования. Хотя концептуальное понимание «Казахстана» глазами «чужого» имеет непосредственную значимость в развитии частной теории межкультурной коммуникации для выявления лексико-семантических границ актуализаторов концепта «Казахстан» в английском языке.

В статье используются методы идентификации, дескриптивного и концептуального анализа.

Человек закрепляет результаты познания в слове, отражая в процессе деятельности объективный мир. Языковая картина мира — это совокупность картин, понятий, эталонов, стереотипов и символов, выражающих групповое представление людей о мире. Эти знания оцениваются в соответствии с общественными предпочтениями и стандартами и документируются значениями языковых единиц [1, 214-237].

И язык является главным орудием, средством передачи информации в масс медиа. Через средства массовой информации мы узнаем и познаем разные страны и культуры, про события что там происходит. Таким образом, несознательно у нас формируется впечатление или «свое» понимание той или иной культуры. Скопление информации об истории, ценностях, культурно-социальной, политико-экономической жизни определенного народа, страны путем вербальных языковых знаков и единиц побуждают в нас определенные ассоциации и понимание, которое ведет к массовой концептуализации. Роль средств массовой информации в формировании общественного восприятия и мнений по важным политическим и социальным вопросам долгое время была предметом многочисленных спекуляций и дискуссий (Maeroff, 1998; Spitzer, 1993; Wilson & Wilson, 2001; Wimmer and Dominick, 1991). Общеизвестно, что то, о чем мы знаем, о чем думаем и о чем верим происходящее в мире вне личного опыта, формируется, а некоторые сказали бы, организовано тем, как эти события освещаются в газетах и передаются по радио и телевидению. СМИ могут и часто решают, что сообщать, и эти истории, полностью или частично, ассимилируются и встраиваются в эмоциональную ткань и когнитивные структуры отдельных читателей и зрителей. То, как средства массовой информации решат освещать и комментировать эти события и проблемы, также будет иметь значение, воздействие тоже и неизбежно повлияет на мышление многих.

Например, можно выстроить «языковую картину» Казахстана в следующих американских изданиях:

В одном популярном и весомом издании мира про Казахстан пишут следующим образом:

«If size matters, Kazakhstan is the ninth largest country in the world, covering an area equivalent to Western Europe, and the largest landlocked country. Kazakhstan is one of the most ethnically and religiously diverse nations, owing to not only its history and nomadic culture, but also its geography, situated in between the major world religions. Formerly known as Astana and renamed Nur-Sultan in 2019 after the only President the country has known since independence in 1991, the Kazakh capital is best described as futuristic and ambitious. Almaty, the former capital, is revered as the country's most beautiful city. A cultural melting pot of 131 ethnicities, home to stunning nature, including the famed Altai mountains and Kazakh steppe, as well as the Golden Man, the country's Tutankhamun, Kazakhstan offers the ultimate adventure» [2].

Перевод: «Если размер имеет значение, Казахстан является девятой по величине страной в мире, занимающей территорию, эквивалентную Западной Европе, и крупнейшей страной, не имеющей выхода к морю. Казахстан является одним из самых этнически и религиозно разнообразных народов, благодаря не только своей истории и кочевой культуре, но и географии, находящейся между основными мировыми религиями. Столица Казахстана, ранее известная как Астана и переименованная в Нур-Султан в 2019 году в честь единственного президента, которого страна знала с момента обретения независимости в 1991 году, лучше всего описывается как футуристическая и амбициозная. Алматы, бывшая столица, почитается как самый красивый город страны. Культурный плавильный котел 131 этнической группы, родина потрясающей природы, в том числе знаменитых гор Алтая и казахских степей, а также Золотого человека, Тутанхамона страны, Казахстан предлагает непревзойденное приключение».

С данной статьи можно выделить следующие лингвистические элементы, которые составляют внешние и внутренние признаки Казахстана. **Внешние признаки:** территория (*Казахстан является девятой по величине страной в мире, занимающей территорию, эквивалентную Западной Европе, и*



крупнейшей страной, не имеющей выхода к морю); локация, география (нахождение между основными мировыми религиями); природа (родина потрясающей природы, в том числе знаменитых гор Алтая и казахских степей). **Внутренние признаки:** этнический состав (одним из самых этнически и религиозно разнообразных народов, культурный плавильный котел 131 этнической группы); культура (кочевая, родина Золотого человека); качества (футуристическая и амбициозная).

Здесь особое внимание обращает метафора, или же метафоризация «Казахстан - культурный плавильный котел», которое обозначает что в Казахстане живут в дружбе и согласии много национальностей. *A melting pot is a metaphor for a society where many different types of people blend together as one. Americans often call it a melting pot* (Плавильный котел — это метафора общества, в котором множество разных людей сливаются воедино. Америку часто называют плавильным котлом).

Некоторые страны состоят из людей, которые почти все одинаковы с точки зрения расы, религии и культуры. Кроме того, есть такие места, как Соединенные Штаты, где есть много разных людей. Такое место является плавильным котлом, потому что людям, несмотря на их различия, удается сосуществовать и жить вместе как одна нация. Везде, где ассимилируются разные люди, можно назвать плавильным котлом. В плавильном котле различия становятся менее важными, чем единство.

В целом, метафора – это осмысление и представление одних смыслов на основе других...Метафорический способ постижения мира универсален и обязателен, поэтому метафору можно рассматривать как один из фундаментальных познавательных механизмов человеческого сознания.

Согласно Либерману и Фостеру (1968), «сила образного языка заключается в вызывающей воспоминания, а не в денотативной силе, и в способности суггестивно обращаться с чувствами и качествами в контекстах, когда научная буквальность была бы неполной, неточной или вводящей в заблуждение» [3, 4]. Более того, многие авторы средств массовой информации считают, что образный язык, который является главным средством воздействия на публику, - это метафора. Ульманн (1973) цитирует мнения различных известных писателей следующим образом. Для Аристотеля «величайшее достижение — это владеть метафорой. Это само по себе не может быть передано другим; это признак гения» [4, 175]. Малларме упоминает об «абсолютной силе метафоры», а Пруст утверждает, что «одна только метафора может дать своего рода вечность стилю». В отличие от метафоры, сравнение представляет собой явный образ, который достигается по аналогии «А» подобен «В», тогда как метафора — это имплицитный образ, который достигается путем отождествления «А» с «В».

Также внимание привлекают определения как *футуристическая и амбициозная*. Они несут собой позитивный оттенок.

«Kazakhstan, the world's largest landlocked country, is located mostly in Central Asia, with a small section in easternmost Europe. The country has the largest economy in the region, fueled mostly by its vast natural resources» [2].

Перевод: *Казахстан, крупнейшая в мире страна, не имеющая выхода к морю, расположена в основном в Центральной Азии с небольшим участком в самой восточной части Европы. Страна имеет крупнейшую экономику в регионе, которая питается в основном за счет ее обширных природных ресурсов.*

Здесь также говорится что страна является крупнейшей в мире, не имеющая выхода к морю. До этого в статьях страну определяют, как *страна гигант Центральной Азии*, и здесь страна *с крупнейшей экономикой*, которая развивается благодаря *обширным природным ресурсам*. То и есть по внешним признакам, по географии, природным ресурсам и по экономике страну описывают как *большая, крупная*.

Таким образом, в целостной языковой репрезентации Казахстана по данной статье преобладает позитивный оттенок, который отражается с помощью прилагательных как *футуристическая, амбициозная, большая, крупная* и словосочетания как *крупнейшая экономика, обширные природные ресурсы, родина потрясающей природы, знаменитые горы, казахские степи*. Для описания этнического состава используется метафора *культурный плавильный котел*.

Литература

1. Maslova V. A. Cultural Linguistics. — М., 2001. — 208 p.
2. Overview of Kazakhstan. US NEWS <https://www.usnews.com/news/best-countries/kazakhstan>



3. Liberman, M. M. & Foster, E. E. (1968). A Modern Lexicon of Literary Terms. Scott Foreman.
4. Ullmann, S. (1973). Meaning and style: Collected papers. Blackwell.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ МЕН АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

АЙКУПЕШЕВА Дина Маликаждаровна

Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина
Казахстан, Астана

Аңдатпа

Мақалада өңірлердегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мен жаңадан технологияның дамуын, өңірлердегі индустриялық және әлеуметтік жаңғырудың басты құралын ашып көрсетілген.

Кілт сөздер

Жоғары технология, инновация, индустрия, өңір, кәсіпкерлік, жастар, модернизация

Resume

In the article questions are examined analysis of development of small and midsize businesses in the last few years, and development of NT in modernisation large value in regions

Key words

Technology, is a region, industry, mechanism, small and midsize businesses, modernisation

Резюме

В статье рассматриваются вопросы анализ развития малого и среднего бизнеса за последние несколько лет, и развития новых технологий в модернизации большое значение в регионах.

Ключевые слова

Технология, регион, индустрия, механизм, малый и средний бизнес, модернизация

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050» бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Жолдауда шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы :

- Жекеменшік институтын заңдық тұрғыдан нығайту жөнінен кешенді шешімдер
- Бизнестің дамуына кедергі келтіретін инетті құқықтық нормаларды жою
- Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын тетігін енгізу
- Оны орташа дәрежеге көшіру перспективасымен, шағын бизнесті мамандандыруды дамыту жөнінен шаралар қабылдау.

- Жаңа бастаған кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетудің тиімді тетіктерін құру.

Шағын және орта бизнестің соңғы бірнеше жылдағы даму жағдайын талдау барысында оның өркендеуіне жаңа технологияларды жаңғыртудың мәні зор[1].

Қазіргі таңда Елбасы Жолдауында жергілікті жерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, аудан аумағында кәсіпкерлікті дамытып, жұмыссыздықты жою. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасына сәйкес Үкімет тарапынан 350 млн. теңге қаржы қаралса, 2014 жоба бойынша 524 млн. теңге қаржы бөлінген. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда үлкен жоспарлардың мәні зор. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында 27 адам ауыл шаруашылығын қаржылау қолдау қорынан 28220 теңге, бір адам «Рита ШНУ-нан 3 млн. теңге қаржы алып, өз кәсіптерін ашқан. Сондай-ақ, аймақ басшысының бастамасымен «Лукойл Оверсиз ЛГД» компаниясы қолданған, аудандық бюджеттен 4200,0 млн. теңге қаржы қаралды.

Қызылорда облысының шағын және орта бизнес дамуында статистикалық деректері бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін облысымызда шағын бизнестің бес мың кәсіпорын тіркелген. Шағын және орта кәсіпті қолдауы аясында кәсіпкерлік 9,3 пайыз жоғарылаған. Тіркелгендердің 62,9 пайызы (3196 бірлік) жұмыс істеп тұрған кәсіпорын болып табылса, 2106 кәсіпорын (жұмыс істеп тұрғандарының 65,9 пайызы) белсенді болып табылады. Аймақтар бойынша кәсориңдарының көптігі жағынан Қызылорда қаласы (79,5 пайыз), Шиелі (5,8 пайыз), Қазалы (3,4 пайыз) ауданына тән. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім өндіруі 249,3 млрд. теңгені құрап 0,9 пайызға өскен. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 25,8 мың бірлікті құрап (оның



ішінде, заңды тұлғалар 2,3 мың, жеке кәсіпкерлер 22,1 мың, шаруа қожалықтары 1,4 мың). 2012 жылдың кезеңінде 12,7 пайызға өсті, ал жұмыспен қамтылғандар саны 74,4 мың адамға жетіп, 2012 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 106 пайызды құрады.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында айқындалған міндеттерге сәйкес индустриялық-инновациялық даму ұлттық экономикалық дамудың маңызды басымдығы болып табылады.

Қазақстанның Индустрияландыру картасы аясында облыста жалпы 151,7 млрд.теңгені құрайтын 24 жоба іске асырылуда, оның ішінде, өңірлік карта аясында құны 132,9 млрд.теңгені құрайтын 23 жоба, республикалық картада құны 18,8 млрд.теңгені құрайтын 1 жоба.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2015 жылы келесі жобаларға қаржы бөлініп, толық игерілді:

-«Томат өнімдерін өндіру» жобасына қосымша электр жүйесі мен электрподстанциясын орнату;

-«Құрама жем шығару зауыты» жобасына электр, су, газ, кәріз жүйесін жеткізу.

Бұл өндірістерді 2018 жылы іске қосу жоспарлануда. Алдағы 2014-2018 жылдары Индустрияландыру картасының құны 74 млрд.теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба іске қосылады. Өндірісті жаңғырту есебінен 2 кәсіпорынның қуаттылығын ұлғайту жоспарлануда:

- «Арал тұз» АҚ техникалық және ас тұзы өндірісі;

- «Хуа Ю интернационал в Кызылорде» ЖШС мұнай-газ саласында пайданылатын химиялық реагенттер өндірісі.

Міне, осылайша аталмыш компания аймақта үдемелі индустриялық – инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асуына өзіндік үлес қосып келеді.

Өз кезегінде бұл жаңа жұмыс орындарының ашылуына әсер етеді.

2016 жылы Қызылорда қаласында және аудандарда жалпы құны 1,1 млрд.теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба іске асырылады және 218 жаңа жұмыс орны ашылды. Инвестицияның көлемі бір жыл ішінде 44,9 пайызға көбейіп, 237,8 млрд.теңгені құрады. Пайдалану бағыттары бойынша едәуір үлесі көлік және қоймалауға (45,8 пайыз) құйылған. Инвестиция Қызылорда қаласына (48,4 пайыз) және Арал ауданында (13,7 пайыз) көп тартылған. Елдегі инфрақұрылымның дамуымен және ресурстық әлеуетімен байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді[2].

Еліміздің ұзақмерзімді даму бағдарламасы көзделген негізгі мақсат халықтың бақуатты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етумен ұштасып жатыр. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы әрбір отбасының қамсыз тірлігіне, әл-ауқатының артуына мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында облыста 2014 жылдың 1 наурызына 1110 жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл бағдарламаның өңірде жүзеге асуына 6626,8 млн.теңге қаралып отыр. Жыл басынан бері қатысушы ретінде 1157 адам хабарласып, соның ішінен 1043-мен әлеуметтік келісім – шарт жасалды.

Бағдарламаның бағыттары бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға инженерлік инфрақұрылымды жөндеу және елді мекендерді абаттандыру, ауылдық дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы жоспарлануда. Бұл ауыл – аймақтағы жұмыссыз азаматтардың осы нысандарына еңбек етуіне мүмкіндік береді.

Бағдарламаның екінші бағыты ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тірек ауылдарды дамытуға 2389,8 млн. теңге қаралған. Елді мекендердегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан оңтайлы жағдай туып отыр. Кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 40,2 млн. теңге (850 адам) қаралып отыр.

Осы жылы несиелендіруге 2349,5 млн.теңге қаралды. Облыста шағын несие беретін уәкілетті орган ретінде «Байқоңыр» ӘКК ҰК және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыс бойынша филиалы нақтыланды.

Бағдарламаның үшінші бағыты, жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бағытына, 2288,4 млн, теңге қаралған.

Елбасының бастамасымен жасалған 2017- 2018 жылдары «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы, сонымен бірге, үдемелі индустриялық – инновациялық даму бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы 2015 жылы өңірімізде жұмыссыздық деңгейін 0,1 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді. Соның ішінде жастармен жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында 2015 жылы алғаш рет «2020-2021 жылдарға арналған Қызылорда облысында жастар саясатын дамытудың Жол картасы» әзірленді.

«Жастарды қолдау орталығы» мемлекеттік кәсіпорны құрылды.



Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту курстары мен семинар – тренингтер өткізілді. «Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту және ақпараттық қолдау көрсету» жобасы шеңберінде 32 жас азамат өз кәсіптерін ашты. 2020 жылы 105 әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Олар белсенді және шығармашыл және мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жасауға, еріктілер қозғалысын дамытуға және жас дарындардың ғылыми әлеуетін көтеруге бағытталған.

Карта жобаларының табысты іске асыру мақсатында мемлекет тарапынан әр түрлі мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Мемлекеттік қолдау шараларымен Картаның барлық жобалары қамтылған, оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Өнімділік -2020» бағдарламалары шеңберінде қолдау, инвестиция туралы Заң шеңберінде преференциялар берілген, инновациялық технологиялар алуға гранттар берілген, визалық қолдау, жер учаскесін беру, рұқсат рәсімінің жеделдету және басқалар[3].

Елбасы Қазақстанның кемелді келешегін құру жолында «Қазақстан – 2050» Стратегиясын асқан жігерлікпен, зор еңбекпен жүзеге асатын жүйелі жоба болғандықтан, оған қолдау аса қажет. Біз өз елімізді табысты, өркениетті елдердің қатарынан көргіміз келсе, соған сәйкес өнімді еңбек талап етілетінін ұмытпауға тиіспіз.

Әдебиет:

1. Қызылорда облысының әлеуметтік - экономикалық жағдайы. //Ақмешіт апталығы. №6, 9 ақпан, 2015 ж.
2. Индустрияландыру картасының жобаларын іске асыру бойынша ақпарат - www.mint.gov.kz

ЕЛІМІЗДІҢ ЖИҢАЗ ӨНЕРІН ДАМУҒА ҮШІН «ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ПӘНІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫНА ЖИҢАЗ СЫЗБАЛАРЫН ЕНГІЗУ

БАЙТЕРЕКОВА Шолпан Искаковна

Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейі

Кентау қаласы, Қазақстан

Sholpan.baiterekova@mail.ru

Қазіргі таңда еліміздің даму қарқыны белсенді түрде келе жатқанда білім берудің жаңа әдістерін меңгеріп, білім сапасын дамыту мақсатында әр бір мұғалім міндеті болу керек. Жаңа заманға сай жаңа технологияларды меңгере отырып білім беру барысында нәтиже көрсете алуымыз керек.

«Графика және жобалау» пәні - күрделі әрі қызықты пәндердің бірі. «Графика және жобалау» пәніндегі ережелерді, сызбадағы мемлекеттік стандартты орындай отырып елімізге пайдасы бар графикалық сызбаларды оқушыларға орындатуымыз қажет. Сабақ барысында жаңа сабақты меңгертіп, графикалық және практикалық жұмыстарды оқушылар орындағанда олардың жұмысын тексеріп, бағыт-бағдар берумен қатар сызбаларды орындауларын, сабаққа қатысуларын зерттеп отырамын. Балалардың қабілеттерін тез дамыту үшін олардың айналасындағы қол жетімді заттарға сызбаларды көбірек енгізсек тақырып пен графикалық сызбаларды тез түсінеді. Сызу пәніндегі тақырыптарға байланысты балалардың күнделікті көріп жүрген тұрмыстық заттар мен оқу құралдарының заттарына қарап сызбаларды орындадым. Және осы сызбаларды карточка арқылы таратып сызғызғанда балалардың тақырыпты тез түсініп, графикалық сызбаларды қызыға орындағанына көзім жетті. Осы сызбаларды орындап болған соң күрделі сызбаларды орындауға қабілеттері тез жетеді екен. Әр тақырыпты жақсы меңгерген оқушы шығармашылық жұмыспен айналысып ойлау қабілеттері мен білімдері одан әрі дамиды. Өз дарындылығын көрсете алады. Осы зерттеу барысында жақсы нәтижеге жеттім және бұл сызбалар жаңа заманға сай қажетті сызбалар екеніне толық сенемін.

Бұрын ата-бабаларымыз өте өнерлі, дарынды болған. Қазақтың ағаш өңдеу өнерінде ағаш ұсталары керемет бұйымдар жасаған. Ұлттық ою-өрнегін бедерлеп асадал, ағаш төсек, кебеже-сандық, бесігін жасап қажетінше жиһаздарды пайдаланған. Жиһаз адам өміріндегі қажеттіліктің бірі болғандықтан қазіргі кезге дейін және үнемі қолданыста болады.



Жиһаздар біздің өмірімізде барлық жерде кездеседі, мысалы: мектепте, балабақшада, үйде, сауда орталықтарында және басқа да жұмыс пен демалыс орындарда. Жиһаз - кез келген интерьердің сәнін кіргізіп, көркін кіргізетін дүние.

Бүгінгі күні елімізде жиһаз жасау өнері өкінішке орай төменгі деңгейде. Халық көздің жауын алар жиһаздарды шет елдерден әкелуде. Сондықтан да жиһаз жасау өнерін тездетіп қолға алғанымыз дұрыс болар. Өйткені ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсіптері – еліміздің экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі. Елімізде мұндай кәсіпке оқытатын және дамытатын жоғарғы оқу орындары жоқ. Егер де арнайы мамандар оқытылатын жоғарғы оқу орындары болса, сол оқу орындарына түсуге қызығатын дарынды оқушылар болар еді. Ал біз мұғалімдер мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға бағыт-бағдар беріп оқытып, білімдерін дамытып еліміздің жаңа дамуына жол ашуына ықпал жасар едік.


Қазіргі таңда жиһаз жасау өндірісі жоғарғы деңгейде болмаса да тәй-тәй басып келе жатқан жеке кәсіп орындар бар.

Ағаш өңдеу және жиһаз өндірісіне Үкіметіміз маңыз бере бастады. Үкіметтің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №301 қаулысына сәйкес бұл сала «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша экономиканың басымдық берілетін секторлар тізбесіне енді[1].


Мемлекеттің өзі жиһазшыларға мойын бұрып, қолдау көрсетіп отырған жағдайда жиһаз өндірісі өрге тартып, жаңа жұмыс орындары ашылды. Бұған қоса сыртқа кетіп жатқан қаржы-қаражат мемлекет ішінде қалады. Облыс аумағында жаңа үйлер сап түзеп, білім ордалары, ауруханалары салына бастады. Міне, осы нысандардың барлығына да жаңа жиһаз қажеттігі сөзсіз. Жалпы, адам баласы тіршілік еткен жерде, жиһазға сұраныстың үнемі үзілмейтіні кәміл. Бірақ осы сұранысты қамтимыз деп өнім көлемін көбейту басты мәселе болмауы тиіс. Бүгінгі тұтынушы өнім бағасымен қатар оның сапасын да ескереді[1].

Жиһаз жасау саласындағы кәсіпкерлердің өндірісін өркендетуге бұл қаулы жақсы әсер етіп отыр. Осының нәтижесінде елімізде жиһаз өндіру көлемі біртіндеп артуда. Өндіріс құрал-жабдықтармен және қажетті станоктармен қамтылса да жиһаз жасау өнеркәсібінің жоғарғы деңгейге жетуі шеберлердің, мамандардың кәсібилігіне байланысты. Ол үшін білімді кәсіби мамандар – жиһаз дизайнерлері мен жиһаз құрастырушылар қажет.

Жиһаз сызбаларын орындау өте қызықты. Сабақ барысында оқушыларға адам өміріндегі сызбаның маңыздылығы зор екенін түсіндіре отырып карточка бойынша орындық, үстел, диван, кереуеттер, шкаф сызбаларын орындайды. Бұл сызбаларды орындауда оқушылардың білімдері мен ойлау қабілеттері дамумен қатар композициялық-шығармашылық қабілеттері артып және дизайнерлік қабілеттері мен орындау шеберлігі артады. Сызбаларды орындау арқылы оқушы ұқыптылыққа, тазалыққа, шыдамдылыққа тәрбиеленеді және эстетикалық тәрбие алады.



Үстел сызбасын аксонометриялық проекцияда орындау, М1:10.



Диван сызбаларын техникалық суретте орындау.

Келер уақытта жиһаз өнімдері және қажетті материалдар көбейіп ағаш өңдеу және жиһаз жасау өнеркәсіп салалары дамыса нұр үстіне нұр болар еді.

Бүгінде үй жиһаздарының түр-түрін төрт бұрышты қорап үлгілері сияқты жасап қана қоймай, өз қиялымен әр жиһазға жаңа сән мен мән беруді, ұлттық нақышта орындалғаны дұрыс болар. Жиһаз жасаумен айналысатын сапалы жиһаз жасау өнеркәсіптері көп болса бәсекелестік даму арқасында еліміздің сапалы жиһаз жасау өндірісі жоғары дәрежеге жетер еді. Шет ел жиһаздарынан бағасы төмен болса, ұлттық нақышта көз тартарлық, жоғары сапада жиһаздар жасалып өз халқымызға қол жетімді жағдай жасалса сонда мемлекетіміздің экономикасы да жақсарар еді деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, еліміздің тауарлары өзге мемлекеттерден ерекше тартымды көрсету үшін қазіргі заманға сай көрікті түр мен дизайнерлік шеберлік жұмысы болуы керек. Сонда елдің тұтынушылары қызығып шет елдерден жиһаздарды сатып алмас еді. Жиһаз жасау – бұл қолөнердің бір түрі. Демек ол да шығармашылықты, ой-қиялды талап ететін жұмыс. Сондықтан еліміздің жиһаз өнерін дамытып жақсы меңгерту үшін мектеп қабырғаларынан бастап сызу және технология пәндерінің бағдарламасына жиһаз тақырыптарын енгізу дұрыс болар еді.

Қазіргі кезде мектептердің парталары да нормативке сай келмейді. Қазақстанның көп мектептеріндегі парталар бір деңгейде. Бірінші сынып оқушылары партада қолдарын көтеріп отырып жазу жазатын болса, жоғарғы сынып оқушылары еңкейіп екіге бүгіліп отырып жазуларын орындайды. Парталар балалардың жас ерекшелеріне сай болуы керек. Партада дұрыс отырмағандықтан оқушылар түрлі ауруларға шалдығады. Бұл біздің еліміздің өсіп келе жатқан жас ұрпақтарына үлкен қауіп барын білдіреді.

Сондықтан да еліміздің білімін дамытып, рухани жаңғырып, алға қойған мақсаттарымызға жетуге белсенділік танытайық. Еліміздің жиһаз өнерін дамыту үшін «Графика және жобалау» пәнінің бағдарламасына жиһаз сызбаларын енгізу қажет. Жаңа бағдарлама бойынша жиһаз өнеріне мұғалім балаларды оқытса, дарынды оқушылар көбейер еді, ал одан жарқын болашаққа жетуімізге бірден бір жол ашылар еді!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. www.baq.kz «Орал өңірі» газеті. «Өзгенің жиһазы өнді ме?» Гүлбаршын Әжігереева.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

БЕЙСЕНБЕКОВА Шолпан Акимбековна

«Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Ұлытау облысы, Жезқазған, Қазақстан

beisen74@mail.ru

Андатпа

Мақалада қазіргі таңдағы білім берудің жаңаша әдістердің тиімділігі мен оларды жетілдіру жолдары туралы айтылған. Білім беру саласында қол жеткізілген жетістік мәнінің мазмұны мен заманауи тәсілдің негізгі ерекшелігі туралы қарастырылған. Білім беру жүйесінде тәжірибе жүзінде пайдаланылып жатқан нәтижелері мен мүмкіншіліктері туралы айтылған. Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке



келтіріледі. Оқытуда ең басты нәрсе – әдіс. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Бүгінгі заман талаптарына білім ордасы «дара тұлға» яғни өмір өзгерістеріне икемді болатын білікті және шығармашыл, интеллектуалды әрі жан-жақты дамыған шәкірттер дайындауға тиіспіз. Заманауи білім беру үрдісі бойынша оқытудағы жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне көмек есебінде пайдаланған дұрыс», деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі сұранысқа сәйкес білім беру мәселесі сол қоғам қажеттілігіне лайық болуы керек. Тәжірибелі мұғалім ғана биік белестерден көрінеді. Күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу үшін, ғылыми жетілдірілген әдіс-тәсілдерді жетік білу меңгеру қажет. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, қабілеттерін дамытудағы тапсырмалар жүйесін өз сабақтарында пайдалану, ұстаз қауымының басты мақсаты. Сондықтан сабағымызда түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға жұмыс жасап жатырмыз. Сабақ мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Елімізде болып жатқан жаңашылдықтан білім беру саласы да шет қалмайды. Сол үшін қазіргі заман талабына сай әр ұстаз өз сабақтарында АКТ- ны, жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану нәтижесінде оқушыларымыз топта, жұпта өздіктерінен әрекеттенуге дағдыланды. Сондай-ақ оқушылар тапсырманы орындау барысында бірін-бірі субъективті тұрғыда бағалай алады, нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алуды меңгеріп отыр. Жаңа заманауи талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдермен тәжірибе алмасып, біліктілігімізді жетілдіріп келеміз. Оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін енгізу – бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі. Себебі, білімалушы оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үңіледі. Сондықтан да бүгінгі күн талабы – оқушыны белсенді әрекетке тарту. Оқыту үдерісінде тұлға зерттеу тақырыбына, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді саналы меңгеруге ынтасы пайда болады. Ал оны қалыптастыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану қажет. Сол себепті де қазіргі қолданыстағы белсенді оқу, интербелсенді оқу, енжар оқу сияқты түсініктердің аражігін аша білуіміз қажет.

Заманауи білім беру білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді. Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де , мұғалім үшін де тиімді. Алдағы уақытта балалардың білімін арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды пайдалануды нығайтып, заманға сай , жаңашыл ұстаз болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз деп ойлаймын. Жалпы айтқанда, тиімді әдіс — тәсілдерді сабақта оңтайлы қолданысқа енгізіп, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етудеміз, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренгендіктерін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын айтады. Яғни, білім алушы өз ой-пікірін ашық еркін білдіреді, бір-бірін тыңдауға, ұжымда ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыра алады. Сондықтан әр сабақтарымызда белсенді тәсілдерді ұтымды пайдалануға жағдай туғызып жүрміз деп айтуға болады. Осыдан кейін ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол. Білімалушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады.

АКТ құралдары оқушылар үшін оқу материалдарын жеңіл түрде қабылдауына мүмкіндік беретін құрал болса, мұғалім үшін сабақ барысында қолданатын көмекші құрал. Себебі, сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдарды дайындау мақсатында АКТ құралдарын қолданады. Сабақтың басталуы ең маңызды сәттердің бірі. Мұғалім сабағының мәнді өтуіне сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырудың да ықпалы зор. Оқушыларды сабаққа ынталандыру үшін ұйымдастырушылық сәт (оқушыларды топқа бөлу) орындалады. Осы мақсатта сабақта балаларды топқа бөлудің түрлі әдіс- тәсілдерін қолданып отырған жөн. Кейде уақытты тиімді пайдалану үшін топта бөлу әдісінде АКТ мүмкіндігін пайдаланып " The Hat " бағдарламасы арқылы сыныпты жылдам топтастыруға болады. Оқушылардың ынтымақтастықпен бірлесіп жұмыс жасауы оқушылардың сабақ барысында белсенділігін арттырады. Оқыту мен оқу үдерісінде АКТ- ны қолданудың тиімділігі топтық жұмыс барысында тақырыпқа сай жаңа терминдермен (сөздік) жұмыс жасауға тура келгенде осы АКТ мүмкіндігін пайдаланып ғаламтор желісі арқылы электрондық



анықтамаларды қолдануға болады. Сабақ барысында көбіне кездесетін кедергілер: оқушылардың АКТ құралдарымен барлығының бірдей деңгейде қолдана алмауы. Бірақ менің мұндай кедергілерді шешу жолындағы бір әдісім: сыныпты жұмысшы топтарға бөліп, үлгірімі әлсіз оқушыларды қабілетті оқушыларға жұптастырып бірге тапсырма орындауға бағыттау.

Сабақ барысын жоспарлағанда АКТ-ны және белсенді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабағымда оқушылардың белсенділігін арттыруға жағдай жасаймын. Тәжірибемде үнемі оқушыларға өткізетін әр сабақты олардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі ойындармен ерекшелендіруді мақсат етіп аламын. Ал соған сәйкес, бұл бағытта **«wordwall, quizlet, wizer, quizizz»** интерактивті ойындарды құру үшін арналған арнайы платформаларды жиі пайдаланамын. Олардың көмегімен, оқушылардың қызығушылығын оятып, зейінін арттыруға болады. Мысалы, бұл сайттардағы **«кеңістікті ашыңыз», «кездейсоқ карта», «викторина», «сөзжұмбақ»** деп аталатын көптеген әдіс-тәсілдер, тапсырманы орындау барысын қызықты етеді. Ал, **quizlet** платформасындағы мүмкіндіктер арқылы **оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым** қабілеттерін арттыруға болады.

Атап айтсам, 7- сыныптың қазақ әдебиеті Мағжан Жұмабаев. **“Батыр Баян”** поэмасын – өткен кезде қолданған әдіс-тәсілдеріме қысқаша тоқталып өтейін. Онда сабақ басында **«кеңістікті ашыңыз» әдісі** бойынша оқушылардың қаншалықты білетіндігін анықтаймын. Мысалы:

- 1.«Батыр Баян» кинофильмін көрдіңдер ме?
- 2.Фильмде қай кезең суреттелген деп ойлайсыңдар?
- 3.Қандай кейіпкерлер бар? тағы басқа сұрақтар қойылады.

Бұл көбінесе сабақ басында қолдануға өте тиімді тәсіл болып есептеледі. Одан әрі қарай сабақ ортасында нәтижелі пайдаланған әдісім **«Кездейсоқ карта»** әдісі болатын. Бұл кезде жұптық жұмыста тірек сөздерді пайдалана отырып, бір-біріне түсіндіреді. Топтық жұмыста поэманың мазмұнына сүйене отырып, таныстырылым дайындайды. Мысалға алатын болсам I топ Қалмақ қызының тұтқынға түскендегі оқиға желісін анықтайды, II топ Батыр Баянның Ноян мен қалмақ қызын өлтірудегі оқиға желісін анықтайды. Сонымен бірге **«Брундық қозғалыс»** әдісін тиімді пайдаландым. Оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе бойынша ақпарат жинап, басқа оқушылармен пікірлесті. Онда поэмадағы күрделі мәселелер жөнінде мәліметтер жинап оқушылар бір-бірімен пікір бөлісе алады. Бұл тиімді әдісті қолданудың ерекшелігі оқушыларға партаға отыруға болмайтыны ескертіледі. Мұнда оқушылар қозғалыста болып, оқушылардың белсенділік әрекеттері артады. Сабақта әр әдіс-тәсілді қолдану барысында уақыттың тиімділігіне басымдық беріліп отырады. Сабақ аяғында **«Стикердегі диалог»** әдісінде топ мүшелері берілген сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі, пікірлерін диалогқа түсу арқылы қорғайды. Оқушылар алған білімдерін тиянақтайды.

Осылайша, мәжбүрлеп ұйымдастырылған астық, ет дайындау науқандары қатаң түрде жүргізіліп жатты. 1929 жылдың күзінде Ақтөбе округінен 132 мың тонна астық жиналды. Артық астықты алу процесіне шөп шабу серіктестіктері, шаруалардың, кедейлер мен жұмысшылардың өзара қоғамдық комитеттері қатысты. Ақтөбе округінен күштеу іс-әрекеттерінің нәтижесінде мемлекетке 211.197 тонна астық немесе жоспардың 92,1% орындалды.[4, 51 б.]. Шаруаларға астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындаған жағдайда ғана астық өнімдерін сатуға және тұқымдық қорға сақтауға рұқсат берілді. Ақтөбе округтік атқару комитетінің төрағасы Бобковтың аудандық атқару комитетінің төрағаларына жазған нұсқау-хатында «соңғы кездері Ақтөбе округінің аудандарында шаруалардың ауқатты бөлігі өздерінің артық астығын ұнға айналдырып, базарға жоғарғы бағамен сатады және бұл орталықтағы өнеркәсіптік аймақтардағы астық нарығының шиеленісуіне әкеліп отыр».- деді. [2, 337 п.]

Осы желеумен олар аудандарда орналасқан диірмендердің басым көпшілігін дереу жабу қажеттігін және сол диірмендерді жабуға сылтау жөндеу жұмыстары, яғни құрал-жабдықтардың ескіруі сылтау болуы керек делінген. Сонымен бірге жеке меншік диірмендерді де жабу аз уақыттың ішінде жүзеге асырылатын болды.

Мемлекет шаруаның қолындағы бар астықты тартып алу мақсатында шаруа қожалықтарының диірмендердегі ұн тартуын шектеуге кірісіп, әр шаруашылыққа шамамен 10-15 пұттан аспайтын ғана астықты тартуға міндеттелсін деген нұсқау берілді. Артық астығы барларға сот тарапынан қысым көрсету шараларын қолданылатын болды. Нұсқау хатта сонымен бірге ауылдық кеңестердің аумағында жұмыс істейтін диірмендерге сол жердің ауылдық кеңестері олардың жұмысын тұрақты қадағалайтын, бақылайтын болды. [2, 338 п.]

Мемлекет астық дайындау науқанында артығымен орындалған негізгі жоспарға сәйкес, «қосымша жоспарлар» тәжірибесін де қолданып отырған. Кеңес үкіметі қандай жолмен болса да, ауылдан көп мөлшерде астық өнімін алуға тырысты. Аудандық атқару комитетімен ауылдық кеңестерге артық астығын тапсырмаған кулактармен ауқатты байларға РФ қылмыстық кодекстің 61 бабын қолдану талап етілді. [5, 57 п.]

Сонымен бірге ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлері соның ішінде жүн дайындауда түрлі заңсыздықтарға жол беріліп отырған. Ол туралы мұрағат құжаттары дәлел болады. Шалқар қаласының тұрғыны Мұхамбет Тәжікенов өзінің осы ауданның №1 ауылында болған кезінде ауданнан келген уәкілдің ауылдағы тұрғындардың бай, кедейіне қарамастан, түйенің әр басынан 10 кг жүн, қойдың әр басынан 2 кг жүн тапсыруды міндеттегенін айтады, ал осы ауылдың малы жоқ тақыр кедейі Қожағали Шымкеновке де 10 кг салық салынып, ал оның өткізетін жүні болмай, күпісін сөгіп (тон) күпісінің жүн тапсыруға мәжбүр болған [2, 298 п.]. Сондай-ақ жүн дайындаудың жоспарын орындау үшін шаруалар қыстың ішінде қой қыркуға мәжбүр болды. күрт төмендеп, суықтан қырылуына әкелді».- деп көрсетеді. [2, 299 п.]

Асыра сілтеушіліктер Ырғыз ауданында жүріп жатты, уәкілдердің жүн дайындау жоспарын тұрғындарға дұрыс жеткізбеуі салдарынан бірқатар №14,15,18,16 және 22 ауылдардың шаруа қожалықтары қыста қойды қайта қыркуға кіріскен. Сонымен қатар, қырқылған мал қыстың суығына



шыдамайды деп қауіптенген қожайындары қыркылған малын арзан бағаға сатуға жанталасып, қойдың әр басын 8-10 сомнан сатып, ал енді біреулері таныстарына тегін берген [6, 304 п.].

Қазақстанда болған миллиондаған мал басынан 3-4 жыл ішінде ештеңе қалмады, шығындар 1928 жылы болған табынның оннан бір бөлігін құрады.

Осылайша «Ырғыз, Торғай, Батбаққара, Шалқар және Арал» аудандарында мал басының күрт қысқаруы орын алды ... 1930 жылға қарағанда 1932 жылы облыс бойынша жалпы мал басының айтарлықтай қысқаруы байқалады: жылқы 445,5 мың бас орнына 136,4 мың бас немесе 31% қалды, ірі қара мал 870,1 мың бас орнына 340,8 мың бас немесе 39,1% қалды, қой мен ешкі 2 505,7 мың бас орнына 230,8 мың бас немесе 9,2% қалды, түйе– 96,7 мың бас орнына 42 мың бас немесе 51,7% және барлық 4 205,6 мың бас малдан 765,3 мың бас немесе 18,3% ғана қалды.[7, 24,43,45-пп.].

Азық-түлік дайындау науқаны шаруалардың шаруашылығына ғана емес, олардың өз өмірлеріне де қауіп туғызды. Өйткені партияның арнайы және жергілікті өкілдері шаруаларды қылмыстық істер кодексінің 107 - бабымен соттау, түрмеге қамау әрекеттерін кеңінен жүргізді. Қазақ өлкелік партия комитетінің 1930 жылғы 2 қаңтардағы мәжілісінде Ф.И. Голощекин 1929 жылдың 15 желтоқсанына дейін Қазақстандағы астық дайындау науқанында 30800 адамның жазалауға ұшырағанын айтты [8,166-б.].

Қазақстандағы астық, ет, дайындау науқандары аса қатал, қорқыту және қысым жасау әдістерімен жеделдете жүргізілген еді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау науқанының зорлықпен жүргізілуімен қоса, салық мөлшерінің күрт өсуі, қазақ халқының шаруашылығының күйзеліске ұшырауына, мал басының кемуіне, ашаршылыққа және қазақ халқының босқын атанып, атажұртынан жаппай көшіп кетуін туғызды.

Сонымен, қазақ елі осы кезеңде жалпы адамзатқа қарсы әлеуметтік тәжірибелер жүргізетін алып сынақ алаңына айналды. Бұл жалпыұлттық апат әлі де тарихи-құқықтық пайымдауды, қоғамдық санада өткен ғасырдың ащы сабақтарын терең ұғынуды қажет етеді.

Әдебиеттер:

- 1.АО ММ. 63-қор, 1-тізбе, 322-іс
- 2.АО ММ. 63- қор. 1-тізбе, 5-іс.
- 3.Иконникова И.П., Угроватов А.П. Сталинская репрессия наступления на крестьянство.// «Вопросы истории КПСС», 1991, №1
4. АО ММ. 13-қор, 1-тізбе, 341-іс
- 5.АО ММ. 63- қор. 1-тізбе, 6-іс.
- 6.АО ММ. 63- қор. 1-тізбе, 7-іс.
- 7.АО ММ. 13-қор, 1-тізбе, 83-іс
- 8.Коллективизация сельского хозяйства. 1926-1941.- Алма-Ата, 1967.

Р. ОТАРБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

ЕЛЮБАЙ Назерке

Ғылыми жетекші- Қушқимбаева А.С; PhD

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

Aslanbekovna04@mail.ru, Alitok@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада Р. Отарбайдың шығармашылығындағы салмағы мол туындысы ретінде «Махамбет пен Пушкин» шығармасындағы эпитеттер талданады. Рақымжан Отарбайдың шеберлігі, қаламгерлік даралығы шығармаларындағы мол ұшырасатын авторлық эпитеттердің маңызы жоғары екені ғылыми деректерге сүйене зерделенеді.

Көркем әдебиетте эпитеттің маңызы жоғары. Өмір құбылысын суреттеуде әдеби шығарманың тірегі ретінде эпитеттер саналады. Зерттеуші Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде (1960) эпитетті адамның, табиғат құбылыстарының немесе заттың бөлек, ерекше қасиеттерін анықтау көрсету үшін, ой-қиялға әсер ету мақсатында қолданылатын көркемдік құрал екенін айтады. Сонымен бірге,



каламгердің эпитетті жайдан жай қолдана салмайтынын, белгілі бір мақсатты көздейтінін, солай қолданылған эпитеттер суреттелінген нәрсеге деген қатынасын көрсетеді. «Эпитет жазушының суреттеген құбылысымен белгілі жағдай, кезеңдермен байланысты болып отырады. Қуанышты, шаттық, жігер туғызу үшін жазылған әңгімелерде эпитет бір түрлі, қапалы көңілсіз өмірді суреттеу үшін екінші түрлі эпитет қолданылады», - деп анықтайды. Солай, зерттеуші кез келген сын есімнің немесе жай анықталып тұрған сөздердің эпитет бола салмайтынын, эпитет болатын сөздің әсері болатынын да атап өтеді [1, 108]. Солай эпитеттердің мағынасына қарай өзгеретініне де баса назар аударған. Әдебиет білгірі С.Негимов эпитеттің қаламгердің өмір мен табиғатты терең білуі, жан-жақты зерттеуі, байқампаздық, алғырлық, жітілік сынды қасиеттердің бірлігінен туындайтынын айтады [2, 102]. М.Балақаев тіл тұрғысынан эпитеттердің автордың шеберлігін, көркемдігін ашып көрсететін, сөз бен образ аралығындағы нәзіктікті, ерекшеліктерді көрсетіп, толығымен контекстік мәнде ойды бейнелі, шынайы әрі дәл көрсету де эпитеттің маңыздылығы жоғары екенін айтады [3, 80]. Солай, эпитеттер тілімізде тұрақты және еркін деп ажыратылады. Яки поэтикалық және тілдік болып та анықталады. Тілдік, яки тұрақты эпитет тілдегі қалыптастқан тіркестер анықталса, еркін, поэтикалық эпитет автордың жеке қалыптастырған тіркестері анықталады. Сонымен бірге, эпитеттер субстантивті және адъективті болып жасалуына қарай ажыратылады. Субстантивті эпитеттер зат есім сөздерден жасалса, адъективті эпитеттер қатыстық, сапалық сын есімдерден жасалады.

Рақымжан Отарбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, тәуелсіздік әдебиетінде тарихи тұлғалардың бейнесін қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы. Тәуелсіздік жылдары прозаның шағын түрі әңгіме жанрында өнімді еңбек етіп, өркендеуіне үлес қосып, өмірлік проблемалар мен тапқыр да, ұтымды детальдар арқылы шығармалары өрнектелген. Дегенмен, Р.Отарбаевтың шығармашылығындағы салмағы мол туындысы ретінде «Махамбет пен Пушкин» танылады. Қазақ тарихында дауылпаз ақын атанған, қазақ өлеңінің алдаспаны Махамбеттің образын жасап, жорықтағы ақын бейнесінен байсалды кейіпке ауысқан. Пушкиннің қазақ жеріне Е.Пугачев көтерілісі жайында деректер жинауға келгені айтылады. Солай, Пушкиннің Махамбеттің жақын серіктерінің бірі Жанкісіден «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алады. Шығармада Пушкиннің Махамбеттен есте қалған шайқасын сұрауы да, Махамбеттің жауап таба алмай қиналуы да терең психологизмнің бір көрінісі ретінде суреттеледі. Бұл шығарманың негізі дәлме-дәл тарихи деректер негізінде жүзеге асқан деп айта алмаймыз. Оның басты айғағы Пушкин мен Махамбеттің кездескені жайында тарихи деректер кездейді. Дегенмен, көркем шығармада суреткер қиялы өмірлік деректермен бірлікте қарастырылады. З.Қабдолов қаламгер үшін адам тағдыры туындының негізгі арқауы емес, өмірді танудың ерекше әдісі екенін айтады [4, 78], - дегендей, қаламгер қазақ жерінде орын алған оқиғаларды Махамбеттің болмысымен суреттеп шығады. «Қаламгер Р.Отарбаев өзі сомдаған тарихи тұлғалар бейнесін, олардың қилы тағдыры мен адамдық, азаматтық тұрғыдағы принципті көзқарастарын биік көркемдік деңгейде жеткізеді» [5, 367], - деп бағаланады. Махамбеттің қилы тағдыры суреттелген шығармаға назар аударсақ. Туындының басында ерке Жайық, көзақы алса тұрарлық тұсы, шоқ-шоқ тоғай, ақ балтырлы қайың, сынық сүйем шабақ, әлди сезім сынды эпитеттер кездеседі. Авторлық қолданыстағы эпитеттер мағынасы ауысып та қолданылған. Мәселен, ақ балтырлы қайың қазақ әдебиетінде бұрын-соңды қолданыста болмады. Сондай-ақ, әлди сезімнің түпкі мағынасы қандай да бір алдамшы сезім дегенді білдіреді. Бұл қолданыста кездеспейді. Автордың бұлайша поэтикалық эпитеттерді қолдануы шығарманың бойына жан бітіріп, өзі суреттегісі келетін жайтты аңғартады. Осылай, жазушы Пушкиннің жайын аңғартады. Даль мен Пушкиннің диалогында «айнымас тілек» эпитеті қолданылған. Автор бұл арқылы Пушкиннің «дала бунтары» атанған Махамбетпен қалайда кездесуге ниет қылғанын аңғартады. Ойсыз суық жанар эпитеті ұзын сары жігіттің қаттылығын аңғартады. Автор «бақталас пиғыл» деп тіркесуі сирек сөздерді қабыстырып, осы арқылы адам санасындағы күреске түсетін ойларды аңғартса керек. Қазақ даласын кең байтақ, кең дала деп атаса, автор боз дала деп қолданады. Боз сөзінің түрлі мағынасы бар. Негізгісі ақшыл, қылаң түс деген мағынасын береді [6, 98]. Ал екінші мағынасы бетеге, жусанның бір түрі деп анықталады [7, 378]. Осы арқылы қаламгер қазақ жеріндегі алауыздықтарды, ала-құлалықты меңзеп тұр. Жазушы және «ұлпа шаң» эпитетін қолданылған. Бұрын-соңды қазақ әдебиетінде бұндай қолданыс кездеспейді. Сондай-ақ, жазушы адамды суреттеуде қалыптасқан эпитеттерді емес, авторлық эпитеттерді қолданады. Мәселен, «орта бойлы, төртпак, жез мұрт» деп суреттеледі. Бұл орыстың қол шоқпарының суреттемесі, ендігі бір жерде былай қолданыс тапқан: «Жез мұрт жанындағының сөзін іліп әкетіп, қақпақыл қылды» [8, 173], - деп жез мұрт эпитеті арқылы орыс өкіметінен келген адамның болмысын береді. Одан бөлек, «қол үздігіміз» эпитеті қолданылып, Махамбет пен жолдастарының соншалықты қырғыннан тапқан қазынамыз осы ғана ма



деген ой жатыр. Махамбеттің мінезі мына эпитет арқылы анықталады: «серт үстінде отқа түсетін ер мінезді» деп болмыс-бітімі, қасиеті, мінезі суреттеледі. Сонымен қатар, шығармада Исатай мен Махамбеттің көтерілісінің не себептен басталғанын да аңғартады. Бұның себебі Жәңгір ханның қайын атасына Мыңтөбе жайлауын сыйға бергенімен қоймай, Исатайды да, Махамбетті де «елін без етіп, тілін кезегіп» деген эпитеттері арқылы елі-жерінен бездіріп жібергенін ұқтырады жазушы. Сонымен бірге, мұжықты «қалың қасты, қаба сақал кәрі мұжық» деп суреттеуде эпитеттерде тиімді қолданылған. Жазушының кейіпкерінің сырт келбетін суреттейтін эпитеттері адамды, не болмаса құбылысты дәл сол қалпында алдына алып келеді. Бұл да жазушының шеберлігі болса керек. Автор «тәтті сыңғыр» эпитетін тиімді пайдаланып, алыстан келе жатқан хабардың асыға күткендігін, аңсап жеткендігін аңғартады. «Әкиет ниет» эпитеті бұрын-соңды кездеспеген, қаламгердің авторлық эпитеті. Әкиет ниет деп ақ ниет, таза ниетті аңғартады. Бұл эпитетті қолдану арқылы қаламгер Пушкиннің ниетінің қандай екендігін аңғарту үшін қолданылған. Автор «сусыған жібек перде» эпитет ретінде Махамбет пен Пушкиннің бірден тілдесіп, әңгіме айта алмауы себебін осылай түсіндіреді: «Араларында сусыған жібек перде тұрғандай, бір-бірінің қалт еткенін көзбен оқып, көңілмен тоқысты» [8, 177], - деп Махамбет пен Пушкиннің арақатынасы беріледі. Махамбеттің болмысы мына эпитеттер арқылы көрінеді: «кең иық», «білеуленген шықшыт», «қара мұрт», «сынық сүйем сақал», «өзгеше бет», «бітім-тұрпатты» деген суреттеулерде жазушы қалыптасқан тіркестердің орнына өзіндік қолданыстарды, авторлық эпитеттерді қолданған. Солай, шығарманың көркемдігі, шынайылығы арта түскен. Ендігі кезекте, Пушкиннің болмыс-бітімінде мынадай эпитеттер қолданысқа түскен: «бұйра шаш», «сүйір мұрын», «бөкене бой», «салалы саусақтар». Осындай эпитеттер арқылы қаламгер Пушкиннің жазудың адамы аңдатады. Ендігі кезекте, Пушкин тобы Жанкісінің алты ай тоқтамай жырлайтынын естіп таң қалса, ендігі кезекте домбыраның жасалуына да таң қалысты. «Жұмсақ әуезді» домбыра қайыңнан жасалған кезде анықталады, ал «шешен үнді» эпитеті домбыраның қарағайдан жасалғанын аңғартады.

Автор «жез ілгекті су инспекторы» деген эпитетті жез сөзін қолданған. Жез сөзі үш түрлі мағынаны береді. Бірінші мағынасы сары түсті жұмсақтау металл мағынасын берсек, екінші мағынасы қандай да бір заттың жезден жасалғанын аңғартады. Үшінші мағынасында құнсыз, арзан мағынасында келеді [9, 118]. Солай, жазушының шеберлігі сөздерді орын-орнымен қолданып қана қоймай, кейде сөзді кейіпкердің мінез-құлқын ашуда тиімді қолданған. Жазушы кейіпкердің ішкі сезімін, мінезін беруде асқан шеберлік танытады. Мәселен, «жағымсыз қабақ» эпитеті инспектор мен Дальдың диалогында тиімді қолданыс тапқан. «Үйірімен үркітіп жіберсем сұрауы жоқ бұратана қазақ кім, мен кім деген астам көңілмен отырған инспектор Дальдың жағымсыз қабақ шытыңғанын көргесін астынан біреу жұдырақтап жатқандай, қипаң етіп атып тұрды да, жөніне кетті» [8, 180], - деп терең психологиялық сезіну көрінеді. «Жағымсыз қабақ» эпитеті қазақ әдебиетінде мүлде кездеспеген қолданыс. Соған қарамастан, Дальдың сезімі мен инспектордың ұғынғанын аңғартады. Сондай-ақ, жазушы Пушкин мен Махамбет арасындағы рухани жақындықты мынадай эпитеттер арқылы көрсеткен: «қуатты жарқыл», «беймәлім әсер», «ішкі тілек, ұмсыныс» сынды тіркестер қолданылған. Осы эпитеттер арқылы автор Махамбеттің, Пушкиннің екеуіне де тән қасиеттері барын, қаламгердің өзі айтпақшы әкиет ниеті барын көреміз. Сонымен қатар, «селдір-секем жұрт», «иықтыс басшы», «балапан тобыр қосшысы» сынды тіркестерді қолданылып, хан мен батырлардың арасындағы тартыстың сыры, қуғын-сүргіннің мәнісі қактығыстан да терең екенін аңғартады. «Қоянжүрек қорқақтар» эпитеті бұрыннан қалыптасқан эпитеттер аясында қолданылып, көтерілістегі батырдың қорқақтық танытқанын көрсетеді. Сонымен бірге, шығармада «торғайкөз сауыт» эпитеті қолданылған. Осы арқылы автор көтеріліс жайынан хабар беріп, көтерілістің тең дәрежеде өтпегенін аңғартады. Орыс армиясының қаруланған тобына Исатай мен Махамбет бастаған қайқы қылыш пен шоклар ұстаған топқа қарсы кезікті. Әрине, күш тең емес. Дегенмен, қару-жарағы сайлы болса да, Исатай мен Махамбеттің жер жайын жақсы білгені пайдасын тигізіп, көп жерде жауды қапы қалдырды. Назар аударарлық эпитеттің бірі – «бөз көйлек». Бөз сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата дегенді білдірсе, екінші мағынасында кебін мағынасын береді. Толық сөйлемге назар аударатын болсақ: «Әркімнің бөз көйлегі денесіне жақын деген, құнара ақ патшаның көзін көріп, алақан қысысып жүрген ұлық ақын мұны естісе, бәрекелді дей қоймас» [8, 181], - дегенде эпитеттің мәні ашылады. Сонда, «бөз көйлек» эпитеті арқылы автор көтеріліске шыққан батырлардың бәріне ажал жақын екенін, соған қарамастан осы іске жұмылғанын аңғартады. Қаламгердің шеберлігі де эпитетке көп мағына сыйдырғанын десек те болады.

Көтеріліс жайын «қайралған қылыш», «морт сынған найза», «азалы үн» эпитеттері қолданылып, шайқастың мән-жайын анықтап суреттейді. Аталған эпитеттер оқырманның алдына қару-



жарағы тең емес екі топтың жан алысып, жан беріскенін көз алдына елестеді, сезіндіреді. Шығармада Үбі батырдың бәйбішесі Ақсұрсыр бесіктегі баласын қол бастаған поручиктің алдында апарғанын, бұның мәні ауылда еркек кіндік қалмағанын, қалғаны қатын, бала-шаға, бәрі де – мына сәби сынды дәрменсіз екенін аңғартатын ескі салт екен. Келесі кезекте, Жанкісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын орындап, Пушкинді таң қалдырады. «Өрмек жүз» эпитеті қолданылып, Жанкісі ақынның жырдың бір бөлімін аяқтағанын аңғартады. Пушкин жырды тыңдап болған соң, жырдағы оқиғаны «Ромео - Джульетта» шығармасына ұқсатып, феодалдардың кемшілікті тұстарын тізбелейді. Осы тұста қаламгер «рухани кемтарлық» эпитетін қолданған. Әдетте рухани сөзімен жаңғыру, даму сынды позитивті сөздер тіркесетін, сонымен бірге кемтарлық сөзі адамның физикалық ауруына байланысты қолданса керек. Дегенмен, автор бірімен-бірі қабыспайтын екі сөзден «рухани кемтарлық» эпитетін жасап шығарған. Осы арқылы XIX ғасырдағы қазақ байларының жайын аңғартады. Пушкин өзіне қатты ұнаған кейіпкері ретінде Қодарды санайды. Оның себебін автор Пушкиннің өз сөзіндей етіп сөйлеткен. Жамандықтың қандай екенін білетін, оны Қодардың бейнесінде анықтаған халық жақсылықтың да нарқын білетінін жеткізеді. Бұл, сірә, Пушкиннің қазақ жайындағы ойының қалыптасуы екенін аңғарамыз. Шығармада «қоңылтақсып қалған көңіл» эпитеті кездеседі. Бұл Пушкин мен Махамбеттің соңғы кездесуіндегі Пушкиннің ақын жайындағы соңғы ойы еді. Халықтың ақыны әрі қамқоры болған Махамбетпен кездесіп, Пушкин де өзінің ақын екенін мойындаса да, халық қамқоры деп өзін тани алмайтынына көзі жетті.

Шығарманың автордың қиялымен жазылғанына, қаламгердің жүйрік қиялы арқылы екі халықтың ұлы ақындарын кездестіріп, халық жайын, көтеріліс мәнісін ұқтыруы жазушының асқан шеберлігі болса керек. Қаламгер тәуелсіздік жылдарында тарихи тұлғалардың бейнесін әдебиетте бейнелеумен айналысты. Қазақ әдебиетінде Махамбеттің, Мұстафа Шоқайдың, Дина күйшінің бейнесін жаңғыртты. Махамбеттің «Бас» драмасында бейнесі сомдалса да, «Махамбет пен Пушкин» шығармасындағыдай байсалды образда көрінбейді. Махамбеттің орыстың заңғар ақынымен, бүкіл Европаны таң қалдырған Пушкинмен емен-жарқын әңгіме айтуы, екі ақын арасындағы рухани жақындықтың орнауы ел арасындағы орнаған «рухани кемтарлықты» жоюдың бір тәсілі болса керек. Дегенмен, ақын туындысында эпитеттерді тиімді де ұтымды пайдалана білген. Авторлық эпитеттер мол ұшырасып, кейіпкердің жан-тебіренісінен мол ақпарат береді. Солай, Р.Отарбайдың «Махамбет пен Пушкин» туындысында эпитеттер:

- Кейіпкердің сырт бейнесін суреттеуде қолданылды;
- Кейіпкердің ішкі әлемін, мінезін беруде қолданылды;
- Боз, жез, боз сөздерімен қатыстырып эпитет жасап, ұлттық танымды білдіруде қолданылды.

Қорытындылайтын болсақ, Рақымжан Отарбайдың шеберлігі, қаламгерлік даралығы шығармаларындағы мол ұшырасатын авторлық эпитеттер екенін аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960. – 249 бет
2. Негимов С. Ақын - жазушылар поэзиясының бейнелілігі. Алашты: Ғылым, 1991 – 199 бет
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 126 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2014. – 360 бет
5. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б.
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. Т.35. Батырлар жыры. – 392 бет
8. Отарбай Р. Аспандағы ақ көбелектер: Әңгімелер мен повестер. – Астана: Фолиант, 2009. – 344 бет
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК "Слон" DPS, 2012. – 736 б.



КАК СФОРМУЛИРОВАТЬ ВОПРОС ИССЛЕДОВАНИЯ НА ОРГАНИЗАЦИОННОМ ЭТАПЕ

ЕНГАЙ Наталия Викторовна, ЛИХ Ирина Владимировна

Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления

Талдыкорган, Казахстан

yengay_n@tk.nis.edu.kz, lih_i@tk.nis.edu.kz

Аннотация

В статье рассматривается актуальная для научного сообщества проблема постановки вопроса исследования на организационном этапе. Авторы на примере нескольких вопросов для исследования показывают основные ошибки, связанные с выбором и формулировкой вопроса для исследования. В статье приведены некоторые рекомендации, помогающие проверить, насколько верно поставлен вопрос для исследования.

Мақалада ғылыми қоғамдастық үшін өзекті болып табылатын ұйымдастырушылық кезеңде зерттеу сұрағын құрастыру мәселесі қарастырылған. Зерттеуге арналған бірнеше сұрақтардың мысалын пайдалана отырып, авторлар зерттеу сұрақты таңдауға және тұжырымдауға байланысты негізгі қателерді көрсетеді. Мақалада зерттеу сұрақтың қаншалықты дұрыс қойылғанын тексеруге көмектесетін кейбір ұсыныстар берілген.

Проведенные мастер-классы с молодыми специалистами показывают, что, начиная исследование, большинство молодых исследователей могут столкнуться с трудностями, пытаясь преобразовать то, что они считают актуальными проблемами, в обоснованные исследовательские вопросы. Эти вопросы часто связаны с вопросом или проблемой, ответ на которые с помощью анализа и интерпретации данных дается в заключении исследования [1]. В большинстве исследований вопрос сформулирован таким образом, что он очерчивает различные аспекты исследования, включая качественные и количественные данные, которые необходимо изучить, а также проблему, которую рассматривает исследование.

Первостепенная важность постановки вопроса исследования состоит в том, что он сужает широкую, интересную для автора, тему до конкретной области исследования. Вопросы исследования, наряду с гипотезами, также служат в качестве руководящей основы для начала исследования. Эти вопросы также конкретно раскрывают границы исследования, устанавливая его пределы. Более того, вопрос исследования оказывает влияние на такие факторы, как методология исследования, количество материала выборки, сбор и анализ данных.

Многие вопросы исследования формулируются с помощью вопросительных слов «что?» и «как?». Необходимо учитывать, что вопрос, начинающийся с «как», отражает процесс исследования, а начинающийся с «что» - может привести к простому перечислению факторов, информацию о которых вы с легкостью можете найти на бескрайних просторах интернета. В этом случае автор может начать исследование, которое не будет отличаться практическим применением и не сможет отразить область и цель исследования, которая связана с концепциями и целями его преподавания.

Сравним несколько вариантов формулировки вопросов для исследования:

1. Что влияет на развитие навыков анализа у учащихся средней школы в Финляндии и Казахстане?
2. Как развивать навыки анализа через стратегии критического мышления у учащихся средней школы?
3. Как развивать навыки анализа считывания необходимой информации из графических текстов на неродном языке у учащихся средней школы?

Чтобы сравнить данные вопросы необходимо оценить их по нескольким параметрам [2]:

1. Интересен ли вопрос исследования?

На интерес к вопросу исследования влияют следующие три фактора:

- ответ вызывает сомнения;
- ответ заполняет пробел в исследовательской литературе;
- ответ имеет важное практическое значение.

Безусловно, речь идет о том, интересен ли вопрос в целом и особенно в рамках профессионального научного сообщества

Рассмотрим вопрос №2 «Как развивать навыки анализа через стратегии критического мышления у учащихся средней школы?». Ответ очевиден: через стратегии критического мышления.



Вопросы, на которые даны ответы в результате научных исследований, больше не интересны как предмет новых эмпирических исследований. Необходимо учитывать, что в ответе на вопрос исследования должны появиться новые данные, не известные профессиональному сообществу. Для этого необходимо попытаться найти причины, по которым можно ожидать разные ответы на вопрос, особенно те, которые кажутся невероятными. Таким образом, приходим к выводу, что **ответ вызывает сомнения**, и вопрос нужно изменить.

Заполнение пробела также является важным условием. У автора должна быть уверенность, что проведенное исследование заполнит часть пробелов в исследовательской литературе. Соответственно, перед постановкой вопроса исследования и после определения проблем в практике преподавания необходим теоретический экскурс по области вашего исследования и прилегающих областей, так как ответ на вопрос может показаться очевидным для людей, знакомых с исследовательской литературой.

Автору необходимо понимать **важность** того, что он выбирает для исследования. С помощью правильной постановки вопроса исследования формулируются тезисные утверждения, которые являются первичными ответами на ваш вопрос и проверяются в процессе исследования. Для этого необходимо ответить на несколько вопросов:

- Имеют ли ответы на вопрос исследования важное практическое значение?
- Как изменится и изменится ли практика вашего преподавания после интерпретации полученных данных по вашему исследованию?
- Каким образом будут применены результаты исследования?
- Сможете ли вы транслировать полученный опыт для своих профессиональных сообществ?
- Будет ли этот опыт исследования полезен коллегам?
- Насколько это возможно?

Второй важный критерий оценки исследовательских вопросов - возможность успешного получения ответа на них. На осуществление исследования влияет множество факторов, включая время, материальные затраты, оборудование и материалы, технические знания и навыки, а также доступ к участникам исследования. Очевидно, что вопрос №1 невозможно успешно исследовать, так как участники международного исследования проживают в другой стране, возможно, вы не владеете нужным языком и не сможете отследить изменения на практике. К тому же, некоторые исследования включают продолжительные планы, в которых участники отслеживаются на протяжении многих лет.

Третьим критерием оценки вопросов исследования является его уникальность. Но если вопрос исследования уже был изучен профессиональным сообществом, не следует сразу же отказываться от исследования. Если вопрос был изучен научно, а исследование опубликовано, это означает, что он представляет интерес для научного сообщества. Вопрос следует уточнить, исходя из другого контекста: предметного, профессионального, культурного, национального и других так, что ответ на него внесет что-то новое в исследовательскую литературу. Вполне возможно, что вы получите дополнительные эффекты влияния исследования на вашу практику преподавания.

После формулировки вопроса исследования оцените его с помощью специальных критериев. Многие интернет-источники, как и образовательная онлайн платформа Scribbr, предлагают некоторые общие критерии оценивания [3].

Все вопросы исследования должны:

- быть сосредоточены на одной проблеме или вопросе;
- давать возможность исследования с использованием первичных и/или вторичных источников;
- возможность ответить на вопрос в пределах временных рамок и практических ограничений;
- быть достаточно конкретным, чтобы ответить подробно;
- быть достаточно сложным, чтобы описать ответ в виде статьи или диссертации;
- относиться к вашей области исследования и/или обществу в целом.

Необходимо понимать, что правильно поставленный вопрос исследования дает возможность грамотно обозначить гипотезу исследования, без доказательства (или опровержения) которой исследование представляется нерелевантным. Также стоит обратить внимание на следующие детали при постановке вопроса:



- Задайте вопрос «Есть ли возможность сбора качественной и количественной информации?». Ответ должен быть положительным.

- Избегайте использования качественных характеристик, так как это изначально дает оценку вашему исследованию до его проведения. Например, «Насколько негативно влияет бесконтрольный доступ к СМИ при выполнении домашнего задания?». Ответ очевиден: очень негативно. Стоит ли делать исследование в этом случае?

- Убедитесь, что вопрос исследования не подразумевает ответ «да» или «нет».

- Проверьте уникальность вашего вопроса исследования. Возможно, данный вопрос уже изучен всесторонне, и проблема решена с помощью фактологических данных.

Таким образом, только тема № 3 отвечает всем требованиям, которые рассмотрены в данной статье.

При постановке исследовательского вопроса нужно точно представлять, что и как вы хотите исследовать. Это значит, что при выборе вопроса для исследования нужно не только определить проблему, проанализировать имеющуюся литературу и свою идею решения проблемы, но и определить четкие границы своего исследования. Именно с вопроса «Что я буду исследовать?» и начинается работа над исследовательским проектом [4].

Список использованной литературы:

1. *Imed Bouchrika, How to Write a Research Question: Types, Steps, and Examples Posted on May 4, 2021*

<https://www.guide2research.com/research/how-to-write-a-research-question>

2. *Research Methods and Design. The University of Wollongong, free learning opportunities for the Open Education Resource Universitas (OERu). Date of reading 06.07.2021*

<https://course.oeru.org/research-methods/modules-1-3/module-1-introduction/evaluating-research-questions/>

3. *Scribbr, Writing Strong Research Questions | Criteria & Examples. Published on October 26, 2022 by Shona McCombes. Revised on January 30, 2023.*

<https://www.scribbr.com/research-process/research-questions/>

4. *В.Т. Тихомирова. «Открытая школа». С чего начинать исследование? № 10 (191), декабрь 2019 г. https://open-school.kz/glavstr/teacher_issledovatel/teacher_issledovatel_191_1.htm*

ЭЛЕКТРОЛИТТЕР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ОРТА МЕКТЕП КУРСЫНДАҒЫ ОРНЫ

ТАСБОЛҒА Феруза Нұржанқызы, АРЫСТАНОВА Б.Қ.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

ergazy-1980@mail.ru

Андатпа

Мақалада мектеп химия курсынадағы электролиттік диссоциация теориясының орны мен оны мектепте оқыту тәсілі қарастырылып, осы тақырып бойынша жасалынатын зертханалық тәжірибелер келтірілген.

Ерітінділер туралы оқу материалы 1954 жылға дейінгі бағдарламаларда 8 және 10-шы сыныптарда жеке тақырып ретінде оқытылып келген, 1954/55 жылы дербес тақырып түрінде қарастырылмай, басқа тақырыптардың ішіне енгізілді. 1960 жылдан бастап, арнайы тақырып ретінде 7 және 9 сыныптарда өтілді. 1986/87 оқу жылынан бастап 8 және 9 сыныптарда оқытылатын болды. 8 сыныптағы оқу материалының мазмұны, негізгі ұғымдарын қалыптастыру мәселелері осының алдында баяндалды [1].

Оқушыларды электролиттік диссоциациялану теориясымен таныстырудың сарамандықта қалыптасқан екі әдістемелік тәсілі бар. Бірінші тәсіл – ерітінділердің электр өткізгіштігін сынаудан бастап диссоциациялану механизмін түсіндіру, екінші тәсіл – алмасу реакцияларының ерекшелігін қарастырғаннан кейін ерітінділердің электр өткізгіштігін сынау.



Бірінші әдістемелік тәсілді пайдаланғанда химиялық байланыстардың типтері және бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары жөніндегі оқушылардың білімі еске түсіріледі. «Химиялық байланыстар типі әртүрлі заттар ерітінділерінің қасиеттері бірдей бола ма?» - деген мәселе қойылады. Мәселені шешу үшін белгілі-бір негізге сүйеніп, таңдап алынған бейорганикалық және органикалық заттардың электрөткізгіштігі сыналады. Электрөткізгіштікті сынайтын құралдың құрылысы, сақтық ережелері түсіндіріліп, сынау нәтижесі кесте түрінде жазылады (кесте).

Тәжірибе бойынша оқушылар қорытынды жасайды:

- 1) Жеке күйіндегі қатты (қант, тұз, қышқыл, сілті) және сұйық заттар электр тогын өткізбейді;
- 2) Органикалық заттардың (қант) ерітінділері электр тогын өткізбейді;
- 3) Ас тұзының, натрий сілтісінің және тұз қышқылының ерітінділері электр тогын өткізеді;
- 4) Ерітінділері немесе балқыған күйінде электр тогын өткізетін заттар – электролиттер, өткізбейтін заттар бейэлектролиттер деп аталады;

5) Тұздардың, негіздердің және қышқылдардың ерітінділері электролиттерге жатады. Иондық немесе полності ковалентті байланысы бар бұл заттардың электр тогын өткізу себебін түсіндіру үшін иондарға ыдырау механизмі түсіндіріледі [2].

Кесте

Заттардың электрөткізгіштігін сынау

№	Алынған заттар мен ерітінділер	Ток өткізуі	Жіктелуі
1.	Ас тұзы (қатты)	Өткізбейді	Бейэлектролит
2.	Таза су	Өткізбейді	Бейэлектролит
3.	Ас тұзы ерітіндісі	Өткізеді	Электролит
4.	Қант (қатты)	Өткізбейді	Бейэлектролит
5.	Қант ерітіндісі	Өткізбейді	Бейэлектролит
6.	NaOH, қатты	Өткізбейді	Бейэлектролит
7.	NaOH ерітіндісі	Өткізеді	Электролит
8.	HCl ерітіндісі	Өткізеді	Электролит

Электрөткізгіштікті сынаудан басталатын бұл әдістемелік тәсілді қолданғанда кейбір оқушыларда электролиттердің иондарға ыдырауы электр тогының әсерінен жүзеге асады деген пікір туады. Бұл қателікті болдырмау үшін екінші әдістемелік тәсілді пайдаланады.

Химиялық байланыстар және заттардың құрылысы туралы тірек білім еске түсірілгеннен кейін мынадай мәселе қойылады: заттар ерітілмеген күйінде химиялық реакцияларға кірісе ме? Оқушылардың болжамын дәлелдеу үшін бірнеше тәжірибелер жасалады.

1 тәжірибе. Сынауықта 3-4 мл концентрленген күкірт қышқылына мырыштың 2-3 түйірін салады. Реакцияның жүргені байқалмайды. Қышқылды суда ерітіп, мырыштың 2-3 түйірін салады. Газдың көпіршіктері бөлінеді, реакция қуатты жүреді.

2 тәжірибе. Концентрленген сірке қышқылын ацетонда ерітіп, метилоранж қосады. Ештеңе байқалмайды. Сірке қышқылын суда ерітіп, метилоранж ерітіндісін тамызады. Ерітінді қызыл түске боялады.

3 тәжірибе. Қатты күйіндегі кальций гидроксидімен фенолфталеинді араластырады. Өзгеріс байқалмайды. Кальций гидроксидін суда ерітіп, үстіндегі мөлдір ерітіндісін бөліп алады да, фенолфталин тамызады. Ерітіндіде таңқурай жемісінің түсі пайда болады.

4 тәжірибе. Қатты күйіндегі натрий сульфаты мен барий хлоридін араластырғанда ештеңе байқалмайды. Тұздарды суда ерітіп, ерітінділерін араластырғанда ақ тұнба түзіледі.

Бұл тәжірибелерден оқушылар қатты күйіндегі заттар бір-бірімен әрекеттеспейді, еріген заттар арасында ғана алмасу реакциялары жүзеге асады деген қорытындыға келеді. Содан кейін ғана әртүрлі заттар ерітінділерінің электрөткізгіштігі сыналады. Электролиттер және бейэлектролиттер жөнінде түсінік беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. И. Нұғыманұлы, Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: ПринтС, 2015. 354 б.

2. Миренкова Е.В. Об использовании понятия «электроотрицательность». Химия в школе. 2013. № 1.



ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
АСИЛБЕКОВА Сандугаш Базарбаевна, МОМЫНОВ Ө.Л.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
asylbekova_1985@bk.ru

Аңдатпа

Мақалада дәстүрлі және жаңартылған білім бағдарламаларының салыстырмалы ерекшеліктері, сонымен қатар соңғысының артықшылықтары қарастырылған.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзіреттілік пен сапаға бағытталған бағдарлама [1]. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) қолдану, коммуникациялық қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен және топпен жұмыс жасау [2]. Мұнда бағалау жүйесі толықтай өзгеріске ұшырап, критерийлік бағалау жүйесіне өтеді. Критерийлік бағалау кезінде оқушылар үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пәндік үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне жол ашады. Критерийлік бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия секілді дамыған елдерде пайдаланылады [3].

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторлар:

- Әлемдік стандартқа сәйкес білім беру;
- Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;
- Табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- Функционалдық сауаттылықты арттыру;
- Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Жаңартылған білім мазмұны мен дәстүрлі білімді салыстыратын болсақ, келесі ерекшеліктерді терең байқауға болады (Кесте).

Кесте

Жаңартылған білім мен дәстүрлі білім мазмұндарының ерекшеліктері

Сипаттамалары	Дәстүрлі оқыту үлгісі	Жаңартылған білім үлгісі
Оқыту мақсаты	Оқыту бағдарламасында белгіленген білім көлемін меңгертуге бағытталған оқыту нәтижесі	Оқушының оқу қызметін оның танымдық қызметі негізінде ұйымдастыру, білім алуға үйрету
Мұғалімнің рөлі	Басқарушы, жетекші, оқыту үдерісінің субъектісі, білім көзі	Оқыту процесін, оқушының танымдық қызметін ұйымдастырушы, кеңесші, менеджер
Оқушының рөлі	Дайын білімді селсоқ қабылдаушы, оқыту үдерісінің объектісі	Белсенді, білім іздеуші, оқыту процесінің субъектісі
Білімді ұсыну формалары	Дайын күйінде, үлгі бойынша, сөздік әдістер мен мәтіндік формалар	Аудио-визуалдық, графиктік көрнекіліктер мен интерактивті әдістер арқылы
Білімді қолдану	Білімді бақылауға дайындық мақсатында типтік тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану	Алынған білімді нақты жағдайда қолдану
Оқушы қызметінің формасы	Фронталды және жеке	Оқушының өз бетінше жұмысы, топтық, жұптық және ұжымдық формалар
Оқытудың негізгі әдіс-тәсілдері	Сөздік әдістер	Мұғалім мен оқушының, оқушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуіне негізделген интербелсенді тәсілдер



Жаңартылған білім беруде білім беру салалары және қандай пәндер оқытылады?

Жаңадан енгізілген пәндер қатарында ағылшын тілі, орыс тілі, жаратылыстану сынды заманауи қажеттіліктерге байланысты жүргізілетін пәндер бар. Жаратылыстану пәнінде (химия, физика және биология пәндері), дүнетану пәнінде (география, тарих, қоғамтану) алғашқы ұғымдары қалыптасады. Жаңартылған білім беру мазмұнын белгілейтін типтік оқу жоспарында 1-4 сыныпқа арналған тілдерді деңгейлеп оқытуда (қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдері) тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын үйрету жоспарланған. Тағы бір ерекшелік, бастауыш мектептің 3-4 сыныптарында оқушыларға ақпараттық іздеу, талдау және тасымалдау дағдыларын үйрету мақсатында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқылатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.nis.edu.kz>
2. <http://sk.nis.edu.kz>
3. <http://smk.edu.kz>

БҰЙЫМДАР ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН АҒАШ МАТЕРИАЛДАРЫ

НАГИЗБЕКОВА Гульмира Тузелхановна

Түркістан индустриалды құрылыс колледжі

Шымкент, Қазақстан

guliat68@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада бұйымдар жасауда кеңінен қолданылатын ағаш түрлері мен материалдары туралы жалпы мәліметтер, ағаш детальдарының түрлері мен олардың конструкциялық ерекшеліктері келтірілген.

Бұйымдар жасауда көбінесе ағаштың қылқан жапырақты түрлері қолданылады. Біріншіден, олар көп, мысалы бұрынғы Кеңес Одағы орманының 4/3-і. Олардың ішінде ең көп тарағаны – қарағай, ол орманның 4/1-ін құрады. Екіншіден, олардың сапасы жақсы, діңі тура, әрі ұзын. Бұл ағаштардан бөрене кесінді материалдар мен ағаш бұйымдарының басқа да түрлері жасалынады. Қазіргі уақытта жапырақты ағаштарды бұйымдар жасауда кеңінен қолдану жоспарланып отыр.

Бөренелер дегеніміз – бұтақсыз, қабығымен бірге, не қабықсыз кесілген ағаш. Жоғары жағының жуандығына (диаметріне) байланысты бөренелерді: ірі (26 см-ден кем емес), орташа (14 - 24 см аралығында) және ұсақ (8-13 см) деп бөледі. Олар қолданылатын орнына орай: бұйымдар жаасуда тікелей пайдаланалатын және кесінді материалдар өндіру үшін қолданылатын деп топтастырылады. Бұйымдар жасауда қолданылатын ағаш детальдерін тұқымы қылқан жапырақты ағаштардан жасайды. Олар сырттан түсетін салмақты көтеру, күшке кедергі көрсету үшін пайдаланылатын конструкциялардың элементтері ретінде өндіріледі [1].

Діндердің қысқа (2 м-ге дейін), әрі жуан (диаметрі 20 см-ден жоғары) кесінділер – дөңбек деп аталынып, ол фанер өндірісінде қолданылады. Кесуге арналған бөренелер жапырақты ағаштардан да дайындалады, бұларды әртүрлі кесінді материалдар алуға пайданады.

Кесінді материалдары. Бөренені ұзынынан кесіп өндірілетін материалдарға – брустар, тақтайлар және т.б. жатады. Тақтайлар – қалыңдығы 100 мм және одан жұқа, ал ені қалыңдығынан 3 еседен көп кесінді материал.

Ағаш бұйымдарының басқа түрлері.

Сүргіленіп, шпунтталған тақтайлар сәйкесінше брусоктардың бір қыры өзектелген (ойықталған), ал екінші қыры – жоталанған (қырқаланған). Осылар арқылы бұл бұйымдар өзара тығыз жапсараланып, қолданылады.

Паркет (французша *parquet*) дегеніміз – еден төсеуге арналған қысқа, әрі жіңішке өзегімен жотасы бар тақтайша не осындай тақтайшалардан қилыстырып (жапсарлап) төселген еден. Паркет төзімді, жылу мен дыбысты аз өткізеді, түрі әдемі. Көбінесе паркет үшін қатты ағаш (емен, үйеңкі, қайың, т.б.) түрлері пайдаланылады. Паркет құрылыста дана (жөке) тақтайшалар немесе тақта (шит) паркет түрінде қолданылады. Дана паркеттің ұзындығы – 150-460 мм, ені – 30- 60 мм, қалыңдығы 16



мм, тақта паркет ойығымен қырғасы бар тақтайлар. Ол брусоктардан квадрат пішінді болып жасалған, негіз бетіне желімделген жұқа (8 мм), әрі қатты ағаштан даярланған дана паркеттен құралады. Тақта паркет қалыңдығы 15-30 мм, ал басқа өлшемдері – 800x800 мм немесе 400x400 мм болып жасалады.

Фанер (немісше furnier, аhtyw, fonznir – беттесіру) – үш не одан да көп шпондарды – ағаштан жұқа парак түрінде өндірілетін өнімді бір-біріне беттестіріп желімдеу арқылы алынатын материал. Фанер жасау үшін көбінесе қайың, емен, әртүрлі қарағай, т.б. тұқымды ағаштар пайдаланылады. Фанердің қалыңдығы 1,5-18 мм, ені мен ұзындығы 1525-2400 мм. Ағаш сүрегінің әр бағыттағы қасиеттерін біркелкі ету үшін шпондар талшықтары қиылысатындай, яғни қабат-қабат етіп түзетіліп, шпондар өзара перпендикуляр желімделінеді [2]. Фанердің қажетті қалыңдығын қамтамасыз ететін саны пакеттелінген соң, пакет (полимер) жақсы сіңіріліп және тез қатаю үшін преста 120-160°C температурада 14-2 Мпа қысыммен 20-30 минут сығады. Нәтижесінде беріктігі жоғары (созуға беріктігі 60-80 МПа) көп қабатты фанер өндіріледі. Фанердің суға төзімдігін арттыру үшін шпондарға жасанды шайыр, мысалы фенолформальдегид сіңіріледі.

Фанер – жұқа ағаштық материал. Мысалы, фенолформаль-дегид желімімен біріктірілген ФСФ маркалы фанер ылғалға төзімді болғандықтан, сыртқы қабырғаны тыстауға да, пайдаланылады.

Желімдеп ұштастырылған ағаш конструкциялары деп – кіші өлшемді дайындықтарын желімдеп ұштастыру арқылы жасалатын ірі өлшемді конструкцияларды айтады. Мұндай конструкциялардың беріктігі жоғары. Өйткені қолданылатын желімдердің (мысалы, эпоксидті шайырдың) беріктігі, әдетте ағаш сүрегі беріктігінен артық болады. Пайдаланылатын желімдердің көбі (мысалы, фенолформальдегид, т.б.) ылғалға берік болғандықтан, бұл конструкциялар шірісіді. Желімдеп ұштастыру әдісімен ірі көтергіш конструкциялар: аркалықтар фермалар, арқалар мен рамалар, т.б. өндіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Ағаш өңдеу технологиясы». Адамқұлов Н, Амандықова Д. – Астана, 2018.
2. «Конструкциялық материалдар технологиясы». Ә. Омаров. Астана, 2009.

МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ АРАЛАС ОҚЫТУ: ТЕОРИЯДАН ПРАКТИКАҒА ӘБДІРАШ Фариза Күлмесханқызы, ЖҰРҚАБАЕВА Л.Ә.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

abdirash.fariza@gmail.com

Андатпа

Бұл мақалада аралас оқытудың дәстүрлі және электронды оқыту технологияларын интеграциялау және өзара толықтыру негізінде құрылған модель болып табылатындығы, ол дәстүрлі білім беру сабақтарының бір бөлігін электронды ортадағы білім беру өзара әрекеттесуінің әртүрлі түрлерімен ауыстыруды көздейтіндігі көрсетілген.

Аралас оқыту – дәстүрлі оқу сабақтарының бір бөлігін электронды ортада білім беру өзара әрекеттесудің әртүрлі түрлерімен ауыстыруды көздейтін дәстүрлі және электронды оқыту технологияларының бірігуі мен өзара толықтырылуы негізінде құрылған модель [1]. Технологиялық интеграцияның негізгі идеясы – оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын тиімді үйлестіру, бұл олардың күшті жақтарын пайдалануға және әлсіз жақтарын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен, оқушылардың материалдың бір бөлігін қашықтан оқытуда өздеріне ыңғайлы қарқынмен өз бетінше игеруінің арқасында мектепте қызықты, мазмұнды сабақтар өткізуге болады. Оқытушы оқу үдерісін оқушылардың қашықтықтан оқу технологияларын пайдалана отырып, материалдың белгілі бір бөлігін өз бетімен меңгеретіндей етіп құрастырады. Сабақта мұғалім теориялық тұрғыдан дайындалған аудиториямен жұмыс жасайды, білімді қолдану тәжірибесіне барынша назар аударады, зертханалық химиялық тәжірибелер жасайды. Теориялық материал бойынша өзіндік жұмыс кезінде кездесетін сұрақтарды қою арқылы оқушылардың өздері сабақ барысына жауап беріп отырады. Аралас оқыту арқылы оқушының белсенді іс-әрекетіне жағдай жасалады, өз бетімен білім алу дағдысы ынталандырылады, болашақта үздіксіз білім берудің негізін құрайтын ақпаратты іздеу дағдылары



пайда болады. Дәстүрлі жүйемен салыстырғанда мұғалімнің рөлі өзгереді: мұғалім оқушыларға туындайтын мәселелерді талдауға және оларды шешу жолдарын табуға көмектесетін кеңесші ретінде әрекет етеді. Аралас оқытуды қолдана отырып, мұғалім өзіне ыңғайлы оқу үдерісін ұйымдастыру формаларын таңдайды. Ереже бойынша аралас оқыту технологиясын жүзеге асыруда келесі үлгілер қолданылады: Шетелдік тәжірибеде дәстүрлі түрде аралас оқытудың алты моделі бар [2]:

1. Face to Face Driver моделі. Теориялық материалдың негізгі бөлігі мектепте мұғаліммен бірге оқытылады. Қосымша ретінде электронды оқыту қолданылады, сабақ барысында электронды ресурстармен жұмыс жүргізіледі.

2. «Ротация» моделі жеке электронды оқыту элементтерін де, оқытушымен бетпе-бет оқытуды да қамтиды. Мұғалім қашықтықтан оқытуға да қолдау көрсетеді.

3. «Flex» моделі. Оқу материалының басым бөлігі цифрлық платформа арқылы оқытылады, оқытушылар бетпе-бет кеңес алуға қол жетімді.

4. «Онлайн зертхана» үлгісі. Оқыту техникалық жабдықталған аудиторияларда цифрлық платформаны қолдану арқылы жүргізіледі. Мұғалім оқу үрдісін сүйемелдейді, оқушылар дәстүрлі оқыту түрінен аз айырмашылықты көреді.

5. Self-blend моделі АҚШ-тың жоғары оқу орындарында дәстүрлі түрде қолданылады. Студенттер негізгі білімге дәстүрлі түрде ұйымдастырылған қосымша онлайн курстардан өтеді.

6. Онлайн драйвер моделі. Оқу жоспарының негізгі бөлігі қашықтықтан оқытылады. Кеңестер мен емтихандар үшін кезеңді түрде бетпе-бет сұхбаттар өткізіледі.

- сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті, шығармашылық даму деңгейі;
- шығарманы, мәтінді қабылдау деңгейі.

Осы айтылғандардың негізінде С, В, А топтарына тапсырмалар құрастыруда мынана еске сақтау керек:

- Сабаққа кірісерде, қызығушылығын оятуда танымдық іс-әрекетке мотивация беру, өзіндік зерттеу жұмысына тапсырмаларды саралау;

- Қазақ әдебиеті сабағында міндетті түрде шығармалардан үзінді, күрделі мәтіндер беріледі. Мәтінді талдауға үйрету: сюжет пен композициясының ерекшеліктерін, образдар жүйесін зерттеуге, көркемдегіш құралдардың орны, ауыспалы мағыналар, түсініксіз сөздермен сөздіктер арқылы жұмыстарды саралау;

- Талданған, оқылған шығарма туралы білімін мүмкін деңгейде жеткізе алатындай тапсырмаларды саралау.

9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында (авторлары: Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К.) «Атадан қалған асыл сөз» атты күрделі тақырыптан басталады. Онда Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны, мәтінге байланысты тапсырмалар берілген. Жоғарыда айтқанымыздай, алғашқы сабақтарда оқушыларды деңгейлеп-саралап бөліп оқыта алмаймыз, ол үшін уақыт қажет. Дегенмен осы тақырып аясындағы сұрақтарды да мұғалім өзінің шеберлігіне қарай күрделіні жеңілдетсе болады, өйткені оқушы бірінші сабақтан бастап түсінбесе (тақырып күрделі), қызығушылығы басылып, мүлде пәнге деген көзқарас өзгеруі мүмкін. Сондықтан мұғалім психологиялық ахуал тудырып алады: оқушылар мұғалімнің еркін орындаушы емес, нені қызықтыратынын, не істей алатынын өзі анықтауға үйренеді. Өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытады.

4-5-сабақтарда «Шешендік өнер» дидактикалық жанр оқытыла бастайды. Шешендік сөзге анықтама беріліп, нақыл сөз екендігі түсіндіріледі. Кезеңдері аталғаннан кейін, аты аңызға айналған Майқы би жайында құнды мәлімет беріліп, ой-толғамдарына талдау жасалады. Осы сабақтарда мұғалім тұлғалық-бағдарлық жұмыс жүргізеді, яғни оқушылардың үлгерімін ғана емес, олардың жеке ерекшеліктерін де ескере отырып, әрбіріне оқу және тәрбие мәселелерін шешуге оңтайлы жағдай жасап, диалогты ұйымдастырушы болады. Бұл ретте оқушының нені біліп, нені істей алатыны ғана емес, олардың білім алу дағдыларын қалыптастыру үдерісі қандай, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық тудыру маңызды. Осы жүйе әр оқушының ерекшеліктеріне сүйене отырып, олардың



арасынан белсенділерін анықтап, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті мұғалімі басқа пән мұғалімдеріне қарағанда оқушының жалпыадамзаттық құндылықтары мен мәдени мұраттарына көтерілулеріне көбірек үлес қосуы керек. Мәдени тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту оның шығармашылық көзқарасын дамытады, оқуға деген ынтасын жоғарылатады. Сыныпты топқа бөлгеннен кейін, сәтті саралап оқыту үшін көркем шығарманы оқу барысында жүзеге асатын қабылдау мүмкіндігі бар топтарға тапсырмаларды жеке құрастыру керек. Мәтінді оқығаннан кейін «Майқы би шешендік сөздерінің басты идеясы неде?» деген сұрақ 3-ші тапсырмада беріледі [4, 25 б.]. Мәтінді түсініп, жауап бере білу деңгейі оқушының ой толғауына, көркем мәтінді түсінудің туа біткен қабілетіне де байланысты. Сондықтан мұғалім рефлексияны тудыру қажет. Сонда әдебиетті оқытуды саралау оның оқу қасиеттерін зерттеу мен дамытудың туындысына айналады.

3-ші (А) тобына мәтінмен жұмыс істетуге болады, көп нүктенің орнына Майқы бидің сөз оралымдарын тауып, дәптерлеріне көшірту. Ал 2-ші (В) тобына берілген шешендік сөз үзіндісін оқытып, Майқы биге мінездеме жаздырту. 1-ші (С) тобына Майқы би сөздерінің тарихи құндылығына баға бергізу.

Сонымен, көркем мәтіннің мағынасын қабылдау үшін оқушы оның құрылымын, түсініксіз сөздерін анықтау керек. Оқушының қабылдауы шығарманың жанрына, көркемдік мазмұнының маңыздылығына да байланысты, мәтінді түсінудің тереңдігі шығарманың дәуіріне де байланысты, сол кезеңнің тарихи-мәдени сипатын түсіндіріп өту керек, сондықтан әдебиетті үлгілі түрде саралап оқытуды жүргізу – басты талап.

Саралап оқыту төмендегідей нәтиже береді:

- Үлгермеу мәселесі шешіледі, өйткені әркім қолынан келгенше үйренеді;
- Сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады;
- Жалпы білім материалын әркімнің меңгеруі мүмкін болады;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды, белсенділігі артады;
- Материалды неғұрлым мазмұнды меңгеруге, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге, жүйелі білімдерді жүйелілікке айналдыруға ықпал етеді;
- Оқушылардың танымдық белсендігі, пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі;
- Оқушылардың логикалық ойлауын дамытады, оқытылатын материалмен рефлексиялық әрекеттердің деңгейін айтарлықтай арттырады.

Егер біз осыған сәйкес жұмыс жасасақ, әрбір оқушы бағдарламалық материалды игеріп кетеді. Оқу үрдісінде саралап оқыту әдісін тиімді пайдалансақ, жұмысымыздың маңыздылығы артады, жемісін көреміз.

Кемеңгер Абай өз заманында күнделікті күйбең тіршіліктен гөрі келешек ұрпақ тәрбиесін жоғары қойған. Саналы, тәрбиелі, көзі ашық, айналасындағы болып жатқан құбылыстардың ағынан қарасын ажырата білуді талап еткен, бәсекелестікке жетелеген. Өзі өсірген гүлдерінен асыл дәндердің өніп шығуын қалаған, яғни біздің де алға қойған мақсатымыз әрбір оқушы нарық заманында өмірден өз орнын тапқаны. Өскелең ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу, құрмет етуге жетелеу де басты парызымыз, сондықтан тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып ойымызды жүзеге асырайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. –М., 1990. -192стр.]
2. [<https://pedsovet.su/index/8-221681>]
3. [Дәулетбаева Ж., Рауандина А., Дусимбаева М. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: -Атамұра, 2019. -160 бет.]
4. [Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2019. -256 бет.]



ҰЛЫ ТҰЛҒА ЕРКІН НҰРЖАНҰЛЫ

КЕУЛИМЖАЕВА Асемгуль Куанышбаевна

Темірбек Жүргенов атындағы № 80 мектеп-гимназиясы
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төрегам кенті, Қазақстан
jadi_250986@mail.ru

Қазіргі заман талабы болашақ ұрпағымызға – жаңаша білім беру, жаңаша тәсілдер арқылы балаларды болашаққа деген көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, әлем елдерінің қатарынан көріну. Ал болашағымыздың жарқын болуы – бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушыларымыздан басталатыны сөзсіз. Біздің болашағымыз – бүгінгі оқушы.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту, қазақстандық қоғамның "тамаша, сапалы білім беру" ұлттық жобасын іске асыру және жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу жағдайында заманауи педагогтың рөлі де арта түсуде. Мен-XXI ғасырдың педагогы бүгінгі беріліп жатқан білімді бұл жоғары құндылық, жас ұрпақтың дүниетанымдық ұстанымдарының басымдылығы, бұл социумның мотивациялық және мәдени құрамдас бөлігі, адами капитал, қаржы және рухани дағдарысты еңсеру жолы деп түсінемін.

Мектеп оқушыларына ұлы тұлға Еркін Нұржанұлы, мемлекет және қоғам қайраткерінің ұлы еңбектерін насихаттау барша ұстаздың міндеті деп білемін.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков-Кеңестік және Қазақстандық мемлекет және партия қайраткері, Социалистік Еңбек Ері. Қазақ КСР-нен 8-11 шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің депутаты.

К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясын бітірген. Солтүстік Қазақстан облысындағы Коновалов МТС-інің бас агрономы, директоры, Марьевский кеңшарының директоры қызметтерін атқарды [1]. 1961 жылдан Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

1965 жылы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, 1968 жылы Қазақ КСР астық өнімдері және жем өнеркәсібі министрі, 1968 жылдан Көкшетау облыстық партия комитетінің, кейіннен Торғай облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. 1985 жылдан - Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы[1]. 1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің ұлт саясаты және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары болып сайланды.

1989-1991 жж. - КСРО халық депутаты.

1991-1992 жылдары - Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі.

Әуелбеков Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қайта құру жұмыстарының жүруіне үлкен үлесін қосты. Үш мәрте Ленин, Октябрь революциясы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендері, медальдармен марапатталған. Ғ.Мүсірепов атындағы аудан орталығында ескерткіш орнатылған.

Қазіргі уақытта оқушылардың оқу процесі мен нәтижелеріне мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесін басқару органдарының қызметі ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің сыныптағы оқушылардың тәрбиесі мен дамуына бағытталған күнделікті жұмысы әсер ететіні даусыз. Бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушыларды оқытудың табыстылығын қамтамасыз етудегі негізгі тұлға-мұғалім. Кәсіби өсуге және кәсіби білім алуға ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған.

Мен табысты мұғалім ретінде оқушыларыма Еркін Нұржанұлының өмірі мен еңбек жолын насихаттап, оларды еңбексүйгіштікке, патриоттықа тәрбиелеймін.

Еркін Нұржанұлының еліміздің бір туар азаматы, үлкен тұлға екенің тәрбие сағаттарына оқушыларыма айтып, еліне, халқына кіршіксіз қызмет жасағаның түсіндірудемін. Халық үшін білімін, тәжірибесін аямай жан дүниесімен қызмет етті. Егін оқу уақытында обкомның тапсырмасы бойынша елге шығып, халықпен кездесіп, олардың жағдайын білген. Сонда ол кісінің талабы әр үйдің халін, әр жанның жағдайын білу, олардың тұрмысы қалай, қандай мұң-мұқтажы бар, не айтады, не сұрайды, соның бәрін білңдер деп тапсырма беретін. Сол мәселелерді шешу туралы қаулы шығаратын.

Қорытындылай келе Еркін Нұржанұлының жасаған игі істерін оқушыларымының бойына сіңіріп, болашақ ел жастарының қолында екенің түсіндірудемін.



Оқушыларымызды ұлттың сүйеге, отанын сүйеге тәрбиелеуіміз керек. Елдің бірлігі ел болашағы жастарымыздың қолында. Ұлттық тәрбиемізді дамытуымыз керек. Елім, жерім деген жастарымыздың бойында ұлттық тәрбиеге деген сүйіспеншілікті артыру біз ұстаздардың басты мақсаты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы
2. Әулиедей болған Әуелбеков Қазалы ақпараттық агенттігі
3. Интернет ресурстары

«ПРИМЕНЕНИЕ КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩИХ ПОСОБИЙ НА УРОКАХ ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ».

КИРИЧЕНКО Ольга Юрьевна

Коммунальное государственное учреждение «Специальная школа-интернат №1»
Акмолинская область, Кокшетау, Казахстан
atb_1981@mail.ru

«Истоки способностей и дарования детей – на кончиках их пальцев. От пальцев, образно говоря, идут тончайшие ручейки, которые питают источник творческой мысли. Чем больше мастерства в детской руке, тем ребёнок умнее».

В.А. Сухомлинский

Одной из особенностей обучения обучающихся швейному делу на начальном этапе, является низкая самостоятельность в труде и ограниченная двигательная сфера трудовых навыков. А это значит, неумение самостоятельно ориентироваться в задании, неумение планировать выполнение своей работы, затруднение в выполнении однотипного задания. На всех этапах обучения обучающиеся показывают трудности в речевом общении, так как у них малый словарный запас активного словаря. Они затрудняются провести речевой анализ своего изделия, описать его сложные операции или указать существенные признаки. Мешает усвоению трудовых навыков и двигательная недостаточность, которая проявляется в неумении синхронно работать руками на [швейной машине](#), а также регулировать силу ручного или ножного нажима.

Процесс развития ребёнка, в значительной степени - процесс развития движения. На уроках швейного дела обучающиеся овладевают элементарными приёмами работы с различными материалами и инструментами. Изготовление изделий требует от ребёнка ловких движений, а в процессе систематического труда, рука приобретает уверенность, точность, пальцы становятся гибкими, появляется согласованность в работе глаза и руки, совершенствуется координация движений, точность в выполнении действий. В процессе обучения швейному делу образуется система специальных навыков и умений у обучающихся.

Работая с детьми, испытывающими трудности в обучении, приоритетной целью своей деятельности я определила развитие и совершенствование мелкой моторики кисти и пальцев рук в [коррекционной работе](#).

Для реализации цели определила следующие задачи: выявить индивидуальные способности обучающихся в развитии мелкой моторики; развивать тактильную чувствительность рук обучающихся; сочетать игры и упражнения для тренировки пальцев с речью; подготовить руку ребёнка к шитью. Для решения задач использую следующие средства:

- использование физкультминуток, где движения обучающихся сочетаются с речью, такие физкультминутки способствуют переключению на другой [вид деятельности](#), повышению работоспособности, снятию нагрузки, тренируют психические процессы (память, внимание);

- пальчиковые упражнения в сочетании с самомассажем кистей и пальцев рук способствуют освоению детьми элементов самомассажа, оказывают оздоровительное воздействие на организм ребёнка, улучшают функции рецепторов проводящих путей, в сочетании со звуковой гимнастикой стимулируют умственную деятельность, способствуют хорошему эмоциональному настрою, улучшению произношения многих звуков, а значит - развивают речь.



- игры (дидактические, театрализованные, сюжетно-ролевые), которые позволяют повысить общий тонус, развивают внимание, память, снижают психоэмоциональное напряжение, развивают воображение.

Чтобы развитие мелкой моторики пальцев рук стало увлекательной игрой, использую разнообразные приёмы, при помощи «Волшебного цветка».



В «Волшебном цветке» я использовала различные приёмы для развития мелкой моторики рук; шнуровку на различных предметах; завязывание и развязывание бантов, узлов; застёгивание пуговиц, молний, крючков; заплетание косичек, тактильное восприятие фурнитуры.



В работе по развитию мелкой моторики задания подбираю с учётом их постепенно возрастающей сложности, учитываю индивидуальные особенности ребёнка, темп его развития, возможности, настроение. Работу провожу регулярно, систематически, соблюдаю временной регламент, чтобы не вызвать переутомления ребёнка. Повышаю у обучающихся интерес к упражнениям и заданиям, превратив их в занимательную игру. Забочусь о том, чтобы деятельность ребёнка была успешной, тогда подкрепляется его интерес к урокам и процесс обучения и развития формирует у обучающихся положительную мотивацию.



Очень важно вовремя подбодрить ребёнка, укрепляя его веру в собственные силы. В коррекционной школе особенно важен индивидуальный подход, в связи с большой неоднородностью



детей по способности к обучению. Обучающиеся различаются по характеру и темпераменту, по темпу работы и мотивации учения. Непосредственно в учебном процессе оптимальные условия создаются с помощью методов и приёмов дифференцированного подхода.

Еще одним приемом, который я использую на своих уроках, является коррекционно-развивающее пособие «Домик для Даши». Это развивающая книжка, выполненная из натуральных материалов, фетра.



При проведении занятий с использованием таких развивающих пособий, у учащихся заметно повышается интерес к уроку, мотивация, развиваются тактильные ощущения, разговорная речь, пополняется словарный запас детей, что немало важно. Например, можно использовать данное пособие при изучении темы «Ассортимент одежды», где ученики смогут определять виды одежды по способу носки, по сезону, по назначению, по условиям эксплуатации и т.д.

По предмету «Общetrудовая подготовка» в 5 классах на уроках трудового обучения, я стараюсь применять игровые приемы и технологии коррекционно-развивающего обучения детей.

Для развития мелкой моторики рук, зрительного восприятия, тактильных ощущений я использую развивающую игрушку «Ёжик».



Пособие выполнено из фетра, имеет различные виды застежки: пуговицы, кнопки, крючки, тесьма-молния, текстильная лента, шнуровка, карабин. Пособие может использоваться как на уроках, так и во внеурочной деятельности.

Опыт работы показывает, что планомерная работа по развитию мелкой моторики рук, через применение развивающих пособий на уроках швейного дела и общetrудовой подготовки способствует: развитию у детей произвольного внимания, наблюдательности, памяти, сообразительности, чувства ритма; развитию глазомера и координации движения пальцев; правильному использованию материалов, инструментов. Дети приобретают практические навыки и умения. У них развивается речь, воображение, фантазия, воспитывается аккуратность, терпение, настойчивость, стремление преодолевать трудности и доводить начатое дело до конца.

Литература

1. Занков Л.В. Психология умственно отсталого ребенка. - М., 1988.
2. Кащенко В.П. Совершенствование урока трудового обучения. Начальная школа. №2, 2001.
3. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. -М., 1973.



ЕЛ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

КОНЫСБАЕВ Даулет Болатович

№2 Оқушылар сарайы

Қарағанды Қазақстан

kmutatyn@mail.ru

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның жарқын болашағы» деп, мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеген болатын. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген сөзі де ел болудың бірден-бір шарты білімі терең, ойы озық, патриоттығы басым ұрпақты тәрбиелеу екендігін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» десе, қазіргі жаһандану дәуірінде адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптарға ұлттық бояуды аямай қосып, ұлттық құндылыққа қанығып өскен танымы терең, ділі берік білімді өренді дайындап шығу ұстаздар алдындағы ең маңызды міндет.

«Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермедік.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік» деген Абылай бабамыздың жанды сөзі қарқынды дамудың басты шарты - сапалы білім екендігін, «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті екендігін танытады. Қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болатын ұстаз өз шәкірттерін білімге ынталандыра алады деп есептеймін. Әрбір пән мұғалімінің мақсаты – оқушылардың білім сапасын көтеру. Ал сабақта қолданылған оқытудың әр түрлі формалары оқушылардың білім сапасын арттыруға және пәнге деген қызығуын, сонымен қатар әр оқушының сөйлеу тілін, ойлау, байқау, есте сақтау дәрежесін, ізденімпаздығын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мен де оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапымнан шығармашылық ізденістер жасап, әдістемелік тәжірибемді жетілдіріп отырамын.

Қосымша білім беру ұйымының негізгі мақсаты мен міндеттері білім алушылардың қабілетін анықтау, шығармашылығын дамыту, қоғам өміріне бейімдеу, жалпы мәдениетін, азаматтық сана-сезімін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Жалпы білімнің үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуы, жан-жақты дүниетанымының қамтамасыз ету, оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Дәл қазіргі кезде оқытудың кең көлемді қоры жинақталған. Солардың бірі – оқушылардың танымдық әрекеттері, танымдық әрекеттерін белсенді ету. Оқыту үдерісін басқаруда оқытудың мотивін, мақсатын, мазмұнын, құралдарын, әдіс-тәсілдерін және қорытындысын жақсы меңгеруде және қолдануда деп біліп, балалардың пәнге деген қызығуын арттыруды мақсаттардың маңыздысы дер едім. Қызығу-адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Оқуға, білуге деген қызығу танымдық белсенділіктің қозғаушысы болып табылады. Бұл орайда белгілі ғалым Л.Выгодский былай деген: «Ең алдымен бір әрекетке тарту үшін сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса».

Еліміздің болашағы жастардың қолында. Болашақ жастарымыздың күші білімде екені баршаға аян. Жасөспірімдердің қабілеттерін шыңдап, болашақта еліміздің мықты маманы болып қалыптасуы үшін білім беру көкжиегін кеңейту өзекті болып табылады. Мектеп жасындағы білім алушылардың уақытын тиімді пайдалануына, сонымен қатар, пәндер бойынша білімін жетілдіруде қосымша білім беру ұйымдары маңызды рөл атқаруда.

Бүгінгі күнде қосымша білім беру ұйымдарына келіп, өз уақыттарын тиімді өткізіп, білім нәрімен сусындап жүрген оқушылардың саны күн санап артуда. Әсіресе, математика пәніне деген білім алушылардың қызығушылығы өте жоғары. Олай болуының бір себебі, қосымша білім беру ұйымында оқушыларды математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы логикалық тапсырмалар әзірленіп, есептерді шығарудың тиімді жолдары ұсынылады. Осындай қарапайым тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың бойындағы өзіне деген сенімділігі артып, жеңілден күрделіге қарай білім баспалдағымен көтеріле бермек. Соның негізінде білім алушы математика пәнінен оқу кезеңдерінде жіберген кейбір үзіктердің орнын толтыруына септігін тигізуде.

Қоғамды ұйымдастырудың инклюзивті тәсілі оның барлық мүшелерінің барлық игіліктерге, соның ішінде шектеулері бар адамдар топтарына жұмыс істеуге, демалуға, әлем бойынша барлығымен тең дәрежеде шарлауға қол жеткізуді көздейді.



Физикалық немесе психикалық ерекшеліктеріне қарамастан, әр адамның білімі мен кәсіби дағдыларына қол жеткізуге кепілдік беру қажеттілігі халықаралық деңгейде танылады. Көптеген елдер мүмкіндігі шектеулі балаларды қарапайым мектептерде оқытуды ұйымдастыра отырып, арнайы білім беру жүйесін трансформациялау идеясын белсенді түрде насихаттауда. 1994 жылы маусымда ЮНЕСКО қолдауымен Испанияда өткен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бойынша Инновациялық білім беру тұжырымдамасы ұсынылды. Конференция қорытындысы бойынша Инклюзивті оқыту қағидаттары туралы Саламанка декларациясы қабылданды, оның бастысы - әр баланың бірегей қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.

Инклюзивтілік әртүрлі жағдайларға байланысты бұл үшін ерекше жағдайлар жасамай, толыққанды өмір сүру мүмкіндігінен айырылғандарға қоғамның көзқарасын өзгертуге бағытталған. Мүгедектерді, дамуында артта қалған адамдарды қоғам проблема ретінде қабылдамауы керек. Барлық деңгейдегі кәдімгі білім беру ұйымдары даму ерекшеліктері бар балаларға ұқсас проблемалары жоқ құрдастарының ортасында оқудың барлық жағдайларын қамтамасыз ету үшін қол жетімді болуы керек.

Математика пәні күрделі, сонысымен де қызықты. Қазіргі білім беру жүйесі оқушыларды күрделі тапсырмаларды шешуге ынталы болуын көздейді. Күрделі тапсырмаларды тиімді тәсілдермен шешкен оқушылардың білім алуға деген ынтасы артпақ. Жалпы, педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу оқушының белсенділігін қалыптастырады. Бұл ретте, қосымша білім беру ұйымдарының басты жақсы тұсы – білімнің адам өмірі мен қоғамдағы орнын анықтап, тұлғалық даму тұрғысында озық жетістікке бағыттауында. Оқушының жастайынан өз ісіне баға беруге, болашаққа белгілі бағыт тандап, өз мамандығын айқындауына септігін тигізеді. Сондай-ақ, ғылымдағы жаңа тенденцияларды ажырата білуге бағыттайды. Оқушы қосымша ақпарат алумен шектелмей, шығармашылық дарынын арттырады.

Күнделікті өмірде адамдар үнемі белгілі бір жағдайларды шешуге тап болады. Көбіне мектеп оқушылары өмірде туындаған қиындықтарды шешуге көп күш жұмсауға мәжбүр: олар неден бастауды, қалай әрекет етуді, қандай шешім қабылдауды білмейді. Оқушылар шынайы өмірде кездесетін проблемалардан қорықпас үшін, мектеп курсына нақты шындықты бейнелейтін және математикалық әдістермен оңай шешілетін есептер молынан болуы керек. Бұл – оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып, толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын жеке тұлға қалыптастырудың негізі. Сондықтан, математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын есте сақтауға емес, осы материалды шығармашылықпен қолдану шеберлігіне көп көңіл бөлінеді. Математиканы оқытуда қолданылатын практикалық есептер шынайы өмірден алынып, сонымен қатар басқа ғылымдармен, пәндермен сабақтастыра берілуі керек. Бүгінгі таңда практикалық мазмұндағы тапсырмаларға деген қызығушылық арта түсуде, өйткені олар оқушылардың математикалық сауаттылығының дамуына көп үлес қосады. Оқушылармен практикалық тапсырмаларды талдау мектепте математиканы оқудың практикалық маңыздылығын арттыруға көмектеседі; осындай мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды және мәндер немесе жуық мәндерді есептей білуге үйретеді; математиканы оқытуға деген қызығушылығын, ынтасын арттырады; мектептегі математика курсына оқытудың тиімділігін арттырады [1].

Ақпараттың шексіз дамыған уақытында математика пәніне деген қажеттілік артауда. Соның негізінде, қазіргі білім беру саласына математикалық сауаттылық ұғымы енді. Бұл педагогтен де, білім алушыдан да жаңа ізденісті талап етті. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері пән бағдарламасын меңгертіп қана қоймай, білім алушылардың пәнге қатысты басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көп ізденіп, оқушының білім алу барысында шексіз дамуына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар оқушы қиялының дамуына жол ашады. Тез ойланып, тез шешім қабылдауға үйретеді. Оқушыда осындай тапсырмаларды орындау арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамиды. Бұл білім алушының болашақ өмірінде оңтайлы шешім қабылдауына оң әсерін тигізеді. Бойына болашақ өміріне қажетті білімдерді сіңірген жас жеткіншектер кез-келген ортада өзін жайлы сезінеді. Қосымша білім беру ұйымдарына келген білім алушылар, өзінің ой-пікірлерін осы ұйымның педагогтеріне еркін жеткізіп, өз қажеттіліктері туралы ашық айта алады. Білім алушы бұл жерге үйрену, білу үшін келеді. Осыны әр оқушы жақсы түсінеді. Яғни, қосымша білім беру ұйымдарында оқушыны жақсы нәтижеге жетуге ынталандырады. Ақпараттық ағым тым көп білім саласында, қоғамда, білім алушыларға осы ақпараттарды тиімді игертіп, тұлғалық тұрғыда дамуында қосымша білім беру ұйымдарының атқарар ролі ерекше деп есептеймін.



Жаңа кезеңдегі қосымша білім берудің мақсаттары тек қана білім беру емес, сонымен қатар, жас жеткіншектердің болашақ қоғамдағы өмірлерінде көмек болатын негізгі құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Білім алушылардың шығармашылық, кәсіби қабілеттерін жан-жақты дамыту мақсатында математикалық сауаттылық білім беру үрдісі белең алуда. Нәтижесінде, оқушылардың математика пәнін меңгеруге деген қызығушылықтары мен мотивтері артады. Басты мақсат – озық тәжірибелерді, жаңа технологияларды тиімді, ұтымды оқыту әдістерін пайдалана отырып, пәнге қатысты кәсіби термин сөздерді білуге үйрету, қарым-қатынас жасай білу дағдыларын қалыптастыру, сабақтың танымдық, тәрбиелік мазмұнын арттыру. Білім алушылардың пәнді меңгеруінің нәтижелі болуы танымдық белсенділігіне байланысты. Ол үшін әр оқушыға логикалық бағытта орындалатын материалдарды көптеп дайындап, оларды оқу, жазу, тыңдау, тілдесу арқылы шығармашылық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ету. Математикаға қатысты берілген тапсырмалар мен мәтіндер арқылы көптеген ақпараттар да алады. Олар тек ақпарат алып қоймайды, жазып үйренеді, жаңа сөздерді меңгереді, бір-бірімен тілдесе алады. Сол арқылы шығармашылық орта қалыптасып, тілдік қарым-қатынас орнайды. Ол оқушылардың пәнге қатысты терминдік ұғымдарды үйренуіне деген қызығушылығын арттырады. Пәнге деген қызығушылығын оята отырып, қазіргі жаһандану заманындағы ұлттық мүдде мәселесін де қосымша білім беру ұйымының педагогтері назардан тыс қалдырған емес. Әр сабағына, қосымша шарасына ұлтымыздың ұлыларының қанатты сөздерін негізге ала отырып, жас жеткіншектерді өз елін, жерін, салт-дәстүрін, тарихын құрметтеп, қастерлеуді насихаттап отырады. Қазақ ақыны М. Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген [6, с32]. Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру және елін сүйуге тәрбиелеу ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің ұлттық мүдде тұрғысында қалыптасып шындалуына байланысты.

Математикалық білімді практикада қолдану бойынша тапсырмалар арқылы математиканы оқытудың (математикалық материалды игеру, емтиханға дайындалу, PISA есептері) және математикадан алған білімінің тереңдігі мен сапасына байланысты шалғай мақсаттарға қол жеткізіледі. Практикалық есептерді шешу кезінде сенімді формалды емес білім математикадан ғана емес, басқа пәндерден де алынады [2]. Сонымен қатар, қазір көп тапсырмаларда бір дұрыс жауабы бар сұрақтар қойылады. Бірақ нақты өмірде бір шешім қолданылатын жағдайлар аз болады. Күнделікті мәселелерде адамдар көбіне таңдау жасауы керек, өйткені бірнеше шешім болуы мүмкін. Мұғалім практикалық мәселелерді шешкен кезде оқушыларды ойлануға, әр түрлі жауап іздеуге, проблеманың даму нұсқаларын өздері есептеп, ең орындысын таңдауға үйретуі керек. Практикалық тапсырмаларды шешу кезінде тек арифметикалық амалдарды орындау қабілетін шоғырландыруға бағытталып қана қоймай, оқушыларды ойлануға, талдауға, көптеген шешімдерді өз бетінше қарастыруға және математикалық сауаттылықты дамыта отырып, іс-әрекет жасауға үйрету маңызды. [3]

Көтерілген тақырыпты сараптай келе, жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіс-тәсілдермен қаруланған, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғасы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани, жауапкершілігі зор, ортада белсенді, шығармашыл тұлға болуы тиіс. Қосымша білім беру ұйымдарындағы ең негізгі мәселелердің бірі - шығармашыл тұлғаны дамыту және қалыптастыру болса, тұлға қалыптастырушы ұстаз да жоғарыда аталған қасиеттерді өз бойына сіңіру заңдылық болып табылады. Қосымша білім беру ұйымдарына қатысатын оқушылардың барлығы өз бойындағы дарынды танып, шексіз жетілуді мақсат етіп келетін оқушылар. Себебі, олар өздерінің сүйікті ісімен айналысып, толыққанды меңгеруге тырысады. Сондықтан қосымша білім беру ұйымдарындағы ұстаздар қауымы әр баланың жүрегіне жол тауып, бойындағы ерекше қасиеттерін анықтап, сол бойынша үзіліссіз әрі үздіксіз жұмыстарды үлкен жауапкершілікті сезіне отырып атқаруы керек деп есептеймін. Білім алушыны оқуға шексіз қызықтырып, білім алуға құлшындыра білуі шарт. Ұстаздың әр ұйымдастырған сабақ үлгісі жоспар бойынша келесі сабағына ұқсамауы да оқушыны жалықтырып алмаудың бір тәсілі. Әрине ол педагогтан шексіз, тынымсыз еңбекті талап етеді. Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін жас жеткіншектерге түсіндіру арқылы олардың білім алуға, өнерді сүйуге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жағдайдағы педагогикалық процесс мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастық пен шығармашылық қарым-қатынас принципіне, яғни тұлғалық даму педагогикасы идеясына құрылады. Неміс философы Зиммель «Білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам» [5, с142] деген екен.



Алынған математикалық білімді өмірде қолдана білуге, әр сабақта немесе сабақ барысында оқушыларға практикалық мазмұнмен есеп шығаруды ұсынуға үнемі жаттықтыру қажет. Осылайша, оқушылардың белсенділігі артады, олардың ойлау әрекеттері жақсарады, математикалық білімдерді мықты игеру орын алады және математикалық дағдылар қалыптасады.

Оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану арқылы оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сабақ тиімділігін арттыруда ойын элементтерін қолдану - белсенділікті арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамын. Біріншісі, сабаққа қызығушылығын арттыру, тілін дамыту, екіншісі, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу. Мысалы: «Бәйге», «Кім жылдам?», «Кім тез табады?» «Ойлан, тап!», «Жалғасын айт», «Не? Қайда? Қашан?» ойындары барысында оқушының ойлау қабілеті, тапқырлығы дамиды.

Ел дамығандығының белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, мұның барып тірелер жері – білім, ал білім беру тетігі – мұғалімде. «Алты алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаз бүгінгі заман талабына сай болуы қажет. Ұстаз білімді ғана емес, Отанына адал, елін, жерін сүйетін адам болуы маңызды. Себебі, біздің қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің ең басты мақсаты - елін шынайы сүйетін білімді азаматтарды тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Мұқанов «Жас және педагогикалық психология». Алматы, 2000 ж.
2. Ә.М.Мүтәлиев, Р.Е.Асылбек, А.Е.Айтбаева, Г.Б. Қылышбаева. «Жас ерекшеліктер физиологиясы» Шымкент – 2001ж.
3. Пышколо А.М., Стойлова Л.П., Лаврова Н.Н., Ирошников Г.А. «Сборник задач по математике» Просвещение 1979ж.
4. А.Жакипова "Оқушылардың математикалық ойлауын дамыту" ИФМ 1997ж.
- 5.Георг Зиммель «Большие города и духовная жизнь», Алматы «Жалын», 1988 г.
6. Мағжан Жұмабаев «Педагогика», «Жазушы» баспасы, 2002 ж.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ СУРЕТІН ДАМУЫ

КУШКИМБАЕВА Айнур Серикбаевна, СЛАНОВА Г.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, М.Мөңкеұлы атындағы №6-мектеп
Ақтөбе, Атырау, Қазақстан
alitok@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада әдебиет пәнін оқытуда оқушыларды өмірге икемдеуде, адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасын таныту арқылы өзіндік көзқарасын қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы зерделенеді. Негізінен орта мектептердегі әдебиет сабақтарында жасалатын жұмыстардың күрделісі – көркем текстпен жұмыс істеу болса, соны оқушыларға меңгерту барысында қалай жұмыстануға болатыны жайында айтылады.

Мектепте оқытылатын оқу пәндерінің барлығы да оқушыларға ғылымның әр саласынан білім негізін меңгертеді. Солардың ішінде әдебиет пәнінің оқушыларға өмірді таныту, адамтану ғылымы тұрғысынан орны ерекше [1]. Адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасының ұшан-теңіз екендігі, оқушылар олармен танысып, білімі жан-жақты артып, өзіндік көзқарасы қалыптасып, дүниетанымы кеңейтіні туралы айтады. Көркем шығармадағы адам өмірінің сан салалығы, түрлі құбылыстар оқушының логикалық қабілетін дамытатын айтады. Дүниетаным деп отырғанымыз адамның білімі мен танымы, ар-ұждан мұраттары, әлеуметтік, ұлттық реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарас екен [1, 18]. Жастардың, оқушылардың дүниетанымын қазақ жазушылары мен ақындарының шығармашылығы негізінде дамытуға болатынын айтады зерттеуші. Сондай-ақ, көркем шығармалардағы адамгершіліктің асқақ асуларына қаншалықты бойлаған сайын жасөспірімнің дүниетанымы, ойлау жүйесі биіктей береді [1,19]. Дүниетанымның негізі білім болса, әдеби білім негізінде оқушыларда оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен



өткізіп, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімі біртіндеп қалыптасады дейді зерттеуші Жұмажанова Т. Ал енді психолог ғалымдардың айтуы бойынша бала төрт түрлі жағдайда білім алады екен: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жазу [2] сияқты әдістер екен. Сонымен, әдебиеттің оқушылардың дүниетамын кеңейтіп, ой қалыптастыраны белгілі болды, ал оқушыларға әлемнің ұлттық суретін қалай дамытамыз?

Сабақ дегеніміз – 40 минутқа шақталған материалдың бір бөлшегінің балалармен жұмыс істеуге лайықталған оқу жұмысының негізгі формасы. Әдебиеттік оқудың міндеттерін сабақ арқылы ғана нақтылап, сатылап орындауға болады. Сабақта оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттары жүзеге асырылады. Негізінен сабақтың дұрыс ұйымдастырлуы алдымен білім берушіге байланысты. Сондықтан сабақта жақсы нәтижелерге қол жеткізетін бірнеше жағдайлар бар. Олар:

- Білімді тексерудің жаппай, жеке түрлерін қолдану;
- Білімнің беріктігін, тереңдігін тексеру үшін қосымша сұрақтар беру;
- Білімді қолдандыру үшін балаға таныс емес жағдаяттарды айту;
- Жолдастарының жауабын тыңдап, дәлірек жауап беруге әзірлену үшін кластың оқушыларына тапсырмалар беру;
- Үй тапсырмаларын барлық оқушылардың қалай орындағанын анықтауға мүмкіндік беретін тәсілдердің жүйесін қолдану;
- Ұйымдастыру бөлімінің қысқалығы;
- Көп сөйлему, жігерлілік;
- Талап қойғыштық және оқушылардың жағдайына зейінін аудару және сабаққа кешікпей келу;
- Жылы жүзділік және кең жүректілік;
- Талапты тұрақты және жүйелі қою;

Әдебиет – заманалар тарихының, ұлы оқиғалардың, адамзат тіршілігінің, таным-нанымдарының көркем шежіресі. Әдебиет адам балсымен бірге жасап, оларға рухани күш-дем беріп, бірге дамып, өсіп келе жатқан өнердің бір түрі. Өнермен тығыз байланысыбар бұл пәнді шығармашыл ұстаз қалай түрлендіріп өткіземін десе де өз еркінде [2,109-110].

Негізінен орта мектептердегі әдебиет сабақтарында жасалатын жұмыстардың күрделісі – көркем текстпен жұмыс істеу. Ортаңғы класс оқушыларына қойылатын талаптардың бірі – көркем мәтін (текст) құрылысын талдай білу. Сонымен, әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері мен жолдарына тоқталып өтсек. Жазушы көркем туындының болымысын танытатындай, ондағы оқиғаларды бір-бірімен байланыстырады. Ондағы кейіпкерлер тіршілік кешеді, еңбек етеді, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, тартысқа да барады. Соңында уақыт пен кеңістікке сіңісіп орнығады. Осы кезде ең бірінші көзге түсетіні – автор баяндайтын оқиға. Ол жекелеген эпизодтардан құралып, шығарманың тақырыбын, идеясын, жанрлық ерекшелігін ашады. Автор өз шығармасында өмірдің әлеуметтік-қоғамдық жағдайын, бір кездегі адамдардың өмірін суреттейді. Көркем шығармада адам, адамгершілік, моральдық жағын ашып, көркем бейнелейді. Көркем мәтіннің осындай ерекшеліктері әдебиет сабақтарында игертіледі. Оқушы көркем шығарманы тек өтілген материалды баға алу үшін қажет, мінетті оқу деп түсінеуі керек. Көркем шығарманы оқушы жан дүниесімен ұғып, алған әсерін, көркем танымын одан әрі қолдана алуы керек. Яғни, көркем дүние оқушы жанына эстетикалық жарасымды ықпал тудырып, таным көкжиегін кеңейтуі, мінез қасиетін қалыптастыруға жәрдем етуі, ойға шақыруы тиіс [2, 33].

11-сыныптың қазақ әдебиетінде [3] Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы оқытылады. 11-сынып жаңа өмірге қадам басатын кездегі жасөспірімдер болғандықтан да, бұл шығарманы жетер жеріне жеткізіп талдау керек болады. Әрі әдеби білімін арттыру мақсатында Блум таксономиясына салып, талдап көрсек дейміз.

Қазіргі кезде технологияда білімді меңгерудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі қолданылады [4]. (3-кесте)

Ең алдымен, сабақта таксономияның екі деңгейі бір сабақта орындалатынын ескерсек. Білу, түсіну деңгейлерінде автормен, шығармамен танысамыз. Ең алдымен ББҮ кестесін толтырады. Үйрендім бағанын сабақтың аяғында толтырады.

Қолдану, талдау деңгейлерінде «Ерік пен Тағанның қарама-қарсылығы», «Айна образының бір қыры» тақырыбында эссе жазады. Эссеге қойылатын талап ойдың жаңашылдығы, 150 сөзден кем болмауы. Бұдан оқушылар өздерінің оқығандығы негізінде талдауы көрінеді, көтеріліп тұрған екі



мәселені шешудің жолын көрсетеді. Топтау, бағалау деңгейлерінде оқушылар жазушы тіліне талдау жасайды [5]. (5-кесте)

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы оқушылардың көз алдына әлемнің ұлттық суретін келтіреді. Шығыс Қазақстанның географиялық жағдайын, интернационалдық неке, аралар шаруашылығы, қазақтың басынан өткен небір оқиғалар. Сонымен қатар, шығарманы педагогикалық технологиялар арқылы талдасак [5,69]. Мұғалімдердің алдында тұрған ең басты міндет – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық еңбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру екені анық. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Ол өзгерістерді сабақ процесіне енгізуге тырысады. Сондай оң өзгерістердің бірі – білім беру үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу. Көркем шығаларды талдау барысында Ресейлік педагог-ғалымдардың авторлығымен тәжірибеге енгізілген «Педагогикалық шеберхана» технологиясының маңызы зор. Бұл технология негізінде оқушы жеті кезеңде жұмыс істейді.

1-кезең – индукция кезеңінде оқушылар оқу тақырыбын өздері шығарып алып, осы тақырыпқа деген қызығушылықпен жұмыс жасайды.

2-кезең – деконструкция кезеңінде оқушылар сызбаға немесе тірек схемаға сүйеніп, жұмыстарын жалғастырады. Оқушылар кластер құрап, ойларын жинақтайды.

3-кезең – реконструкция кезеңінде балалар дайын сызбамен немесе мәтінмен жұмыс жасайды.

4-кезең – әлеуметтендіру кезеңінде ақпаратты талдау, толықтыру, алмастыру, іздестіру, бір жүйеге жинақтау, бөлісу жатады. Оқушылар қай топтың нұсқасы сәйкес келгенін ажыратады.

5-кезең – үзіліс кезеңінде оқушыға ойлануға мүмкіндік беріліп, шеберхана барысындағы іс-әрекетті сезінуге жағдай жасайды.

6-кезең – афишалау кезеңінде әр бала немесе топ өздерінің жұмысын қорғайды, көпшілікке таныстырады, хабарлайды, жеткізеді. Осы кезеңді ұжым мүшелерін біріктіретін, ынтымақтандыратын кезең деуге де болады.

Соңғы кезең – рефлексия кезеңі. Рефлексия кезеңі әр оқушыға шеберхана барысындағы ішкі сезімін, ойын ашық айтуға мүмкіндік береді. Қатысушылардың жан дүниесінде болған өзгеріс, ұсыныс, пікірлерін айтып, сұрақтарына жауап алып, қорытынды жасайды [5,69-70].

«Атау кере» шығармасы негізіндегі педагогикалық технологиялық сабағын қорытынды сабақ ретінде өткізуге болады. Индукция кезеңінде оқушылар алдын-ала оқып танысқан мәтінді қайталап оқып, жеке жұмыс жасайды. Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады. Таған неліктен Ерікті «Қарабауыр» деп атайды? Айна неліктен күйеуі Ерікке деген көзқарасы өзгерді? «Қауіпті будан» не себептен қауіпті? Екінші кезең деконструкцияда оқушылар топқа бірігеді. Семантикалық картаны толтырады. Еріктің, Айнаның, Нүрке кемпірдің бейнесін дәл осылай ашады. (6-кесте)

Образдарға «кластер» әдісі арқылы мінездеме береді.

Қамқор Нүрке кемпірдің бар жағдайын жасайды.

Реконструкция кезеңінде оқушылар Ерік пен Таған бейнелерін аша түседі. Әлеуметтендіру кезеңінде оқушылар шығарма желісі бойынша суреттер салады. Үзіліс кезеңінде ойларын жинақтап, жобасын қорғауға дайындалады. Афишалау кезеңінде әр топ өз жұмыстарын қорғайды, көпшілікке таныстырады. Рефлексия кезеңінде оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерін, жасаған жұмыстарының нәтижесі жайлы айтады. Жалпы алғанда, Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы негізінде оқушылардың әлем жайлы, оның ұлттық суреті жайында ойлары дамиды. Интернационалдық неке жайлы, қауіпті будан жайлы, маскүнемдіктің зияны сияқты тақырыптармен танысады. Айна сияқты әйел әлемнің әр түкпірінде болатынын, Ерік сияқты кейіпкер әлемнің әр бұрышында өмір сүріп жатқанын, Таған сияқты адамдар күнделікті кездесіп қалып жататыны бар. Оқушылар осынау шығарма арқылы өзінің ойларын дамытып, дүниетанымдық, кең, глобалды ойлауға дағдыланады.

Қорытындылысақ, сабақ тек 40 минута созылатын процесс. Ол бітеді, ал өмірдің сабағы аяқталмайды. Оқушыларға 40 минутта әдебиет сабағында өмір тақырыптарын қозғай берсек, оларда ой қалатынын анық. Болашақта саналы таңдау жасай білсе, сол 40 минут сабақ өткізуге тырысқан мұғалімнің еңбегінің ақталғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Білім, 2009. – 288 бет
2. Тлеуова А.З. Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары: әдістемелік оқу құралы. Алматы: TechSmith, 2020. – 236 бет



3. Ақтанова А., Жундибаева А., Нурлыбаева Ж. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Атамұра», 2020. – 224 бет
4. Жанатбекова Н.Ж., Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы, CyberSmith, 2019. – 248 бет
5. Жоламанова Т. Көркем шығарманы талдау жолдары: Оқу құралы. Қарағанды: «Ақнұр» баспасы, 2018. – 178 бет

ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ АНТРОПОНИМДЕР

МАРАТОВА Мадина Туреханқызы

Ғылыми жетекші – Тектігүл Ж.О., ф.ғ.д., профессор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

maratova.madina1999@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ономастика саласындағы мифологиялық антропонимдер туралы ғалымдардың ой-пікірлері зерделенеді. Миф деп отырғанымыз кешегі мен бүгінгі және болашақты байланыстыратын жіп. Сондай-ақ, жазба тарихтан бастау алған оқиғалар мен келешекте орын алар уақиғалар мәні мен негізі жайлы әңгімелер екенін анықталады.

Халқымыздың ат қою өнері жоғары дамыған. Мәселен, Қ.Жұбанов Күшікбай, Итбай, Бөрібай сынды есімдерді талдай келе, байлықтың күшікке, итке, бөріге қатысы жоқтығын, негізі тотемизмнен шыққандығын айтады [1]. Адамзат баласы дамудың үш сатысынан өткен. Бірінші кезең – тотемизм деңгейінен дамып, мифология деңгейіне өтті. Сонда, халқымыздың ат қою өнерінде таным негізінде жүзеге асқанын аңғарсақ та болады.

Мифология, мифопоэтика саласында зерттеуші Ж.Аймұханбет мифті анықтауда мифолог ғалым М.Элиаденің пікірін негізге алады. Адамның, өсімдіктің, жануардың, тіптен әлемнің қалыптасуы туралы ғана емес, адамның ерте заманда кім болып, қазіргі күні ажалды тіршілік иесі атанғаны, қоғам болып ұйымдасқаны, өмір сүру үшін белгілі бір ережелерге бағынып, жұмыс істеуге қатысты оқиғаларды айтып береді деп анықтайды. Сонда, миф деп отырғанымыз кешегі мен бүгінгі және болашақты байланыстыратын жіп деп те танимыз. Сондай-ақ, миф деп отырғанымыз жазба тарихтан бастау алған оқиғалар мен келешекте орын алар уақиғалар мәні мен негізі жайлы әңгімелер екенін анықтаймыз. Сонымен бірге, зерттеуші былай дейді: «Адамзат санасында тұрақты орын теуіп, даму үдерісінде жаңалықтар мен жаңғыруларға қайнар көз болған архетиптер мен мифтік дүниетаным сабақтастығын танып, түсіну, пайымдау зерттеушіден аса қырағылықты және терең білімді, сезімталдықты қажет ететіндігін» [2, 82], - деп баса айтады. Сонда, миф деп отырғанымыз ежелгі адамның образды түрде қалыптасқан дүниетанымы екенін аңғарамыз. Зерттеуші Ж.Аймұханбет психология саласында архетип ұғымын енгізген К.Юнгтің миф жайлы анықтамасын келтіреді, яки миф тек қана образды түрде қалыптаспағанын, ежелгі архетиптер қалыптасқан кезеңнің бейсаналық жемісі екендігін айтады. Бұл орайда, «Жерұйық» архетип екендігін, мифтік қабатында саяхатқа шығу, сапарға аттану мәнін білдіретінін жеткізеді. Әрі «рухани жерұйықты» іздеу мәнінде қолданыс табады. Бұл дегеніміз кемел тұлғалық сынақтан өту, яки Жерұйықты табуды білдірсе керек. Сондай-ақ, мұратына жетуді ойлаған кейіпкер міндетті түрде сапарға шығуы керектігін жеткізеді. Сонымен бірге, «өлімнен қашқан Қорқыт ата» архетивтік сюжеті де «киелі сапар» екендігін айтады. Ажалдан қашу мақсатында күллі дүние жүзін аралап шығады [2, 90].

Мифологиялық кейіпкерлерді зерттеп, оларды екі топқа ажыратқан С.Қасқабасов былай дейді, яки мифологиялық кейіпкерлер іс-әрекетіне, шығу тегіне байланысты: ілкі ата мен жасампаз қаһарман, екінші топ қастандық ойлаушылар. Бірінші топқа жататын кейіпкерлер аң аулап, от жағып, алғашқы адамға өмір сүруді үйреткен дейді. Екінші топтағылар адам баласына жамандық жасаушылар деп ажыратады [3, 476]. Ілкі ата, ілкі ана деп анықталатын кейіпкерлер пірлер, оттың сақтаушысы – Ұмай ана сынды кейіпкерлер.



В статье отражены особенности методики преподавания дисциплины "Анатомия, спортивная морфология" обучающимся по образовательной программе Физическая культура и спорт. Обучение анатомии человека будущим специалистам по физической культуре и спорту имеет свои особенности по сравнению со студентами биологических факультетов и медицинских вузов. Высокая значимость анатомии заключается в практико-ориентированном обучении будущих специалистов по физической культуре и спорту, ориентированных на профессию.

Жоғары оқу орнында «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарында биологиялық пәндер циклі міндетті түрде қарастырылады. Соңғы жылдары академиялық еркіндікке байланысты, кейбір жоғары оқу орындары медициналық-биологиялық цикл деп қарастырады. «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына жүргізілген талдаулардан байқағанымыз биологиялық цикл пәндеріне «Оқушылардың физиологиялық дамуы», «Анатомия, спорттық морфология», «Биомеханика», «Спорттық физиология», «Биохимия» пәндері қамтылады. Болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарына адам анатомиясын оқытудың медициналық жоғары оқу орындары мен университеттердің биология факультеттерінің студенттерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар [1,2].

Дене шынықтыру және спорт маманының кәсіби қызметінің ерекшелігі адам ағзасының морфофункционалды ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді, сондықтан дене шынықтыру бойынша бакалаврларды даярлаудың білім беру бағдарламасында педагогикалық компонентті күшейту анатомиялық-физиологиялық компоненттердің қалыптасуына нұқсан келтірмеуі керек және түлектердің денсаулығын сақтау құзыреттілігі маңызды [3,4].

«Анатомия, спорттық морфология» пәнінің мазмұнын игеру арқылы болашақ мамандар адамның антропометриялық көрсеткіштерін, конституциялық ерекшеліктерін (кеуде, аяқ-қол, жамбас белдеу), жыныстық және жас ерекшелігіне байланысты адам анатомиясындағы өзгерістерді, бастысы спортпен шұғылдануда адам ағзасында болатын ерекшеліктерді зерделей алады. Адам анатомиясын жетік меңгерген жағдайда дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы, спорттық жаттығулардың нұсқаушысы адам ағзасы мен жүйелерінің морфо-функционалды ерекшеліктеріне қатысты оқу-жаттығу жұмыстарын дұрыс үлестіріп, қамқорлығындағы адамдардың денсаулығын нұқсан келтірмейді. Егер білім студенттерге практикалық қызығушылық тудырса, білім тиімдірек болады. Сондықтан «Анатомия, спорттық морфология» пәнін оқыту барысында дене белсенділігінің әсерінен спортшының мүшелері мен жүйелерінің морфофункционалды өзгерістеріне назар аударылады. Практикалық сабақтарда студенттер дене жүйелерінің жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, жүйке, тірек-қимыл аппараты бойынша соматикалық параметрлерін анықтау және бағалау дағдыларын алады. Студенттердің психофизиологиялық тестілерді игеруі, алынған нәтижелерді түсіндіре білуі де өзекті болып табылады, бұл болашақта түлектерге өз бетінше іс-әрекет, дене шынықтыру мұғалімі немесе белгілі бір спорт түрі бойынша жаттықтырушы ретінде жұмыс істеу барысында алған дағдыларын белсенді пайдалануға мүмкіндік береді [5].

«Анатомия, спорттық морфология» пәнін оқыту барысында алдымен студенттерге пәннің оқытылу мақсатын жете түсіндіріп, студенттердің қызығушылығын тудыру маңызды. Ол үшін инновациялық технологияларды ұтымды, жүйелі, тиімді қолдануға баса назар аударған жөн. Ондай технологиялардың қатарына тұлғаға-бағдарланған, тәжірибеге бағдарланған әдістерді айтуымызға болады [6,7].

«Анатомия, спорттық морфология» пәнін бойынша практикалық және зертханалық сабақ барысында дайындалған тапсырмаларға тоқталайық. «Кеуде сүйектері, олардың қызметі. Кеуде сүйектерінің құрылысының ерекшелігі» тақырыбы бойынша дайындалған практикалық жұмыста омыртқа жотасының қызметіне байланысты тапсырмада студенттер жаттығуларды орындап, омыртқаның жұмысына сипаттама береді.

1. Төмендегі жаттығуларға зейін қойыңыз. Омыртқа жотасындағы омыртқалардың қайсы (мойын, кеуде, бел, сегізкөз, құйымшақ) қозғалғыш және иілгіш. Спорттық жаттығуларды қайталап, болжам жасаңыз, тұжырымдаңыз.




2. Екі қолды жоғары көтеріп, ауызбен тыныстап, өкпені барынша ауаға толтырыңыз. Жинақталған ауаны барынша сарқып сыртқа шығарыңыз. Жаттығуды бірнеше рет қайталаңыз (5-10 рет). Жаттығуды орындау барысында кеуде сүйектері қандай қызмет атқарады. Сипаттап жазыңыздар. Берілген жаттығу бойынша студенттер тыныс алу барысында қабырғаның ықпалын байқайды, сипаттайды. Нәтижесінде кеуде сүйектерінің тынысқа қатысын бағлайды.

3. Препаратты, кестені, атлас суретті пайдаланып кеуде қуысының құрылысын қараңыз. Кеуде қуысының ерекшеліктері атандар: әйел және ерлердің кеуде қуысы сүйектеріндегі ерекшеліктер, кеуде қуысының құрылысының типтері (астеника, гиперстеника, нормостеники) спорт түрлерімен кәсіби шұғылдануға әсерін сипаттаңдар. Нәтижесін кестеге толдырыңдар.

Астеника – тар кеуде, кең қабырға аралық, кеуде асты бұрыш өткір;

Гиперстеника - кең кеуде, тар қабырға аралық, кеуде асты доғал өткір;

Нормостеника - кеуде орташа кеңдікте, кеуде асты бұрыш 90 градус.



Кеуде қуысы

1 – кеуде қуысы

2 – жоғарғы кеуде апертурасы

3 – төменгі кеуде апертурасы

4 – қабырғааралық қуыс (қабырға аралық)

5 – көкірек асты бұрыш

6 – қабырға доғасы

7 – өкпе төмпешігі x2 – оған қабырғаның омыртқалы бөлігіне іргелес өкпе беті;

8- арқа төмпешігі, кеуде омыртқасынан қабырға бұрышына дейінгі қашықтық, олардан терең арқа бұлшықеттері жатады.

1-кесте




Кеуде қуысы	Ұсынылатын спорт түрлері
Астеника	
Гиперстеника	
Нормостеника	

Кеуде қуысының құрылысының типтерін (астеника, гиперстеника, нормостеники) зерттеу арқылы студенттер болашақта спорт түрлеріне оқушыларды іріктеуде негізге алады. Ал сабақ барысында спорттық жаттығуларға талдау жасау арқылы, студенттер сүйектер мен бұлшықеттердің жұмысын, жаттығуларды орындау кезінде күш қандай бұлшықетке түседі жете түсіне алады.

Жаттығуларға анатомиялық талдау жасаңдар

Бұл жаттығу нықтың төзімділігі мен қозғалғыштығын арттыруға арналған.



	<p>Иықты айналдыру арқылы жаттығуды жасаңыз</p> <ol style="list-style-type: none">1. Бастапқы қалып – аяқ иық көлемінде, тізе сәл бүгүлі2. Алдыға тік қарап, екі жаққа көтереміз3. Алақаныңызды алға қарай бұрып, шынтағыңызды 90° бұрыш жасайтындай етіп бүгеміз. (А)4. Негізгі бұлшықеттерді қатайтып және білегімізді жерге параллель болғанша 90° градусқа алға қарай жылдамтөмендетеміз. (В)5. Білектерді жоғары көтеріп, қозғалысты қайталаңыз.
<p>Майларды ыдырату + бұлшық ет массасын көбейту + күшті көбейту Гантелді иық көлеміне дейін көтеру</p>	
	<p>Гантелді иық көлеміне дейін көтеру</p> <p>Алдыға қарап тұрамыз, аяқ иық көлемінде. Гантельдерді жамбастың алдында қолмен ұстаңыз. Арқаңызды бүкпей, жамбасыңызды артқа жылжытыңыз, гантельдер тізеңізден сәл жоғары тұруы үшін тізеңізді бүгіңіз.</p> <p>Секіргендей тұрып, гантельдерді иық деңгейіне дейін тартыңыз, шынтақтарды екі жаққа көтеріңіз</p>
<p>Бұл жаттығу арқаның серпімділігі мен қызметін күшейтуге арналған</p>	
	<ol style="list-style-type: none">1. Жерге ішпен жатып, дененің жоғарғы бөлігін көтеріп, шынтақ пен білек алға жібереміз. (А)3. Біреумен амандасатындай етіп, оң қолды алдыға созамыз (В) Осы қалыпта сәл кідіреміз.4. Оң қолды бастапқы қалпына келтіреміз (А)5. Енді сол қолды алдыға созамыз (В) Осы қалыпта сәл кідіреміз.6. Осы жаттығуды кезектестіріп жалғастырамыз.

Қорытынды: Практикалық және зертханалық сабақ барысында, студенттердің спорттық жаттығулар кезіндегі тәжірибелерін сабақпен пайдалану, сонымен қатар сабақты тұлға және тәжірибеге бағдарлай оқыту әдістерін қолданудың маңыздылығы жоғары болды.

Әдебиеттер

1. Методологические принципы и инновационные методы преподавания дисциплины анатомия человека / Артюхина А.И., Агеева В.А., Горелик Е.В., Багрий Е.Г., Чеканин И.М., Федотова Ю.М., Орехов С.Н., Матвеев С.В. // Научное обозрение. Педагогические науки. 2016. №6. С. 31-35. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_28769840_98806283.pdf (дата обращения: 12.01.2023).
2. Рудаскова Е.С., Зубарева Е.В. Формирование ключевых компетенций у студентов вуза физкультурного профиля в процессе преподавания анатомии человека. Физическое воспитание и спортивная тренировка. № 1 (15). 2016. С. 106–111. URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_25871046_47432839.pdf
3. Ivanov V.B. Formirovanie gotovnosti budushchih uchitelej-predmetnikov k organizacii fizicheskogo vospitaniya uchashchihysya sel'skih shkol [The formation of readiness of future subject teachers for the organization of physical education of students in rural schools]. Ufa, 2000. 166 p
4. Pogonysheva I.A., Pogonyshev D.A. Fiziologicheskie mehanizmy adaptacii cheloveka: materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii [Physiological mechanisms of human adaptation: materials of an international scientific and practical conference]. Tjumen': izd-vo «Lakonika», 2012. P. 8–11.
5. Еланцев А.Б., Маутенбаев А.А. Особенности преподавания физиологических предметов студентам, обучающимся по специальности «Физическая культура и спорт». Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби. Алматы. Казахстан. URL: <http://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/14323/84/3/5/0/> (дата обращения: 25.11.2019)
6. Бондаренко Т.Н., Латкин А.П. Роль практикоориентированного подхода в учебном процессе вуза при формировании и развитии отраслевых и региональных рынков услуг РФ // Современные проблемы науки и образования. - 2012. - №6.
7. Сериков В.В. Личностно-ориентированный подход в образовании: концепции и технологии. - Волгоград: Перемена, 1994. - 152 с



МИЛЛИЙ МАДАНИЙ МЕРОС ТУРИЗМИНИ РИВОЖЛАНТИРИШНИНГ ХАЛҚАРО АХБОРОТ-РЕКЛАМА ТИЗИМИ

Хонкул Қаҳҳарович САМАРОВ

Илмий раҳбар: и.ф.д., профессор М.Қ. Пардаев

Самарқанд иқтисодиёт ва сервис институти

Самарқанд, Ўзбекистон

Ulugbekmuzey@mail.ru

Аннотация

Мақола Ўзбекистонда янги –миллий маданий мерос туризмини ташкил қилиш ва ривожлантиришнинг ички ва халқаро туризм учун замонавий, самарали ахборот тизимларининг истиқболли йўналишларини яратиш бўйича тадқиқот натижаларини келтиришга бағишланган. Шунингдек, ишлаб чиқилган йўналишлар бўйича тавсиялар таклиф қилинган.

Калит сўзлар: реклама, этник мерос, миллий ўйин, хунарманд, устачилик, концепция, этика, урф-одат, атлас.

Кириш.Туризм ривожланган мамлакатларнинг туризми ривожлантириш ахборот-рекламаларига миллионлаб долларлар ажратишига эътибор берадиган бўлсак, туризм соҳаси айнан реклама билан самарали ривожланишига ишонч ҳосил қиламиз. Ахборот-рекламалар тизимини тайёрлаш учун лойиҳалаштиришнинг талабларини билиш лозим. Шунинг учун ҳам Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг «Туризм, спорт ва маданий мерос соҳаларида давлат бошқаруви тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида»ги Фармонида [1]- *«туризм хизматларининг ташқи ва ички бозорларида маркетинг тадқиқотлари олиб боришига, тарихий-маданий меросни кенг тарғиб қилишига, мамлакатимизнинг туризм қиёфасини сақлаб қолиши ва ривожлантиришига, миллий туризм маҳсулотлари ва брендларининг халқаро туризм бозорларига кириб боришига йўналтирилган фаол реклама-ахборот сиёсатини амалга ошириши»* белгиланган.

Мавзунинг долзарблилиги.Келтирилган фармондаги талаблар ва кўрсатмаларга ва туризм таълимидаги таниқли олимларнинг илмий адабиёт ларда келтирилган хулосаларга асосланиб, миллий маданий мерос туризмининг халқаро ахборот-рекламаларини яратишда қуйидаги йўналишлар бўйича тадқиқотларни бажариш Ўзбекистон миллий туризмидаги долзарб масалалар дан ҳисобланади [3.4.].

1. Миллий маданий мерос туризмининг миллий этник мерос, миллий маданият ва миллий санъат мероси бойликларининг халқаро ахборот-реклама лари тизимини ташкил қилиш.


2. Миллий маданий мерос туризмининг миллий ўйин турлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш.

3. Миллий мерос туризмининг миллий хунармандчилик соҳалари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш.

4. Миллий маданий мерос туризмининг миллий устачилик йўналишлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш

Тадқиқотларнинг натижалари. Тадқиқотлар юқорида белгиланган долзаб масалаларнинг йўналишлари бўйича амалга оширилди. Қуйида олинган хулосалар ва натижаларни келтираемиз.

1. *Миллий мерос туризмининг миллий этник мерос, миллий маданият ва миллий санъати мероси бойликларининг халқаро ахборот-рекламалари тизимини ташкил қилиши* [5]. Этник ва этнос атамалари-халқ, этник жамиятнинг тарихий келиб чиқишини, турмушини, моддий ва маънавий маданиятини ўрганишни билдиради, этика сўзи ҳам кўп ҳолларда этнос-халқнинг, миллатнинг тарихий тараққиёти давомида сақланиб келинаётган миллий одоб-ахлоқи, урф-одатлари, миллий кадриятлари ҳақида гапирилганда ишлатилади [2]. Бу атамалар халқаро туризмда тушунарли бўлганлиги учун ҳам, миллий маданий мерос туризмида миллий этник мерос ва миллий маданият мероси бойликларининг халқаро ахборот-рекламалари тизимига халқимизнинг турмуш тарзи, миллий урф-одатлари, маросимлари, миллий одоб-ахлоқи, миллий санъати ва миллий маданияти кўрсаткичлари тўлиқ киритилиши мақсадли бўлади (1-Расм).




1-Расм. Миллий маданий мерос туризмнинг миллий этник, миллий маданият ва миллий санъати мероси бойликларининг халқаро ахборот-реклама тизими

2. Миллий маданий мерос туризмнинг миллий ўйин турлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш [6]. Туризм соҳасида халқ миллий ўйинларининг халқаро ахборот-реклама ресурсларини ишлаб чиқиш ва туристлар учун экскурсия маршрутларини ташкил қилишнинг муҳим аҳамиятга эга эканлигидан бу ишлар қуйидаги йўналишларда бажарилиши мумкин. Биринчидан, халқимизнинг миллий ўйинлари вилоятларимизнинг қайси туманларида, шаҳарларида кўпроқ ўтказилиши ва қайси ойларда, мавсумларда ўтказилишини аниқ билиш лозим. Чунки, халқаро туристлар оқими кучайган вақтда бу ўйинларнинг ўтказилиши муддатлари тўғри келиши керак. Республикаимизнинг вилоятларида асосан Сирдарё, Жиззах, Навоий, Қашқадарё, Сурхондарё, вилоятларида кўпқари миллий ўйини жуда ривожланган. Қорақалпоғистон, Хоразм вилоятларида, шунингдек, Бухоро вилоятларида миллий ўйинларимиздан миллий кураш ва кўчқор уруштириш жуда оммавийлашган.

Сурхондарё ва Қашқадарё вилоятларида миллий кураш ўйинлари ҳам, кўпқари ўйинлари ҳам ҳозиргача яхши ўтказилмоқда. Шунинг учун ҳам, халқаро туристларни бу миллий ўйинларимизга кузқиш ойларида мўлжалланган экскурсия маршрутларига таклиф қилишимиз мумкин (2-Расм).

Миллий ўйинларимиз кўпқари –улоқ тортишувлари халқаро интернет тармоқларида берилганидан буён айнан шу ўйинга қизиқиб келувчиларнинг сони тобора кўпайиб бормоқда. Бу ўйинларга туристларни таклифлар қилишда ҳам туроператорларимиз толмасдан меҳнат қилишлари талаб қилинади. Биринчидан, Ўзбекистондаги йирик шаҳарлардаги марказларда халқимизнинг миллий ўйинларини рўйхатга олиш лозим бўлади.



2-Расм. Миллий маданий мерос туризмнинг миллий ўйин турлари учун халқаро ахборот-реклама тизими




Миллий ўйинларимиздан миллий кураш ва қўчқор уруштириш ўйинларини Бухоро, Урганч, Нукус ва Навоий, Қарши шаҳарларидаги меҳмон хоналарда реклама қилиш мумкин. Чунки, бу шаҳарлардаги меҳмонхоналардан атроф туманлар, хўжаликлар ва қишлоқлардаги тўйлар ёки бу шаҳарларда ўтказиладиган умумхалқ миллий байрамлари тантаналарига туристларни таклиф қилиш ва томоша қилдиришнинг имкониятлари кўпроқ бўлади. Шунинг учун ҳам миллий мерос туризмида миллий ўйинларнинг жамланган халқаро ахборот-реклама тизимини таклиф қилишимиз лозим (2-Расм).

3. Миллий маданий мерос туризмнинг миллий хунармандчилик соҳалари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш [4.6.]. Хунармандчилик, хунармандлик - миллий-анъанавий майда товар ишлаб чиқариш, оддий меҳнат қуроллари ёрдамида яқка тартибда ва қўл меҳнатига асосланган саноат тури; шундай маҳсулотлар тайёрланадиган касбларнинг умумий номи. Ўйрик саноат ишлаб чиқариши вужудга келишига қадар кенг тарқалган, айрим соҳалари кейин ҳам сақланган. Кам ривожланган мамлакатларнинг халқ хўжалигида ҳозир ҳам муҳим ўрин эгаллайди [7].

Миллий мерос бойликлари ичида халқимизнинг хунармандчилиги йўналишлари халқаро туризмни ривожлантиришда энг қизиқарли йўналиш бўлишини олдиндан хулоса қилишимиз мумкин. Халқимизнинг хунармандчилиги маҳсулотларидан ҳозирги вақтда туризмда қисман фойдаланилмоқда, яъни фақат хунармандчилик маҳсулотлари сотилмоқда. Бу ҳолат қониқарсиз албатда. Миллий хунармандчилик соҳаларидан туризмда фойдаланиш маълум, пухта ғоя, режа асосида ташкил қилиниши талаб қилинади.

Меҳмонхоналаримизда хорижий туристларнинг халқимиз миллий мероси маҳсулотлари, буюмларининг намуналарини кўймоқдамиз. Бу ҳолат ҳам меҳмонхона ходимларининг халқимизнинг миллий мероси буюмларига қизиқишларини сезиши ҳисобланади. Хорижий туристлар кўпроқ тўхталадиган катта меҳмонхоналаримизда халқимизнинг миллий мероси намуналаридан, қизиқарли кўринишларидан рангли тасвирда катта-катта қилиб меҳмонхона ларнинг кириш залларига хорижий тилларда кўрсатиш лозим (3-Расм).



3-Расм. Миллий маданий мерос туризмнинг миллий хунармандчилик соҳалари учун халқаро ахборот-реклама тизими

Меҳмонхоналаримизда, айниқса Тошкент, Самарқанд, Хива, Бухоро, Шаҳрисабз каби тарихий шаҳарларимизда халқимизнинг энг оммалашган миллий хунармандчилик соҳаларининг экскурсия маршрутлари рекламасини ишлаб чиқишимиз мақсадли бўлади. Шунингдек, бу шаҳарларда халқимизнинг миллий хунармандчилик марказлари ҳам рўйхатга олиниши зарур бўлади. Бу миллий хунармандчилик марказларининг ихтисослашуви, иш вақти, туристларни қабул қилиш ва видео ёки фото расмларга олишга рухсат бериш ва ҳокозо саволларга жавоб топиш керак.


4. Миллий мерос туризмнинг миллий устачилик йўналишлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш [4.6.].

Миллий маданий мерос туризмида устачиликнинг ахборот-реклама рини алоҳида беришимизнинг асосий сабаби шундан иборатки, халқимизнинг нутқида, хунармандларга бўлган



муомиласида асосан хотин-қизларнинг хунармандчилиги билан боғлиқ ишлаб чиқарувчилар уста дейилмайди. Масалан, гилам тўқувчи-гиламчи, кашта тўқувчи-каштачи, атласчи дейилади ва миллий либосларни (миллий дўппи, миллий тўнлар, миллий кўйлақлар ва ҳ. к.) тўқувчилар ҳам уста дейилмайди. Кўп ҳолларда уларни кўли гул, чевар деб атаёмиз. Шунинг учун ҳам, хунармандчилик алоҳида соҳа сифатида унинг, йўналишларининг ахборот-реклама тизими келтирилди. Шунингдек, кулолчи ларни ҳам кулолчи-уста дейилмаслигидан кулолчилик ҳам кўпинча хунар мандлар рўйхатига киритилади[8].

Миллий маданий мерос туризмидаги миллий устачилик йўналишлари ва бу йўналишлардаги миллий ишлаб чиқариш маҳсулотларини халқаро туризмда ахборотлаш-рекламалаш тизимларини яратишимиз лозим (4-Расм).



4-Расм. Миллий маданий мерос туризмининг миллий устачилик йўналишлари учун халқаро ахборот-реклама тизими

Келтирилган ахборот реклама тизимлари халқаро туристлар учун халқимиз билан яқиндан танишиш, халқимизнинг ўзига хос хусусиятларга эга бўлган миллий меросига қизиқиш албатта кучли бўлади. Шунинг учун ҳам, уларнинг бўш вақтлари юзага келиши билан қадимдан сайқалланиб келинаётган урф-одатларимиз, хунармандчилигимиз, тўй-тантаналаримизга уларни таклиф қилиши, уларнинг бевосита иштирок этишини таъминлаш, шароитлар яратиши улар учун жуда қизиқарли ва қувончли бўлиши шубҳасиздир. Бундай тадбирларни ўтказишда албатта туроператорлардан жуда катта устамонликни талаб қилади.

Туроператор бундай вақтларда миллий турмаҳсулотни ишлаб чиқиш ва таклиф қилиш учун маҳаллалардаги оксоқоллар, туманлардаги қишлоқ йиғинлари билан мустаҳкам алоқада бўлишлари, имкон даражада меҳмонхона ларга яқин бўлган маҳаллалар ёки туманлардаги тўй-томошалар ва оммавий байрамлар ўтказиладиган вақтларни, аҳолидаги тўйлар вақтини билиш ва улардан хорижий туристларни олиб келишга рухсатлар сўраш лозим бўлади. Айниқса, байрамлардаги “Сумалак”, «Нон», «Қовун», «Ҳосил байрами», “Наврўз” байрами сайлларига ва уни тайёрлаш жараёнларига туристларни иштирок этишларини ташкил қилиш, тўйларимиздаги ош пишириш жараёнлари га қатнаштириш, ошни меҳмонларга тарқатиш санъатини, меҳмонларни кузатиш, уларга хизматлар кўрсатишни, уларда унутулмас таасуротларни қолдиради.

Хулоса:

1. Ўзбекистонда янги-миллий маданий мерос туризмини ташкил қилиш ва ривожлантиришни миллий маданий мерос туризмининг истиқболли йўналишларига ихтисослашдан бошлаш ва бу йўналишларни давлат ташкилотлари қувватлаб бориши лозим. Бизнинг хулосаларимиз бўйича Ўзбекистонда миллий маданий мерос туризмини ташкил қилиш ва ривожлантиришдаги ихтисослашиш миллий маданий мерос бойликларидан мажмуали фойдаланиш имкониятларини ҳисобга олган ҳолда ушбу мавзуда келтирилган 4 та йўналишни қамраб олиши лозим.

Тавсия:



1. Миллий маданий мерос туризмнинг халқаро ахборот-рекламалари тизимларини қуйидаги истиқболли йўналишлар бўйича яратишни тавсия қиламиз:

- Миллий мерос туризмнинг миллий этник мерос, миллий маданият ва миллий санъат мероси бойликларининг халқаро ахборот-рекламалари тизимини ташкил қилиш.

- Миллий мерос туризмнинг миллий ўйин турлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш.

- Миллий мерос туризмнинг миллий ҳунармандчилик соҳалари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш.

- Миллий мерос туризмнинг миллий устачилик йўналишлари учун халқаро ахборот-реклама тизимини ташкил қилиш

Адабиётлар:

1. Ўзбекистон Республикаси Президентининг «Туризм, спорт ва маданий мерос соҳаларида давлат бошқаруви тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида»ги Фармони. Тошкент ш., 2021 йил 6 апрель, ПФ-6199-сон

2. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю., Толковый словарь русского языка. Москва, 1999. С-913.; Русско-узбекский словарь, Том II. Тошкент, 1984.-770 б.

3. Самаров Х. Қ., Ўзбекистонда янги-миллий мерос туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришнинг мақсади ва вазифалари. СЕРВИС илмий-амалий ж. № 4, Самарқанд, 2020.-12-16 б.

4. Samarov Hh.. "The Registan Ensemble – an Architectural Jewel of the Silk Road". Monografie – Politechnika Lubelska, Tangible Cultural Heritage of the Silk Road from the Area of Modern Uzbekistan, Poland., 2021.-9-12 p.

5. Samarov Hh., The Registan Ensemble – an Architectural Jewel of the Silk Road. Tangible Cultural Heritage of the Silk Road from the Area of Modern. Uzbekistan. Monografie Politechnika Lubelska. Politechnika Lubelska Wydział Elektrotechniki Informatyki 2022.-7-19p. ul. Nadbystrzycka 38A Lublin. 7-19 p.

6. Самаров Х. Қ., Миллий маданий мерос туризми, Монография, "Фан ва технологиялар нашриёт-матбаа уйи", Тошкент, 2022.-188 б. ISBN 978-9943.

7. Ўзбекистон миллий энциклопедияси, 11-Китоб, Ўзбекистон миллий энциклопедияси, Давлат нашриёти, Тошкент, 2005.-392 б.

8. Ҳайитбоев Р., Ўзбекистоннинг чўлларида туризмни ташкил қилиш ва ривожлантиришнинг стратегик йўналишлари. Монография, "Стар-Сел МЧЖ". Нашриёт-матбаа бўлими, Самарқанд, 2022.-175 б. ISBN: 998-9943-9077-0-6.

ӘЛЕМ ҰСТАЗБЕҢ НӘРЛЕНЕДІ

ШАМАТОВА Гаухар Жанибековна, СЕЙЛГАЗИНОВА Асем Мамырбековна

Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Өскемен, Қазақстан

assemarman@mail.ru

Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын, - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауында «Жаңа Қазақстан - жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманты» [1] деген еді. Олай болса болашағымызды жаңартатын да жаңғыртатын да біздің алдымызда отырған бүгінгі шәкірттеріміз. Осы орайда ұстаздың жаңа қоғамдағы орны оқушы санымен емес, оқушының адами тұлға ретінде қалыптасу сапасымен бағалануы керек. Ұстаздың лаулаған жалыны — әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы іспетті. Күллі дүниедегі асыл адам ең алдымен ана болса, бала жүрегіне жол тауып өмірге, болашаққа деген сенімі мен құштарлығын оятатын, дүниенің, қоршаған ортаның табиғи заңдылықтарын түсінуге, алған білімді өмірдің кез келген ортасында қолдана білуіне жол ашатын бірден – бір адам, ол - ұстаз. Халық арасында ұстазы мықтының – ұстамы мықты деген сөз ұстаздарға деген зор жауапкершілікті білдіреді.

Бүгінгі күнгі мектеп өмірі де адамның өмірі сияқты үнемі ізденіс пен шығармашылық даму үстінде. Әрбір ұстаз оқу үрдісінде оқушылармен сенімді өзара силастық қарым-қатынас пен



үйлесімділік құрған кезде ғана білімнің биік шыңына шығып әлемде болып жатқан өзгерістерді түсініп бағалай алады.

Оқытудың маңызды принциптерінің біріне баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу жатады. Педагогикалық сөздікте көрсетілгендей, оқытуда оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу мұғалімге олардың әрқайсысының мінезін, темпераментін, қабілеттерін, оқуға деген түрткісінің түрін білу арқылы оқуға деген қатынасын анықтауға, оқытудың тәсілдерін анықтауға, оқушыларға жекелей әсер етуге мүмкіндік береді. Осы орайда өзімнің педагогикалық тәжірибемде кездескен жағдайды сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Өзім сабақ беретін 8 сыныптағы бір оқушының білімі төмендеп кетті, ол тек менің ғана пәнімнен емес басқа пәндерден де солай болды.

«Баланың барлығын бір иненің көзінен өткізбес үшін олар туралы көбірек білуге тырысыңыз».

Г.Гарднер [2]

Сонымен, пән мұғалімі ретінде іс тәжірибеге өзгеріс енгізуді 8С сыныбы оқушыларына мектеп психологымен бірлесе отырып, іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргізуді және аталған сыныптағы нақты оқушыға бағыттағанды жөн көрдік. Не себептен бұл сынып таңдап алынды және нақты N деген оқушы таңдалды? деген сұрақ туындауы мүмкін оның себебін былай түсіндіруге болады, оқу үрдісіндегі дифференциация картасы бойынша аталған оқушының нәтижесі:

а. Теппинг тест жұмыс істеу екпіні:

Ж- жоғары;

б. Интеллект түрі Гарднер әдістемесі бойынша: МҚ - моторикалы қозғалыс;

в. Ерекше категория, үнемі көңіл аударып отыру қажет делінген.

Яғни аталған оқушы тез қимылдап, тез ойлана алады және жұмыс істеу екпіні де жоғары болу керек еді. Ал, сабақта N атты оқушы мүлде керісінше, өте баяу қимыл қозғалысы төмен, сыныпта бар – жоғы белгісіз, ерекше категориялы деп айта алмайсың. Неге, неге?..... деген сұрақтар мазалай бастады. Мектеп психологымен кеңесе келе оқушығын қызығушылығын тудырып, білім деңгейін

жақсарту үшін күнделікті сабақты жоспарлауда дифференциация картасын қолданып көрсек қалай болар екен, және оның оқушының білім жетістігіне тигізетін әсерін нақты көруге, нәтижелерді талдауға мүмкіндік туар еді деп шештік. Сөйтіп, келесі кезекте алға мақсат қойылып, зерттеудің әдіс – тәсілдері айқындалып күтілетін нәтижеге болжам жасалынды.

Мақсаты:

- Дифференциация картасының сабақты жоспарлау барысында тиімділігін анықтау (8 сынып мысалында);
- Сыныптағы «N» оқушының дифференциация картасын қолданылған жағдайда даралап оқыту мүмкіндігін анықтау;
- Негізгі мақсат анықталып алынғаннан кейін, алдағы уақытқа жоспар құрылып, зерттеудің әдіс – тәсілдері таңдалып алынды.

Жоспар

- «N» атты оқушының іс- әрекетіне жан – жақты зерттеу жүргізу;
- Дифференциация картасын сабақты жоспарлауда қолдану.

Әдіс- тәсілдер:

- Оқушымен жеке әңгімелесу;
- Кураторымен, ата-анасымен және сыныптастарымен сұхбаттасу, талдау;
- Бақылау, байқау әдістері.

Аталған әдіс- тәсілдер арқылы оқушының кураторымен, ата- анасымен сөйлесіп бала туралы дерек жинай басталды. Жиналған деректер интерпретацияланып, талданып ары қарай қандай іс –





әрекет жасау керектігі айқындалды. Жалпы сыныпты соның ішінде нақты оқушыны зерттеу барысында біздің түсінгеніміз, ұстаздар әрбір балаға мұқият көңіл аудара бермейтіндігі белгілі болды оның себебі, «N» атты оқушыны зерттеу барысында ол баламен жеке жұмыс істеу керек екендігі түсінікті болды да, келесі тоқсаннан бастап тек бір өзін ғана шақырып жеке жұмыс жүргізілді. Әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктері бар ғой, спецификациясы әр түрлі дегендей, ол оқушы мүмкін гуманитарлық бағыттағы пәндерге қызығушылығы жоғары тез ойланады, қимылдайды шешімді де тез қабылдайды. Ал жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерге де қызығады, бірақ оқушының ол пәндерден ақпаратты қабылдауы, ойлауы, есептеулер жүргізе алуы баяу болғандықтан, берілетін материалдар асықпай, жайлап түсіндірілсе деген болжам жасалынды. Келесі кезекте күнделікті сабақты жоспарлағанда дифференциация картасын қалай қолдануға болады? - деген ой келді. Сонымен әрбір сабақты жоспарлағанда дифференциация картасын алып ондағы әрбір баланың (Теппинг тесті –жұмыс істеу екіні, Гарднер әдісі – интеллект түрлері, Равен матрицасы – логикалық ойлауы, қабылдау түрі, жады (ес) түрлерін ескере отырып сабақты жоспарлау ұйымдастырылды. Сабақта берілетін материалдар сыныптың ерекшелігіне байланысты (көбі аудиал және визуал) ал, менің зерттеуімдегі оқушы аудиал, дыбыстық есте сақтауға бейім (ДЕС) [2] сондықтан ол оқушыға жайлап ауызша айтып және жазбаша түрде жазып көрсеткенді есте сақтайтынын ескере отырып сабақ жоспарланды. Кезінде педагог К.Д Ушинский «біз жан – жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, алдымен жеке тұлғаны зерттеуіміз керек»- деген еді. Сабақ жоспарын құрастырғанда сыныпты «Теппинг тест» арқылы топқа бөліп алып, әр топқа жұмыс істеу екіні бойынша жеке – жеке тапсырма құрастырылды. Өз бетімен жасайтын жұмыстар сыныпқа таратылып берілгеннен кейін «N» оқушының жанына барып не беріліпті, қалай орындауға болады, неге олай деп ойлайсың? деген сұрақтар арқылы сыни ойлай алуға, өз ойын ашық айтуға бағытталған жұмыстар жасалынды. Оқу үрдісіндегі дифференциация картасының тиімділігі оқушылардың жұмыс жасау барысында нақты сезіле бастады. Көп ұзамай оқушының пәнге қызығушылығы артып сабақ арасында, бос уақытында келіп, берілген тапсырманың түсінбеген сұрақтарын сұрап отырды. Алғашқы I және II тоқсан қорытындысы бойынша тек «3» ке оқыған оқушы III –ші тоқсаннан бастап күнделікті сабақта дифференциациялы тапсырмалар мен даралап оқыту, жеке қосымша сабақтар жүргізу және алдыңғы тоқсанның материалдарын қайта қарастырып күнделікті жүйелі түрде жұмыс жасау нәтижесінде III тоқсандағы бағасы «4» болды. Алдыңғы уақытта алға нақты мақсат қоя отырып күнделікті сабақты жоспарлауда, сыныптың әрбір оқушысына дифференциация картасын қолдана отырып іс- әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргізіп, оқушылардың білім сапасын арттыруға жағдай жасау жоспарланды.

Атқарылған жұмысты талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады:

-Теппинг тест нәтижесі арқылы топқа бөлу сабақ тығыздығын арттырады;

-Гарднер әдістемесі қорытындысын ескере отырып жоғарғы деңгейдегі сұрақтар әзірлеген тиімді;

-Равен әдістемесі қорытындысын жоспарлауда аса маңызды емес;

-Есте сақтауға арналған әдістеме қорытындысы қабылдау түрлері әдістемесінің нәтижесін қайталайды;

Сонымен, іс-әрекеттегі зерттеу - мұғалімнің өзінің тәжірибесін жетілдіру. Әрбір мұғалім өмір талабына, заман ағымына сай өз білімін, педагогикалық әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Әрбір оқушының жүрегіне жол тауып, әрбір оқушының білімге деген сұранысын қанағаттандыра алсақ біздер ұстаздармен әлем да нәрленері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан халқына жолдауында «Жаңа Қазақстан -жаңару мен жаңғыру жолы» Қасым - Жомарт Тоқаев 16 наурыз 2022ж.
2. Ермолаева М.Г. Современный урок: Анализ, тенденции, возможности. Учебно-методическое пособие- СПб.: КАРО, 2011.-160с.- (Серия «Уроки для педагогов»).
3. Чичибу Т. Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013.
4. Психологическое тесты. В2т./под ред.А.А.Карелина.-П86М.:Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2007.-Т2.-248с.:ил.



БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ЖӨНІНДЕ БІЛІМДІ ДАМУДА СЫНЫП ЖӘНЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

СЫЗДЫКОВА Эльвира Курмантаевна, АМАНБАЕВА Махаббат Батырғалиқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университеті

Қызылорда, Алматы, Қазақстан

sizdikova_elvi@mail.ru, mahabat.82@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың биоалуантүрлілік жөніндегі түсініктерін қалыптастыруда сыныпта және сыныптан тыс атқарылған жұмыстар жөнінде баяндалған. Оқушылармен бірге өткізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының тиімді болғандығы, оларды ұйымдастыру жолдары көрсетілген.

Биоалуантүрлілік білімді дамыту, табиғатқа топсеруен(экскурссия) жасау кезінде, табиғи ортадағы тірі организмдерді бақылау кезінде ғана байқалады. Өкінішке орай бағдарламаға сай бірнеше міндетті топсеруен жұмыстарын жүргізу кейде мүмкін болмай қалады. Сондықтан сыныптан тыс уақытта бақылау ұйымдастыру керек болады [1,2, 3].


Барлығына мәлім болғандай сыныптан тыс жұмыстар бір жағынан сабақта алған білімнің тереңдетілуіне, екінші жағынан оқушылардың танымдық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Әр түрлі сабақтан және сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеттілігі және зеректігін анықтауға көмектеседі. Психологтардың мәліметі бойынша балалық шақта олардың белгілі бір мамандыққа деген қызығушылығы ояна бастайды[4].

Сыныптан тыс сабақтарда биология кабинетінің материалдық базасын жақсартатын арнайы оқу құралдары, табиғи объектілер жасалады. Сабақ барысында сыныптан тыс сабақтардың маңызды материалдары (бақылау нәтижелері, күнделіктер, тәжірибе нәтижелері) енгізіледі. Осының барлығы сыныптан тыс сабақтарды сабақпен тығыз байланыстырады.

Тәжірибелік зерттеулерде түрлердің және экожүйелердің биологиялық алуантүрлілік білімін жетілдіру,мазмұнды терең меңгеру,биологиялық алуантүрліліктің азаюы және оны сақтап қалудың жолдарын қарастыратын сыныптан тыс сабақтары пайдаланылды. Сыныптан тыс сабақтарда оқушылар табиғи ортада өмір сүретін нақты түрлермен, олардың мекен ету ортасымен танысуға, жабайы және мәдени өсетін өсімдіктерді бақылауға мүмкіндік алды, экожүйе жағдайы және оның өзгеру жағдайларымен танысты.

Зерттеулер көрсеткендей тірі ағзалардың алуан түрлілігін, олардың тіршілік ету жағдайын зерттеу оқушыларды өсімдік және жануарлар әлемін қорғауға деген жауапкершілік, өз өлкеңнің биоалуантүрлілігін мақтан тұту, осы байлықтардың көбеюіне, жойылмауына, оны белсенді түрде қорғауға тәрбиелеуде оң әсерін тигізеді.

Оқушылардың тәжірибелік зерттеулердегі әр түрлі белсенділігі барлық сыныптан тыс сабақтың: жеке, топтық, жаппай түрлерінде жүргізілді (1 сурет).



Сурет 1 Тәжірибеде пайдаланылған сыныптан тыс сабақтың түрлері

Жеке өткізілетін сабақтарда өсімдіктер және жануарларға, табиғи экожүйелерге, ондағы өзгерістерге бақылау жүргізу ұсынылған. Бақылау кезінде тірі ағзалардың әр түрлілігі, құрылымы, мінез –құлқы, дамуы туралы ғана емес, сонымен қатар адамның табиғатқа әсері туралы да білім алды.

Зерттеулер көрсеткендей сабақтан тыс уақытта оқушылардың жеке бақылау жүргізуінің үлкен оқу –тәрбиелік мәні бар. Ең алдымен олар оқушыларға бағдарламалық материалды тереңдеуге, білімін жақсартуға, табиғатты қорғаудың қажеттілігін, барлық тірі ағзаларға деген қамқорлық сезімін оятуға көмектеседі.

Тәжірибе нәтижелеріне сүйенсек, топтық сыныптан тыс сабақтар үйірме арқылы жақсы ұйымдастырылатынын байқауға болады. Мектеп практикасындағы зерттеулер көрсеткендей биология пәнінен сыныптан тыс жұмыстардың кең тараған түрі -үйірме жұмысы.

Үйірменің тақырыбы: "Туған өлкенің табиғатын зерттеу"

Үйірмеде түрлі бағытта жұмыстар жүргізіледі:

- кіші жастағы оқушылармен жұмыс;
- биологиялық және экологиялық тақырыптарға байланысты қойылым және спектакльдер ұйымдастыру;

- дәріс, викторина, әңгімелесу, рөлдік ойындар өткізу;
- балалар суретінің көрмесі;
- экологиялық қозғалыстардағы белгілі күндерді атап өту;
- бейнефильмдерді көру және талқылау;
- экскурсия, экспедиция және мониторингтер жүргізу;
- ғылыми –практикалық конференцияларға қатысу;
- қаланы (ауылды) көгалдандыру, еңбек десанттарын ұйымдастыру;
- облыс және қаланың эколого –биологиялық ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасау.

Үйірменің жұмысы мектеп қабырғасындағы оқушылардың бақылау және практикалық жұмыстар жүргізетін қала және ауыл маңындағы табиғат ортасымен танысу арқылы жүзеге асады.



Зерттеулер көрсеткендей тірі ағзаларға және олардың мекен ету ортасына бақылау жүргізу оқушылардың байқағыштық қасиетін дамытуға және олардың назарынан тыс қандай құбылыстар өткенін ойлануға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларымен биологиялық алуантүрлілікті зерттеуге байланысты 10-ға тарта ғылыми –зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өсімдіктер және жануарлар түрлерінің алуантүрлілігін анықтап, олардың тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттап, мониторинг жүргізуді үйренді, биологиялық алуантүрлілікті сақтауға байланысты мәселелерді шешуге дағдыланады.

Тәжірибе көрсеткендей мониторинг жүргізу кезінде оқушылар тек түрдің алуантүрлілігін ғана емес, сонымен қатар:орманда тірі ағзаларға зиян келтірмей қалай жүруге болады? Зерттеу алаңшасындағы өсімдіктерді таптамай қалай сипаттау керек? Жануарларды өз ұяларын тастап, ұрпақтарын жоймау үшін қалай бақылау керек? – деген сұрақтарға жауап алды.

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстың бір міндеті -табиғи экожүйелерге, оның ішінде жергілікті жердің географиялық жағдайы әр түрлі биотоптарға мониторинг жүргізу.

Оқушылар тоғай флорасының түрлік құрамын және салыстырмалы талдауын жүргізе алды. Нәтижесінде зерттеліп жатқан тоғайдың түрлік құрамы бойынша әр түрлі екені анықталды.

Сыныптан тыс жұмыстарға жергілікті жерге жасыл желекті отырғызу және олардың экологиялық жағдайы қарастырылды. Бақылауға алынған аймақтарда тұздылыққа төзімді 30 ағаш пен бұта түрлері өседі. Басымды түрлерге үшкір жапырақты тал - 15%, тораңғы -14 %, терек – 10 % және т.б.жатады. Ағаш және бұталардың сыртқы белгілеріне қарай (аумағы, жапырақ, дің, қынаның болуы) жасыл желектерге мән берілді. Алынған нәтижелер қалалық және ауылдық «Жасыл ел» ұйымының мәліметтерімен салыстырылды. Жергілікті аймақ жағдайын жақсарту үшін оқушылар көгалдандыру жұмыстарына қатысты.

Зерттеулер көрсеткендей оқушылар тек жер бетілік экожүйелер ғана емес, сонымен қатар су экожүйелеріне мониторинг жасауға қызығушылық танытатынын көрсетті. Олар аудан аумағында орналасқан су қоймасында және жағалауында өсетін өсімдіктің түрлік құрамын зерттеп, 20 өсімдікті анықтап, басым түрлерін бөліп көрсетті, олар: кіші балықөт, қамыс, үшкір қияқ, жалпақ жапырақты қоға және т.б.түрлер. Бақылау барысында су қоймасы экожүйесінің қоректік тізбегі құрастырылды.

Тәжірибе қорытындысы бойынша биология пәнінен сыныптан тыс жұмыстар оқушыларды қызықтырады, сабақты тереңдетіп оқуға әсер етеді және табиғатты қорғауда және зерттеуде белсенді практикалық іс -әрекетке жетелейтініне көз жеткіздік. Оқушылар белгілі бір түрлермен танысуға, олардың тіршілік ортасымен, әр түрлі экожүйелердің жағдайын бақылауға мүмкіндік ала алады. Қосымша әдебиеттермен жұмыс,бейнефильмдер көру олардың көзқарастарын өзгертеді,білімдерін тереңдетуге қолайлы жағдай жасайды.

Түр және экожүйелі алуантүрлілік туралы білімді меңгеру барысындағы педагогикалық тәжірибелердің нәтижелері «Табиғат біздің айналамызда» атты эколого –биологиялық үйірмеге қатысушылармен құрылған экологиялық жолда экскурсия жүргізумен байланысты болды.

Бұл жол аумағында әр түрлі ландшафттар шоғырланған: су қоймалары аралас жатқан ормандармен, жартастар көлдермен,төменгі шалғындықтармен алмасып отырады. Жол бір объектіден екіншіге жануарлар және өсімдіктердің, табиғи экожүйелердің алуантүрлілігін сипаттап көрсетуге болатын маршрут бойынша ауысып отырады.Осының барлығы оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Оқу жолындағы экскурсияны ұйымдастыру арқылы оқушылар табиғатта өзін қалай ұстау керектігін біледі, аймақтың өсімдік және жануарлар әлемімен таныса алады, туған жерге деген сүйіспеншілігі артады.

Алған білімдер нақты міндеттерді орындауға, яғни туған өлкенің биологиялық алуантүрлілігін сақтау және зерттеу, адам өміріндегі қоршаған ортаны сақтауға негізделген. Осыған орай экологиялық жолдағы жұмыстардың мазмұны, әдістері, оқу–тәрбиелік процесстерге бағынады.

Биоалуантүрлілік туралы білімді меңгеруде далалық жердегі жұмыстар жақсы нәтиже береді, оқушылар тек материалдарды жинамайды, сонымен қатар алынған мәліметтерді өңдеп, теориялық қорытындылардың талдау нәтижелерінің құрамын анықтай алады, табиғаттағы нақты бір объектілерді қорғау шараларын ұйымдастыру дағдылары қалыптасады.

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей оқушылардың оқып жатқан пәнге, ғылымға деген құштарлығын түрлі іс-шаралар, спектакль, рөлдік ойындар және т.б. арттырады. Мұндай іс – шараларды өткізу оқушылардың өзіне шығармашылық жағынан баға беруге, әсіресе адам іс -әрекетінің қызметі, яғни табиғатқа деген жағымды қарым –қатынасты дамытуға көмектеседі.



Ойын -болашақ өмірде болатын жағдайларға дайындық ретінде тәрбиелеуде оқушылардың даму қабілеттерін арттырады.

Қазіргі кезде рөлдік ойындарға көп мән беріледі,осыған байланысты оқу -әдістемелік кешендерде көптеген жоспарлар да пайда болып жатыр.

Зерттеу кезінде біз Б.М. Миркин және Л.Г. Наумова, С.Л. Мясни- Колбовскийдің [5,6] оқу-әдістемелік нұсқаулықтарын, биологиялық алуантүрлілік және оны қорғау мәселелері бойынша әр түрлі рөлдік ойындарды пайдаландық.

Ойлау, жауап іздеу, дәлел келтіру, «миға шабуыл» және іскерлік ойындар – барлығы оқушыларға қазіргі кездегі биологияның қыр –сырымен танысуға көмектеседі.

Зерттеулер көрсеткендей тірі ағзалардың алуантүрлілігін, олардың тіршілік ету жағдайын зерттеу өсімдік және жануарлар әлемін қорғау, өз өлкеңнің биоалуантүрлілігін мақтан тұту, осы байлықтардың көбеюіне, жойылмауына әкеледі (1 кесте). Оқушылар сыныптан тыс іс –шараларға жақсы дайындықпен қатысады, пәнге деген ерекше қызығушылық танытады, талқыланып жатқан мәселелер бойынша әдебиеттерге шолу жасап зерделейді.



кесте 1

Оқушылармен өтілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлері

Рөлдік ойындар және викториналар	Мерекелер және спектакльдер	Дөңгелек стол және сұхбаттасу	Экскурсия және мониторинг	Эксперименттік экологиялық зертхана	Суреттер көрмесі және еңбек десанттары
<p>1.Байқау- ойыны"Бөгде экожүйеден қонақ".</p> <p>2.Ток-шоу "Ғаламшардың биоалуантүрлілігін сақтау".</p> <p>3.Ток -шоу "Тұщы су экожүйесі".</p> <p>4.Ток-шоу "Орман -жасыл ғаламшар".</p> <p>5.Досыңмен орманға кел.</p> <p>6 . Қызыл кітаптағы өсімдіктер</p> <p>7.Жергілікті жердің су қоймаларын сақтау.</p>	<p>1.Егінді және гүлдерді жинау мерекесі(қыркүйек).</p> <p>2.Көктемдегі өсімдіктер тіршілігі (наурыз).</p> <p>3.Құстар күні (1 сәуір)</p> <p>4.Биоалуантүрлілік күні (29 желтоқсан).</p> <p>5. Өсімдік, жануармен қалай достасады (спектакль).</p>	<p>1. Қызылорда облысының сирек кездесетін өсімдіктері.</p> <p>2. Мұздардың еруі өсімдіктерге қалай әсер етеді?</p> <p>3. Ірі және ұсақ экожүйелер.</p> <p>4. Судың тазалығын сақтаушылар.</p> <p>5.Жойылып бара жатқан ағаштардың ұрпақтары.</p>	<p>1.Экологиялық жол "Бізді қоршаған табиғат" (табиғи объектілерді бақылау)</p> <p>2.Сырдария өзенінің өсімдіктер және жануарлар әлемі(судың түрлік құрамын анықтау және экологиялық жағдайын бағалау).</p> <p>3.Шалғындық экожүйе</p> <p>4.Қаланың жасыл белдеуі (жасыл желектің көп түрлілігін анықтау).</p>	<p>1.Белгілі бір тіршілік ортаға организмдердің бейімделуі.</p> <p>2.Өсімдіктерді анықтау.Өсімдіктердің сыртқы құрылысының белгілерін сипаттау.</p> <p>3.Жасанды экожүйе-аквариумдегі қорек тізбегін құрастыру.</p> <p>4.Өсімдіктердің түрлерін анықтап тығыздық индексын есептеу.</p>	<p>1.Біздің орманның әсемдігі.</p> <p>2.Мен өз өлкемді неліктен сүйемін.</p> <p>3.Өлкені көгалдандыру</p>

* В.В. Пасечник әдістемелік нұсқауы пайдаланылды

Зерттеулерде сабақ барысындағыдай сыныптан тыс жұмыстарда да көрнекі- құралдар пайдаланылады.

Осы принциптерге сүйене отырып зерттеулер кезінде табиғи көрнекіліктер кеңінен қолданылды, олар оқушыларға биологиялық алуантүрлілік жайлы білімдерін меңгертуге мүмкіндік берді. Мектепте "Жасыл мектеп" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында туған өлкенің мұражайы құрылды, оның басты мақсаты – Қармақшы ауданының табиғи алуантүрлілігін көрсету, мектепте эстетикалық және экологиялық тартымды кеңістік құру, оқушылардың экологиялық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Мұражайға экскурсия жүргізуге, практикалық жұмыстар жүргізуге және экологиялық ағарту және насихаттау бойынша іс-шаралар өткізуге болады.

Табиғат мұражайында төмендегідей бөлімдер қамтылды:

- Геологиялық бөлім: тау жыныстары және жергілікті жердің минералдары және олардың халық шаруашылығындағы маңызы (пайдалы қазбалар);
- Топырақ бөлімі: жергілікті жердің топырақ үлгілері;
- Ботаникалық бөлім: әр түрлі өсімдіктердің гербарийлері, тұқымдар және жеміс коллекциялары, саңырауқұлақ және қынаның түрлері жиналған;
- Зоологиялық бөлімде омыртқасыз жануарлардың (жәндіктер, өрмекшітәрізділер, шаянтәрізділер, моллюскалар), ескі құс ұяларының коллекциялары сақталған;
- Экологиялық бөлім: жергілікті жердің түрлі табиғат аймағындағы минибиотоптарды құрайды (су қоймасы, орман, тоғай көріністері).

Мұражайдағы барлық материалдар мен экспонаттар – оқушылардың еңбегі. Мектепте тірі табиғат бұрышының болуы оқушылардың зеректігін, мәдени және жабайы өсімдіктер мен жануарлардың айырмашылығын байқауға көмектеседі.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәжірибелік зерттеуде пайдаланылуы биоалуантүрлілік білімін дамытудың барлық сатыларында қолданылды.

Әдебиеттер

1. Внеклассная работа по ботанике / Уч. пособие / В помощь учителям и студентам. - Курск, 2016. - 78с.
2. Изучай и охраняй природу родного края // Полевая экологическая практика. Задание для учащихся по теме "Вода, водоём и человек". - М.: АПН, 2018.-С. 5-17.
3. Калинова Г.С., Аверина Н.М. Экологическое воспитание школьников при изучении разделов "Растения", "Бактерии", "Грибы", "Лишайники" в 6 классе // Биология в школе. - 2007. -№ 3. - С. 31 - 33.
4. Калинова Г.С., Аверина Н.М. Элементы экологического воспитания при обучении школьников ботанике в 5 классе // Биология в школе. - 2014. -№5.-С31.
5. Методика обучения ботанике / Под ред. Н.В. Падалко, В.Н. Фёдоровой. - М.: Просвещение, 2015. - 351 с.
6. Миркин Б.М., Наумова А.Г. Ролевые игры по экологии. Пособие для учителей. — М.: Устойчивый мир, 2000. – 210

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТАХМЕТОВА Адия Сайрановна, БАКТУБАЕВА Алия Сайрановна

Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Петропавл, Қазақстан
Takhmetova_a@ptr.nis.edu.kz , Baktubayeva_a@ptr.nis.edu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңа технологиялардың ерекшеліктері қарастырылған. Оқу жүйесіне осындай жаңашылдықтар енгізілуі ең қажетті және маңызды болып есептеледі. Инновациялық технологиялар арқылы білім алушылар сапалы, жан-жақты білім алады. Осындай жаңашыл технологиялар білім сапасын жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

